

|

**СОТ-МЕДИЦИНАЛЫҚ САРАПТАМАЛАРЫН
ТАҒАЙЫНДАУ БОЙЫНША
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНА АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

|

Астана
2016

ӘОЖ ҚБЖ

Әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот медицинасы орталығының сот-медициналық сарапшылары Р.К. Сатывалдеевпен, В.В. Васильчиковпен, К.Б. Иманалиевпен, Ж.Ж. Итбаевамен, Г.С. Жұматаевамен, Н.Е. Имамбаевамен, Ж.С. Дюсеновамен, А.А. Аханбековпен әзірленді.

Пікір жазушы: Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық жаратылыстану ғылымдарының академигі, ҚР Жоғары Соты жанындағы Ғылыми-консультативтік кеңесінің мүшесі, ҚР ПМ еңбек сіңірген қызметкері – И.Ш. Борчашвили

«ҚР ӘМ Сот медицинасы орталығы» РМҚК директоры, медицина ғылымдарының кандидаты А.А. Джардемөвтың реакциясымен берілген.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР ӘМ сот медицинасы орталығының әдістемелік кеңесімен қаралды және мақұлданды.

Әдістемелік ұсынымдар сот-медициналық сараптамалар тағайындаушы тергеу органдары жұмыскерлерінің тәжірибеде пайдалануына арналып ұсынылған анықтамалық-әдістемелік материалдарды құрайды.

**ӘОЖ
ҚБЖ**

ISBN

©

© Альманах – оформление, 2016

МАЗМҰНЫ

Сот-медициналық сараптамаларды тағайындау мәселелері бойынша құқық қорғау органдарына арналған ұсынымдар 5

1 ЖАЛПЫ БӨЛІМ

1 ТАРАУ Адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы қылмыстық істерді тергеу барысында арнайы білімді пайдалану.	5
2 ТАРАУ Сот медицинасы саласы мамандарының қатысуы мақсатты болып саналатын тергеу әрекеттері.....	6
3 ТАРАУ Сот-медициналық сараптама	9
4 ТАРАУ Сот-медициналық сараптамалардың процестік түрлері.....	10
5 ТАРАУ Сот сараптамасын міндетті түрде тағайындау.....	14
6 ТАРАУ Сот сараптамасын тағайындау және жүргізудің процестік тәртібі.....	14
7 ТАРАУ Сот (сот-медициналық) сараптаманы тағайындау туралы қаулының үлгілік құрылымы	17
8 ТАРАУ Қр-дағы сот-медициналық қызметтің құрылымы.	19
9 ТАРАУ Сот-медициналық сараптаманы жүргізудің нұсқаулы-әдістемелік қамтамасыз етілуі.....	20
10 ТАРАУ Сот-медициналық сараптаманың объектілері	20

II АРНАЙЫ БӨЛІК

I БӨЛІМ

Оқиға болған жерде адам мәйіті табылған түрлі жағдайларда сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар

1 ТАРАУ Оқиға болған жерді және адам мәйіті табылған жерді карап-тексеруді жүргізу бойынша ұсынымдар 23

2 ТАРАУ Мәйітті алғашқы тексеріп-қарағанда көзге көрінетін зақымдары болмаған жағдайда сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар:	29
3 ТАРАУ Нәрестенің мәйіті табылған жағдайда сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар.	34
4 ТАРАУ Мәйітті алғашқы тексеріп-қарағанда зорлап өлтірілгеніне күдіктенуге негіз болатын сыртқы зақымданудың белгілері болған жағдайда сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар:	36
5 ТАРАУ Физикалық факторлармен зақымданған жағдайда сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар. ...	56
6 ТАРАУ Өзгерген мәйіт табылған жағдайда сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар.	70

II БӨЛІМ

Түрлі тергеп-тексеру жағдайларында тірі адамдарға сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар

1 ТАРАУ Тірі адамдарға сот-медициналық сараптамаларды тағайындаудың жалпы ережелері.	76
2 ТАРАУ Ең жиі кездесетін себептер бойынша тірі адамдарға сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар. ..	78
3 ТАРАУ Даулы жыныстық жағдайларда сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар.....	83
4 ТАРАУ Жыныстық қылмыстар кезінде сот-медициналық сараптамалар тағайындау бойынша ұсынымдар.	87

III БӨЛІМ

Тергеу ісі материалдары бойынша сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар

1 ТАРАУ Тергеу ісі материалдары бойынша сот-медициналық сараптамалар.	91
2 ТАРАУ Медицина жұмыскерлерінің кәсіптік міндеттерін бұзу себептері бойынша қылмыстық істі тергеу кезінде сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар	92

IV БӨЛІМ

Заттай айғақтарға сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар

1 ТАРАУ Жалпы ережелер.....	95
2 ТАРАУ Заттай айғақтарға сот-биологиялық, молекулярлы-генетикалық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар	96
3 ТАРАУ Заттай айғақтарға химиялық-токсикологиялық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар.....	103
4 ТАРАУ Заттай айғақтарға сот-гистологиялық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар	107
5 ТАРАУ Заттай айғақтарға медициналық-криминалистік сараптамалар тағайындау бойынша ұсынымдар	109
ӘДЕБИЕТ	115

СОТ-МЕДИЦИНАЛЫҚ САРАПТАМАЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫМДАР

1 ЖАЛПЫ БӨЛІМ

1 ТАРАУ

Адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы қылмыстық істерді тергеу барысында арнайы білімді пайдалану

Адамдардың өміріне және денсаулығына қылмыстық қастандық жа-сауды тергеу тергеушіден тек қана құқық саласындағы білімін ғана емес, сонымен қатар басқа да ғылым, техника, өнер, қолөнер салаларындағы білімін талап ететін міндеттерді талап етеді. Арнаулы білімді сотқа дейінгі тергеп-тексеруде және істі соттың талқылауында пайдаланудың жалпы ережелері ҚР қылмыстық-процестік заңнамасында көрсетілген.

Қылмыстық-процестік мағынадағы арнаулы білім – бұл әдетте тергеп-тексеру субъектілерінде жоқ, қылмысты ашу және тергеп-тексеру үшін қажетті дәлелдемелік, жедел-ізвестіру және өзге ақпарат алу үшін пайдаланылатын және арнайы дайындық немесе кәсіптік тәжірибе нәтижесінде қол жеткізілген ғылым, техника, өнер және қолөнердегі білім жиынтығы.

Қылмыстық істерді тергеп-тексеру барысында арнаулы білім негізінен келесі процестік іс түрлерінде пайдаланылады: 1) тергеу әрекетіне маманды қатыстыру; 2) сот сараптамаларын тағайындау және жүргізу. Сот медицинасы саласының маманын тергеу әрекеттеріне, әсіресе кісі өлтіру, денсаулыққа зиян келтіру істеріне қатыстыру арнаулы білімді пайдаланудың аса маңызды түрі болып табылады.

Тергеу әрекетін жүргізу барысында маманды тарту мүмкіндігі ҚР ҚПК 80 б-да бекітілген. Бұл ретте, маман өзінің білімін, дағдысын,

техникалық құралдарды пайдалана отырып нәрселер мен құжаттарды табуға, қарап-тексеруге, бекітуге, алып қоюға жәрдем көрсетеді. Осылайша, тергеп-тексеру тиімділігі елеулі түрде артады. Кісі өлтіру бойынша алынған тиісті биологиялық текті заттай айғақтарды зерттеу жәбірленушінің өмірі үшін маңызды органдарының алған жарақаттарын анықтауға, жарақаттың пайда болу механизмін және болуы мүмкін қылмыс қаруын анықтауға мүмкіндік береді. Тергеп-тексеру барысында оны жүргізуші адамда алынған нәтижелерді шешу үшін арнайы зерттеулер және ғылыми түсініктемелерді қажет ететін көптеген сұрақтар туындайды.

Іс бойынша нақты маңызды деректердің бірқатары тек сот сараптамасын жүргізу нәтижесінде белгіленуі мүмкін. Қылмыстық істерді тергеп-тексеру барысында сот сараптамасын тағайындау және жүргізу ҚР ҚПК 270-287 баптарымен реттеледі.

Сараптама жүргізгеннен кейін сарапшымен (сарапшылармен) жасалған сарапшы қорытындысы заңмен көзделген дәлелдемелер түрінің бірі болып табылады (ҚР ҚПК 111, 116, 283 б.).

Осылайша, сараптама тағайындаушы тұлға процестік нысанда арнаулы білімді пайдалану қылмысты тергеп-тексерудің табысты өтуінің, кінәлі адамдарды және қылмыстың жекелеген элементтерін анықтаудың ажырамас бір бөлігі екенін білгені жөн.

2 ТАРАУ

Сот медицинасы саласы мамандарының қатысуы мақсатты болып саналатын тергеу әрекеттері

2.1 Оқиға орнын қарап-тексеру.

Қылмыс іздерін, өзге материалдық объектілерді, сондай-ақ іске қатысы бар маңызды жағдайларды анықтау мақсатында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы тұлға оқиға болған жерді, жайларды, нәрселерді, құжаттарды, тірі адамдарды, мәйіттерді, жануарларды қарап-тексеруді жүргізеді. Қарап-тексеруді жүргізуші тұлғаның нұсқауы осы тергеу әрекетінің барлық қатысушылары үшін міндетті болып табылады.

Аталған тергеу әрекеті (оқиға болған жерді қарап-тексеру, адам мәйітін қарап-тексеру, оқиға болған жерде табылған және алынған

заттай айғақтарды қарап-тексеру, алу, сақтауды жүргізудің жалпы ережелері) ҚР ҚПК 219, 220, 221, 222 баптарымен реттелген. Қарап-тексерудің, куәландырудың барысы мен нәтижесі тергеу әрекетін жүргізуші тұлғамен жасалатын хаттамада көрсетіледі (бұл ҚР ҚПК 199, 224 баптарымен реттелген).

2.2 Куәландыру.

Адам денесіндегі ерекше белгілерді, қылмыстың іздерін, денсаулыққа келтірілген зиянның белгілерін табу, мас күйінде болуы немесе іс үшін маңызы бар өзге де қасиеттер мен белгілерді анықтау үшін, егер бұл үшін сараптама жүргізу талап етілмесе, күдіктіге, жәбірленушіге, куәға, арыз иесіне және арыз иесі қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам ретінде тікелей көрсеткен адамға куәландыру жүргізілуі мүмкін. Бұл тергеу әрекеті ҚР ҚПК 223 б. реттелген.

2.3 Эксгумациялау.

1. Егер: 1) адамның мәйітін қарап-тексеру, оған қоса оны қосымша немесе қайталап қарап-тексеру; 2) тану үшін ұсыну; 3) сараптама үшін үлгілер алу және сараптама жүргізу; 4) іс үшін елеулі маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтау талап етілгенде, адамның мәйітін жерленген жерінен шығарып алу (эксгумациялау) жүргізіледі.

Бұл тергеу әрекеті ҚР ҚПК 225 б. реттелген.

Эксгумациялау, эксгумациялауды жүргізу, эксгумациялаудан кейін адамның мәйітін жерлеу туралы қаулыны санкциялау тәртібі ҚР ҚПК 226, 227, 228 баптарымен реттелген.

Эксгумациялау тергеу судьясы санкциялаған тергеушінің уәжді қаулысы бойынша жүргізіледі.

Ескерту: ҚР ҚПК 226 бабына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам сот алдында эксгумациялау жүргізу туралы өтінішхат қозғау туралы қаулы шығарады және оны прокурорға жібереді.

Эксгумациялау туралы қаулы қайтыс болған адамның туыстары және адам жерленген жердің (зират) әкімшілігі үшін міндетті болып табылады.

Тергеуші эксгумациялауды міндетті түрде сот медицинасы саласындағы маманның, криминалист маманның қатысуымен, ПМ жер-

гілікті бөлімшесінің қызметкерлерін тартумен, міндетті түрде қайтыс болған адамның туыстарының (егер олар бар болса), адам жерленген жердің (зират) әкімшілігі өкілдерінің қатысуымен жүргізеді. Осы тергеу әрекетін жүргізген кезде оның барысы мен нәтижелерін тіркеуде міндетті түрде ғылыми-техникалық құралдар қолданылады. Ғылыми-техникалық құралдар болмаған жағдайда немесе оларды қолдану мүмкін болмаса, тергеу әрекетіне куәгерлер тартылады. Қайтыс болған адамның туыстарының бұл тергеу әрекетін жүргізуден бас тартуы, оны жүзеге асыруға кедергі бола алмайды.

Адамның мәйітін тану мен қарап-тексеру, үлгілер алу эксгумациялау орнында жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда тергеу әрекетін жүргізуден алынған деректер, және олардың ретімен мәйітті эксгумациялаудың жалпы хаттамасына енгізіледі. Эксгумациялаудан кейін адамның мәйіті сот-медициналық және өзге де зерттеулер жүргізу үшін және қажетті биологиялық текті объектілерді (үлгілерді) алу үшін медициналық ұйымға (мәйітханаға) жеткізіледі.

Эксгумациялаудан және одан кейінгі процестік әрекеттерден кейін адамның мәйітін жерлеу ҚР ҚПК 228 б-ына сәйкес, оның қаулысы бойынша эксгумация жүргізілген адамның қатысуымен жерлеу орнының әкімшілігі жүргізеді.

2.4. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру процесінде сот-медициналық сарапшылары кейбір тергеу әрекеттеріне, мысалы, тергеп-тексеру және сараптама жүргізу процесі барысында алынған айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау үшін, және де жәбірленушінің өзі, куә, күдікті айтып көрсеткендей орын алған жағдайда жәбірленушінің жарақат алу мүмкіндігі туралы мәселелерді шешу үшін айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылауға (ҚР ҚПК 257 б.), сонымен қатар тергеу экспериментіне (ҚР ҚПК 258б.) қатысу үшін тартылуы мүмкін; сондай-ақ сарапшы салыстырмалы зерттеу үшін *үлгілер* алу (ҚР ҚПК 262-266 баптары) барысына қатысу үшін тартылуы да мүмкін. Жоғарыда көрсетілген барлық жағдайларда сот-медициналық сарапшысын сарапшы, не болмаса қорытынды беру үшін емес, сот медицинасы саласының маманы ретінде шақырылады. Одан әрі, көрсетілген тергеу әрекетіне маман ретінде қатысқан сот-медициналық сарапшы қорытынды беру үшін осы іс бойынша сарапшы болып тағайындалуы мүмкін.

3 ТАРАУ

Сот-медициналық сараптама

Іс үшін маңызы бар мән-жайлар сарапшының іс материалдарын және ұсынылған объектілерді арнайы ғылыми білімдер негізінде жүргізетін зерттеуінің нәтижесінде алынуы мүмкін жағдайларда сот сараптамасы (атап айтқанда, сот-медициналық) тағайындалады. Тағайындау міндеттілігі; сараптамаларды тағайындау тәртібі; сот сараптамасын жүргізу тапсырылуы мүмкін адам; сараптамаға қатысты адамдардың құқықтары; сараптамалардың объектілері және түрлері ҚР ҚПК 270-284, 287 баптарымен реттелген.

Сараптама тәжірибесі көрсеткендей, ең жиі кездесетін медициналық сот сараптамаларына мыналар жатады: нақты іс бойынша дәлелдеуге жататын жағдайларды анықтау мақсатында жүргізілетін **сот-медициналық және сот-психиатриялық сараптамалар – сот-медициналық** – «ҚР ӘМ Сот медицинасы орталығы» РМҚК деп аталатын, мемлекеттік сот-медициналық сараптау мекемелерінің аумақтық бөлімшелерінде (филиалдарында), сонымен қатар алынған лицензия негізінде сот-медициналық қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалармен жүргізіледі; **сот-психиатриялық** – психиатриялық бейіндегі тиісті медициналық мекемелерде жүргізіледі.

Сараптаманы тағайындайтын адам (тергеуші, анықтаушы, прокурор, судья), сот-медициналық сараптаманы тағайындаудың процесілік тәртібімен қатар төмендегілерден **хабары болуы керек**:

- Қазақстан Республикасындағы сот-медициналық қызметінің құрылымы мен ұйымдастырылуын;

- сот медицинасының барлық бөлімдері бойынша қазіргі заманғы ғылыми жетістіктерін;

- сот-медициналық сараптамасының объектілерін зерттеудің тәсілдері мен әдістерін, қылмыстық және азаматтық істерді тергеп-тексеру барысында туындайтын мәселелерді шешуде оларды қолдану мүмкіндіктерін, сондай-ақ осындай зерттеулерді жүзеге асыруы мүмкін қызметтің құрылымдық бөлімшелерін;

білуі керек:

- оқиға болған жерде немесе табылған жерде мәйітті қарап-тексерудің ережелері мен ерекшеліктерін;
- тірі адамдарды сот-медициналық куәландырудан өткізу тәртібі мен ерекшеліктерін;
- сот-медициналық сараптама жүргізудің құжаттамалық ресімделу тәртібі мен талаптарын;

істей білуі керек:

- биологиялық текті заттай айғақтарды одан әрі зерттеу үшін алуды, қаптауды және жолдауды.

Тәжірибе көрсеткендей, сараптама жүргізудегі өзіне байланысты барлық жағдайды жасауға, оларсыз сараптаманы жүргізу немесе қойылған сұрақтарға толық сипаттағы жауаптар алу мүмкін болмайтын барлық қажетті объектілерді ұсынуға ұмтылатын тергеуші ең табысты нәтижеге қол жеткізеді.

4 ТАРАУ

Сот-медициналық сараптамалардың процестік түрлері

Процестік заңнамада сот сараптамаларын келесі түрлерге бөледі: 1) бастапқы (бірінші рет тағайындалады және жүргізіледі); 2) қосымша (бастапқы сараптаманың қорытындысы жеткілікті түрде айқын немесе толық емес болғанда); 3) қайталама (сарапшының негізделген алдыңғы қорытындысы жеткіліксіз және сарапшы қорытындысының дұрыстығына күмән болғанда); 4) комиссиялық (комиссияда бір мамандықтағы сарапшылардың қатысуымен); 5) кешенді (комиссияда түрлі мамандықтағы сарапшылардың қатысуымен).

Алғашқы сараптама қосымша сараптамаға қарағанда негізгі, ал қайталама сараптамаға қарағанда – бастапқы, алдыңғы болып саналады. Бұл ұғымдардың («бастапқы сараптама», «қайталама сараптама») шартты мағынада берілетінін естен шығармау керек, өйткені қайталама сараптама есеп бойынша екінші ғана емес, кейінгі де болуы мүмкін, тиісінше оның алдында екінші және одан кейінгі сараптамалар да болуы мүмкін.

Қалыптасқан тәжірибе бойынша **бастапқы** сот-медициналық сараптамаларының (мысалы: мәйіттердің, тірі адамдардың, биологиялық

текті заттай айғақтардың) басым бөлігі бір ғана сот-медициналық сарапшысымен жүргізілуі мүмкін және осы белгісі бойынша **жеке-дара** сараптамалар деп аталуы мүмкін. Сот-медициналық сараптама жүргізуде екі немесе одан көп сот-медициналық сарапшылардың қатысуы сараптаманың **комиссиялық** түрін анықтайды. Әдетте, мұндай сараптамаларды іс материалдары бойынша комиссия құрамына штаттан тыс сот-медициналық сарапшыларды тартумен жиі жүргізеді. Егер комиссия құрамына басқа білім салаларынан (медициналық емес) сарапшылар тартылса, мұндай сараптама **кешенді** болып табылады. Жоғарыда көрсетілгендер ҚР ҚПК 281 – 282 баптарымен реттелген.

Комиссиялық, кешенді, қосымша және қайталама сот-медициналық сараптамаларын жүргізудің процестік тәртібі бастапқы (негізгі) сараптама жүргізудің тәртібімен бірдей.

Комиссиялық сот сараптамасы. Комиссиялық сот-медициналық сараптамасының негізгі белгісі оны жүргізуге бірнеше (екеуден кем емес) дәрігерлердің – сот-медициналық сарапшыларының және/немесе медицина басқа саласының дәрігер мамандарының қатысуы болып табылады. Комиссиялық сот сараптамасының екі түрі бар:

1) бір мамандықтағы сарапшылар жүргізетін сот сараптамасы, мысалы дәрігерлермен – сот-медициналық сарапшылармен және басқа мамандықтағы дәрігерлермен (маман дәрігерлер) жүргізіледі. Оларды және басқаларды процестік заңнама бір мамандыққа – ол медициналық, ал олардың білімдерін – арнаулы медициналық білімге жатқызады;

2) басқа білім, ғылым, техника және қолөнер салаларына жататын түрлі мамандықтағы сарапшылардың қатысуымен жүргізілетін сот сараптамасы. Мұндай сараптама кешенді деп аталады.

Сарапшының бірінші қорытындысы, оны тағайындаған органмен немесе тұлғамен алынып, баға берілгенде және оның нәтижесінде кейбір кемшіліктер және олқылықтар анықталған жағдайда, тек бастапқы сараптама жүргізілгеннен кейін ғана **қосымша және қайталама сот сараптамалары** тағайындалуы мүмкін.

Қосымша сот-медициналық сараптамасын тағайындауға алдыңғы берілген қорытынды жеткілікті түрде айқын немесе толық болмауы **негіз болып табылады.** Бұл сот-медициналық сарапшының тапсырма көлемін кеміту нәтижесінде, не болмаса істі жүргізу үшін маңызы бар сұрақтардың уақтылы сарапшыға берілмеуінің салдары болуы мүмкін.

Бұдан өзге, қосымша сот-медициналық сараптамасы жаңа мәселелер туындаған жағдайда тағайындалуы мүмкін.

Жеткіліксіз айқын деген сөздердің астарында сот отырысында сараптама жүргізген сарапшыдан жауап алу жолымен айқындау мүмкін болмайтын сот-медициналық сарапшысы қолданатын терминологияның мәні мен мағынасын, зерттеу әдісін, объектілерді зерттеу барысында табылған белгілердің мәні мен мағынасын, табылған белгілерді бағалау өлшемдерін анықтаудың мүмкін емес екенін ұғыну қажет.

Сот-медициналық сарапшысына берілген барлық сұрақтарға жауап болмаған жағдайда, қойылған сұрақтарды шешу үшін маңызы бар, бұрын белгілі болмаған жайттар ескерілмеген жағдайда, мұндай қорытынды **толық емес** болып саналады.

Қосымша сот-медициналық сараптамасының қайталама сараптамасынан негізгі айырмашылығы, оның барысында бұрын шешілмеген сұрақтар зерттеледі. Шешілген сұрақтар күмән туғызбайды, және сот-медициналық сарапшысы берген қорытынды қайта тексерілмейді. Сондықтан оны жүргізу бастапқы сот-медициналық сараптамасын жүргізген сарапшыға (сарапшыларға) тапсырылуы мүмкін. Егер ол сарапшы дәлелді себептер бойынша орнында болмаса, қосымша сот-медициналық сараптаманы жүргізу басқа сарапшыға (сарапшыларға) тапсырылады.

Қосымша сот-медициналық сараптаманың жаңа сараптамадан айырмашылығы, оның барысында қаралатын сұрақтар алдыңғы шешілген сұрақтармен байланысты болады және сот-медициналық сарапшысы қайта зерттеу жүргізбей-ақ алдыңғы жүргізілген сараптама қорытындыларын пайдалана алады. Осыған байланысты, мүмкіндігінше қосымша сот-медициналық сараптама жүргізуді нақ сол сарапшыға тапсырған орынды. Егер қайта тағайындалған сот-медициналық сараптамасының алдыңғысымен ешқандай байланысы болмаса, ол қосымша емес, жаңа, дербес сараптама болып саналады.

Егер берілген қорытындыға байланысты туындаған сұрақтар зерттеу жүргізуді қажет етпесе, олар сарапшыны жауапқа алу жолымен шешіледі.

Қайталама сот-медициналық сараптамасын тағайындауға сарапшының алдыңғы қорытындысының жеткілікті түрде дәйектелмегендігі, не болмаса оның қорытындысының күмән тудыруы немесе

сараптама тағайындауда және жүргізуде процестік нормалардың елеулі түрде бұзылғаны негіз болады. Қайталама сот-медициналық сараптама барысында бастапқы сараптамада зерттелген объектілер мен шешілген сұрақтар қайта қаралады.

Қайталама сараптама тағайындау туралы хаттамада алдыңғы сараптама қорытындысымен келіспеудің себептері көрсетілуі тиіс.

Егер сот-медициналық сарапшысының қорытындысы жүргізілген зерттеуден туындамаса, жеткілікті түрде дәйектелмесе, жүргізілген зерттеу толық болмаған жағдайда, сот-медициналық сарапшысының пайдаланған әдістемесі жеткілікті түрде сенімсіз болса, сарапшының қорытындысы іс бойынша жинақталған басқа дәлелдерге қайшылық тудырса, немесе қорытындымен процеске қатысушылардың бірінің негізделген келіспеушілігі болса, сарапшы қорытындысының негіздемесі күмән тудыруы мүмкін.

Бұдан өзге, егер сот сараптамасын тағайындау және жүргізу барысында сот талқылауына қатысушылардың сарапшы қорытындыларының мазмұнына ықпал еткен немесе ықпал етуі мүмкін процестік құқықтарын бұзу фактісі анықталған болса сот қайталама сараптама тағайындауға құқылы.

Қайталама сот-медициналық сараптаманы жүргізу сарапшылар комиссиясына тапсырылады. Алдыңғы сараптаманы жүргізген сарапшылар қайталама сараптама жүргізуге қатыса алады және комиссияға түсініктеме бере алады, бірақ олар сараптама зерттеуі мен қорытынды жасауға қатыспайды. Қайталама сараптама сарапшыларының қорытындысы сот-тергеу органдарымен бастапқы сараптама ережелері бойынша бағаланады, және олардың алдында қандай да бір артықшылықтары болмайды.

Сарапшылардың қорытындылары арасында қайшылықтар табылған жағдайда тергеу жұмыскері (немесе сот) бір-біріне қайшылық тудыратын қорытындылардың кез келгенін қабылдауға немесе қабылдамауға немесе тағы бір қайталама сот-медициналық сараптама-сын тағайындауға құқылы.

5 ТАРАУ

Сот сараптамасын міндетті түрде тағайындау

Егер іс бойынша: 1) өлімнің себептерін; 2) денсаулыққа келтірілген зиянның сипаты мен ауырлық дәрежесін; 3) іс үшін маңызды болып, бірақ жасы туралы құжаттар болмаған немесе күмән туғызған жағдайларда, күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің жасын; 4) күдіктінің, айыпталушының есінің дұрыстығы немесе қылмыстық процесте өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін өзі қорғау қабілеті күмән туғызғанда, олардың психикалық немесе физикалық жай-күйін; 5) жәбірленушінің, куәнің іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс қабылдау және олар туралы айғақтар беру қабілеті күмән туғызған жағдайларда, олардың психикалық немесе физикалық жай-күйін; 6) істің басқа дәлелдемелерімен анық белгіленбейтін өзге мән-жайларын анықтау қажет болғанда, **сот сараптамасын тағайындау және жүргізу міндетті** (ҚР ҚПК 271 б.).

2. Егер жаза көзделген қылмысты жасады деп күдік келтірілетін, айыпталатын адамның психикалық жай-күйіне күмән туындаса, сот-психиатриялық сараптаманы тағайындау мен жүргізу міндетті.

6 ТАРАУ

Сот сараптамасын тағайындау және жүргізудің процестік тәртібі

Қылмыстық және азаматтық, әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша сот сараптамасын тағайындау және жүргізудің процестік тәртібі (атап айтқанда, сот-медициналық сараптаманы) ҚР ҚПК, ҚР АПК және ҚР ӘҚБК тиісті баптарына сәйкес анықталады. Олардағы барлық нормалар мағынасы жағынан бір-біріне жақын және сот-медициналық қызмет субъектілерінің арасында бірдей құқық қатынастарын белгілейді, негізгі процестік құжаттардың мазмұнын біркелкі реттейді.

Қылмыстық іс бойынша сот-медициналық сараптамасы басқаларға қарағанда жиірек жүргізілетін болғандықтан, бұдан әрі осы әдістемелік нұсқаулықта авторлар негізінен ҚР ҚПК тиісті баптарына сүйенген.

ҚР Қылмыстық-процестік заңнамасы, ҚР ҚПК 270-287 баптарына сәйкес сот сараптамасын (атап айтқанда, сот-медициналық сарапта-

маны) тағайындау және жүргізудің процесілік тәртібінің жиынтығын құрайтын тергеушінің (анықтаушының), судьяның, прокурордың, сараптау мекемесінің басшысының, сарапшының және өзге де қылмыстық процеске қатысушылардың бірқатарының шарттары, әрекеттері және шешімдерінің толық жүйесін қарастырады:

- сот-медициналық сараптамасын тағайындау және жүргізумен байланысты дайындық шараларын қабылдау;

- сот-медициналық сараптаманы тағайындау туралы хаттама (ұйғарым) шығару;

- сот-медициналық сараптаманы тағайындау туралы қаулымен қылмыстық процеске тиісті қатысушыларын таныстыру, ҚР ҚПК көзделген олардың сараптама тағайындау және жүргізу кезіндегі құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;

- сот-медициналық сараптама мәніне жататын қылмыстық іс материалдарын, сараптамалық зерттеу объектілерін сот-медициналық сараптамасына жолдау;

- сарапшыға оның ҚР ҚПК 79 б. көзделген құқықтары мен міндеттерін түсіндіру және оған (егер тартылған сарапшы сот сараптама органының қызметкері болмаса) ҚР ҚПК 420 б. сәйкес сот-медициналық сараптаманы жүргізу барысында жалған қорытынды берудің қылмыстық жауапкершілігі туралы ескерту.

- сот-медициналық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу;

- сарапшыдан жауап алу;

- бастапқы, қосымша немесе қайталама сот-медициналық сараптамаларын тағайындау және жүргізу;

- процеске тиісті қатысушыларды сарапшының қорытындысымен таныстыру (қорытынды берудің мүмкін емес екендігін хабарлау және сарапшыдан жауап алу хаттамасымен таныстыру);

- сараптамаға байланысты процеске қатысушылардың өтініш хаттарын қарау және шешу.

Процестік шарттарды (сот-медициналық сараптаманы тағайындау және жүргізу тәртібін) орындамау қылмыстық-процестік заңды бұзғандығын айғақтайды, бұл өз кезегінде ҚР ҚПК 112 б. сәйкес рұқсат етілмеуіне байланысты сарапшы қорытындысын сот айғақтары ішінен алып тастау туралы соттың шешім қабылдауына негіз болады.

Заңменен сараптама тағайындаудың нақты негіздемелері анықталмаған, тек жалпы негіздемелер (арнаулы білімді пайдалану қажеттілігі) көзделген. Сонымен бірге қосымша және комиссиялық сараптамаларды тағайындаудың негіздемелері өте нақты көрсетілген. Қосымша сараптаманы тағайындаудың нақты негіздемелері қорытындының жеткілікті түрде айқын және толық еместігі, ал қайталама сараптаманың негіздемесі – қорытындының негізсіздігі және оның дұрыстығына күмән болуы.

Жоғарыда аталғандай, сот сараптамасы тек нақты және құқықтық негіздер болған жағдайда ғана жүргізіледі.

Сараптаманы жүргізудің **нақты негізі** арнаулы білімді талап ететін сұрақтарды шешу қажеттілігі болып табылады.

Сараптаманы жүргізудің **құқықтық негізі** сараптаманы тағайындау туралы құзыретті органның немесе тұлғаның қаулысы болып табылады.

Сараптаманы тағайындаудың негіздерінен басқа сараптама тағайындаудың себептері де болады: 1) тергеушінің (соттың) қалауы; 2) процеске қатысушылардан өтініш хаттардың болуы; 3) прокурордың (немесе екінші сатыдағы соттың) сараптаманы тағайындаудың қажеттілігі туралы нұсқауы; 4) заңмен (қылмыстық процессте) немесе шартпен (азаматтық процессте) көзделген міндетті шарттар. Жоғарыда көрсетілген себептердің әрбірі іс материалдарында себепті қанағаттандыру, не болмаса қанағаттандырмау туралы қаулы шығара отырып қылмыс фактісін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуші және сот-медициналық сараптаманы тағайындаушы тұлғамен қаралуы тиіс.

Сот-медициналық сараптаманы тағайындаудың негізі іс үшін маңызы бар жағдайларды анықтау үшін медицина саласындағы арнаулы білімнің сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарына немесе сотқа қажеттілігі болып табылады.

Сот-медициналық сараптаманы тағайындау сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуші тұлғаның, соттың сот сараптамасын медициналық білімді талап ететін сұрақтарын шешудің нысаны ретінде таңдауының процесстік әрекеті болып табылады. Сараптаманы тағайындау сараптамалық зерттеуге тиісті нысандар көрсетілген, сұрақтар құрастырылып және сараптаманы жүргізу (сараптау мекемесі немесе нақты тұлғаға) кімге тапсырылатыны көрсетілген қаулыны шығару жолымен жүзеге асырылады. Қаулы сараптаманы жүргізуге негіз болады.

Сараптаманы сараптамалық зерттеу жүргізу үшін қажетті және жеткілікті материалдар (объектілер) жиналғанға дейін тағайындамау керек, өйткені сарапшының сараптама жүргізу үшін қажетті материалдарды (медициналық карталар, олардан үзінділер, бұрын жасалған рентгенограммалар және т.б.) өздігінше жинауға құқығы жоқ.

Осылайша, **сот-медициналық сараптаманы тағайындау үшін** алдын-ала тергеп-тексеруді жүргізуші органға немесе сотқа медициналық білімнің қажеттілігі **негіз** болса, **сот-медициналық сараптаманы жүргізудің негізі** оны тағайындау туралы қаулы болып табылады.

Сот сараптамасын тағайындаудың қажеттілігін мойындаған соң тергеуші (анықтаушы) бұл туралы **қаулы** шығарады.

Егер сот-медициналық сараптаманы жүргізуді сараптау мекемесінің қызметкері болып табылмайтын нақты сарапшыға тапсыру ұйғарылса, онда тергеуші (анықтаушы) алдын ала мұндай сарапшының жеке басын, құзыреттілігін, оның айыпталушымен (күдіктімен), жәбірленушімен, сонымен қатар қылмыстық процеске басқа да қатысушылармен қарым-қатынасын анықтауы және сарапшыға қарсылық білдіру негіздерінің бар жоғын анықтауы қажет. Сарапшының құзыретті еместігі; істің нәтижесіне деген жеке мүдделілігі; істің нәтижесіне мүдделі адамға қызмет бабымен немесе өзге тәуелділігі (ҚР ҚПК 93, 277 баптары) қарсылық білдіруге негіз болып табылады. Бұрын маман ретінде іске қатысқаны қарсылық білдіруге негіз бола алмайды.

7 ТАРАУ

Сот (сот-медициналық) сараптаманы тағайындау туралы қаулының үлгілік құрылымы

Сот-медициналық сараптаманы тағайындау туралы қаулы үш бөліктен тұрады: кіріспе, сипаттау-уәждеу және қарар.

Кіріспе бөлігінде қаулының шығарылған уақыты мен орны, тергеушінің немесе анықтаушының лауазымы, атағы немесе сыныптық шені, сараптама тағайындау туралы шешім қабылданған қылмыстық істің нөмірі және атауы көрсетіледі. Құжаттың атауында сараптаманың түрі (қосымша, қайталама, комиссиялық, кешенді) көрсетілуі мүмкін.

Сипаттау-уәждеу бөлігінде сараптаманы тағайындау негізі көрсетіледі, яғни істің мәні және қандай жағдайларды және қандай сұрақтарды шешу үшін нақты қандай арнаулы білім талап етілетіні көрсетіледі, ҚР ҚПК 270, 272, 273, 79, 198, 276, 277, 287 баптарына сілтеме беріледі. Тағайындалған сараптама бастапқы, қосымша немесе қайталама болса, олар дәйектелу керек. Қайталама сараптаманы тағайындаған кезде міндетті түрде алдыңғы сараптама нәтижелерімен тергеп-тексеру органының келіспеу себептері келтірілуі тиіс.

Қарар бөлігінде сараптама түрін көрсетіп оны тағайындау туралы шешім көрсетіледі, сараптау мекемесінің атауы немесе сараптама жүргізу тапсырылған сарапшының тегі, аты және әкесінің аты келтіріледі. Егер сот-медициналық сараптама нақты бір сарапшыға тапсырылса, онда оның мамандығы, жұмыс орны, мамандығы бойынша жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесі көрсетіледі.

Осы бөлігінде сарапшының алдына қойылған сұрақтар келтіріледі. Олардың жиынтығы сараптамалық тапсырманы құрайды.

Сондай-ақ қаулының қарар бөлігінде қылмыстық істің материалдары, сараптамаға жіберілетін объектілер және олардың шығу тегі туралы ақпарат, сондай-ақ зерттеу барысында көрсетілген объектілерді ықтимал толық немесе ішінара жоюға, олардың сыртқы түрін немесе негізгі қасиеттерін өзгертуге рұқсат; сот сараптамасы органының атауы және (немесе) сот сараптамасын жүргізу тапсырылған адамның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Мұндай тұжырымдама сарапшыға тергеушінің жинаған және ұсынған материалдармен жұмыс істеуін тапсырады. Сарапшы сараптамалық зерттеу үшін өздігінен материал жинауға құқылы емес. Ол тек сараптама тағайындаған адамнан оған қосымша материалдарды беруін өтіне алады.

Қылмыстық процесті жүргізетін органның, тергеу судьясының сараптама тағайындау туралы қаулысы ол жіберілген және бұл өздерінің құзыретіне кіретін органдардың немесе адамдардың орындауы үшін міндетті.

8 ТАРАУ

ҚР-дағы сот-медициналық қызметтің құрылымы

Қазақстан Республикасының аумағындағы сот-медициналық қызмет ҚР Конституциясын, ҚК, ҚПК, АҚК ережелерін, «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 20 қаңтардағы № 240-IV Заңын, Сот-медициналық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты бұлжытпай орындай отыра жүзеге асырылады.

Сот медицинасы саласындағы мемлекеттік орган «ҚР Әділет министрлігінің Сот медицинасы орталығы» РМҚК (бұдан әрі – Орталық) болып табылады.

Қазіргі уақытта Орталықтың аумақтық бөлімшелері (филиалдары) бар: Астана (Астана қ.); Көкшетау (Көкшетау қ.); Алматы (Алматы қ.); Ақтөбе (Ақтөбе қ.); Атырау (Атырау қ.); Шығыс Қазақстан (Өскемен қ.); Жамбыл (Тараз қ.); Жезқазған (Жезқазған қ.); Батыс Қазақстан (Орал қ.); Қарағанды (Қарағанды қ.); Қостанай (Қостанай қ.); Қызылорда (Қызылорда қ.); Маңғыстау (Ақтау қ.); Павлодар (Павлодар қ.); Солтүстік Қазақстан (Петропавл қ.); Семей (Семей қ.); Оңтүстік Қазақстан (Шымкент қ.); Талдықорған (Талдықорған қ.).

Орталықтың жоғарыда көрсетілген әрбір филиалында сараптамаларды тағайындаушы тұлғалардың қаулылары бойынша мәйіттерге, тірі адамдарға, заттай айғақтарға сот-медициналық сараптамалар, іс материалдары бойынша сараптамалар жүргізілетін мәйіттерге және тірі адамдарға сараптамалар жүргізу бойынша жалпы сараптамалық, күрделі сараптамалар бойынша бөлімшелері, зертханалық бөлімшелері (сот-биологиялық, химиялық-токсикологиялық, сот-гистологиялық, медициналық-криминалистік) бар.

Сот-медициналық сараптама мемлекеттік емес сот-сараптамалық мекемелерінде – шарт негізінде заңды және жеке тұлғалардың тапсырысы бойынша сараптамалар жүргізілуі мүмкін. Тергеушілер мен соттардың мемлекеттік емес сот-сараптамалық мекемелеріне жүгінулері тәжірибеде бар. Оларға процеске қатысушылар да жиі жүгінеді (негізінен мемлекеттік сот-медициналық сараптама мекемелерінде жүргізілген сараптама қорытындыларын даулау үшін).

9 ТАРАУ

Сот-медициналық сараптаманы жүргізудің нұсқаулы-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Қазақстан Республикасының барлық аумағында сот-медициналық сараптама жүргізудегі бірлік пен сабақтастық:

1. «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 20 қаңтардағы № 240-IV Заңымен;

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот-медициналық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулығымен қамтамасыз етіледі.

10 ТАРАУ

Сот-медициналық сараптаманың объектілері

Сот-медициналық сараптаманы тағайындаушы адам сот-медициналық сараптаманың объектілері: өлі денелер (мәйіттер); тірі адамдар (жәбірленушілер, айыпталушылар және басқа тұлғалар); заттай айғақтар (биологиялық тектегі – қан, шәует іздері, шаштар, адамның бөлінділері және басқалары; биологиялық емес тектегі – жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірген немесе өлтірген нәрселер, заттар, қару, құралдар, сонымен қатар биологиялық тектегі іздерді сақтап қалған зақымданулар мен бөлінділер); тергеу және сот істері материалдары (оның ішінде медициналық құжаттар) болып саналатынын білуі тиіс.

Жоғарыда көрсетілген әрбір объектіге сараптама жүргізу үшін өз себептері бар:

1) Мәйітке сот-медициналық сараптама жасаудың себебі мәйітті табылған жерінде қарап-тексеру жүргізгеннен кейін зорлықпен өлтірілгендігіне күдіктену болып табылады. Мәйітке сараптама жүргізу нәтижесінде табылған зақымданулар мен өзгерістердің сипаты мен механизмдері, мұндай өзгерістер мен өлім арасындағы себепті – тергеу байланысы, сонымен қатар табылған өзгерістердің зорлық әрекетінің нәтижесі немесе қайтыс болған адамның тірі күніндегі ауырған ауруының

құбылысы болып табылатындығы туралы сарапшының қорытындысы жасалады.

Нәресте мәйітіне сот-медициналық сараптама жасаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл баланың тірі немесе өлі туылуын анықтау; нәрестенің зорлықпен өлтірілгендігінің, не болмаса оның туа біткен өмірімен сыйыспайтын ішкі органдары құрылысының кемшілігі болғандығының белгілерін анықтау.

2) Тірі адамдарға (жәбірленушілер, айыпталушылар және басқа тұлғалар) сот-медициналық сараптама жүргізуге себеп: өміріне қауіп төндірмейтін айқындалған зақымданулар; жасанды немесе жалған аурулар; жыныстық қылмыстар; жасын, жынысын, жүктілігін, бұрынғы босану фактісін, түсіктерін, жеке басын анықтау және медициналық құжаттардың материалдары бойынша денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлығын анықтау болып табылады.

3) Заттай айғақтарға сот-медициналық сараптаманы жүргізу үшін тірі адамдарға (жәбірленушілер, айыпталушылар және басқа тұлғалар) сот-медициналық сараптама жүргізу барысында алынған фактілерді бағалау үшін тергеуші ұсынған биологиялық объектілерді (қан, сілекей, шаш, шәует, тер, сүйек қалдықтары және т.б.), киімдерді, зақымдаушы нәрселерді және басқаларын зерттеу үшін түрлі зертханалық әдістерді қолдану қажеттілігі себеп болып табылады. Заттай айғақтарға жасалған сараптама қорытындысын осы факт бойынша мәйіттерге және тірі адамдарға жүргізілген сараптама қорытындысымен салыстырады. Не бұл қорытындылар толықтырылады, не болмаса, егер олар мәйіттер мен тірі адамдарды зерттеу қорытындыларымен сәйкес келмесе, онда бұл жағдайда қосымша сот-медициналық талдау талап етіледі.

4) Тергеу және сот істерінің материалдары бойынша сот-медициналық сараптама бастапқы жүргізілген тергеу немесе сот-медициналық әрекеттердің ескілігінің нәтижесінде сот-медициналық зерттеу объектісі болмаған жағдайда, бірақ кезінде алынған бағаның объективтілігі мен дұрыстығына күмән келтірілген жағдайда жүргізіледі. Мысалы: өлікті өртеу нәтижесінде мәйітті қайта зерттеу, немесе тірі адамдарда зақымдану уақытының ұзақтығына байланысты соққылардың іздері қалмауына байланысты мүмкін болмаған жағдайда жүргізіледі. Бұл жағдайда қорытынды тек қана медициналық және сот-тергеу құжаттарының деректеріне негізделеді.

Медицина қызметкерлерін жауапкершілікке тарту туралы істердің сот-медициналық сараптамасы үшін медициналық көмекті дұрыс ұйымдастырғандығына, дәрігерлік әрекеттерінің нәтижесінде аурудың өміріне қауіп төніп, дене мүшесін қисынсыз жоғалтып немесе ағза қызметінде едәуір өзгерістер болса, сонымен қатар оның өліміне әкеп соқтырса, олардың негізділігіне және дұрыстығына күмін келтіру себеп болып табылады. Мұндай сараптаманы жүргізу үшін сот-медициналық сарапшылар комиссиясы тағайындалады.

Жоғарыда көрсетілген себептер сот-медициналық сараптамалары қылмыстық процесті жүргізуші органдардың болмаса соттардың қа-улысы негізінде жүргізіледі. Қорытынды жасау үшін қажет болғандықтан ҚПК сәйкес сарапшыға істің мән-жайымен танысу құқығы беріледі. Егер сарапшы өзіне берілген материалдар жеткіліксіз деп тапса, ол қорытынды берудің мүмкін еместігін мәлімдейді де сараптаманы жүргізуге және қорытынды жасауға қандай материалдар, құжаттар, қосымша зерттеулер қажет екенін көрсетеді. Егер қосымша материалдар берілмесе, сарапшы сараптама тағайындаған тұлғаның атына қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы дәйекті хабарлама жасайды.

Сараптамаларды жүргізу мерзімдері олардың түріне, санына және сараптамалық шешуді қажет ететін сұрақтардың мәніне, сипатына және сараптамалық зерттеулер технологиясының қажетті ұзақтылығына қарай анықталады және қажетті барлық материалдар мен объектілерді алған сәттен бастап есептеледі.

Осыған байланысты, нақты тағайындалған сараптаманы жүргізу мерзімдері жаңа ҚПК талаптарын ескере отырып, қылмыстық процесті жүргізуші органның (тұлғаның) келісімімен сот-медициналық сараптама мекемесімен анықталады.

Жоғарыда көрсетілген объектілерді (мәйіттерді, тірі адамдарды, заттай айғақтарды, іс материалдарын) зерттеу үшін оқиғаның жекелеген түрлері барысында сот-медициналық сараптаманы тағайындау тәсілі туралы осы әдістемелік нұсқаулықтың арнайы бөлігінде мазмұндалған.

II АРНАЙЫ БӨЛІК

Осы әдістемелік нұсқаулықтың бұл бөлігінде азаматтардың өлімі мен денсаулығына қарсы әртүрлі қылмыстар түрін сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында сот-медициналық сараптаманы тағайындау тәсілдерінің ғылыми негізделген үлгілері беріледі.

Жоғарыда көрсетілген қылмыстар түрін тергеп-тексерудегі тергеу әрекеттерінің нәтижесі болып табылған және ұсынылған объектілерге, сондай-ақ іс материалдарына сот сараптамасын (оның ішінде сот-медициналық) тағайындау болып табылады.

I БӨЛІМ

Оқиға болған жерде адам мәйіті табылған түрлі жағдайларда сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар

1 ТАРАУ

Оқиға болған жерді және адам мәйіті табылған жерді қарап-тексеруді жүргізу бойынша ұсынымдар

Егер қандай да бір жердің бөлігінде немесе үй-жайда адам мәйіті табылса, бұл жағдайда оқиға болған жерді және мәйітті табылған жерінде қарап-тексеру аса маңызды.

Оқиға болған жер – бұл қылмыстық маңызды оқиға болған, тергеудің қарап-терксеруін қажет ететін жергілікті жердің бөлігі немесе үй-жай.

Оқиға болған жерді және мәйітті табылған жерінде қарап-тексеру оқиғаның мән-жайын зерттеуге; болған оқиғаның сипатын анықтау мақсатында түрлі іздер және басқа заттай айғақтарды табуға, тіркеуге; қылмыскердің жеке басын, жасалған қылмыстың себебін, сондай-ақ іс үшін маңызы бар басқа да мән-жайды анықтауға бағытталған кезек күттірмейтін тергеу әрекеті болып табылады.

ҚР ҚПК 219-222, 199, 224 баптарына сәйкес қарап-тексеруді тергеуші ұйымдастырады және жүргізеді, сондықтан қарап-тексеруге басқа қатысушылар оның нұсқауы мен рұқсаты бойынша әрекет етеді.

Мәйіт табылған оқиға болған жерді қарап-тексеруге қатысу үшін сот медицинасы саласындағы – сот-медициналық сарапшыны маман ретінде шақыру қажет. Оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда қарап-тексеруге басқа дәрігерлер тартылуы мүмкін. Қарап-тексеруге қатысушы барлық тұлғалар кейіннен хаттамаға енгізу үшін іздер мен объектілердің егжей-тегжейлі сипатына дейін оқиға болған жердегі жағдайды сақтау үшін шаралар қабылдайды.

Қарап-тексерудің екі сатысы бар: статикалық және динамикалық. Статикалық саты дегеніміз оқиға болған жерді оның бастапқы қалпын бұзбай зерттеу және сипаттау. Бұл ретте мәйіттің, басқа табылған нәрселер мен объектілердің дәл орналасқан жері, олардың өзара қалай орналасқандығы көрсетіледі. *Динамикалық сатыда* бастапқы орналасқан жері мен қалпы өзгерген нәрселер мен объектілерді (мәйіттің кейпі, нәрселердің, заттай айғақтардың және басқа заттардың) орналасуы зерттеледі. Бұл ретте табылған нәрселердің сипаты, егжей-тегжейлі фото- және видеотаспаға түсіру және сызба бейнелерін жасау жүргізіледі.

Қарап-тексерудің келесі түрлерін ажыратады.

1. **Концентрлі (шоғырландырма)** – шеткі аумақтардан шартты орталыққа қарай жүргізіледі. Қылмысқа байланысты орталық деп қылмыс жасалған орынды атайды, яғни қылмыскердің әрекеттері жасалған барлық объектілер (мәйіт, ұрлық болған жағдайда пәтердің бұзылған есігі, өрт орны және өзгелері).

2. **Эксцентрлі** – шартты орталықтан шеткі аумақтарға қарай жүргізіледі.

3. **Квадрат бойынша** – егер аумақ үлкен болса, оны ретімен қарап-тексеру үшін табиғи шекаралары (сай, жолдар және басқалары) бойынша бөліктерге бөледі, мұндай шекаралар болмаған жағдайда, оны шартты түрде жекелеген тікбұрыштарға, квадраттарға және басқаша бөледі.

Қарап-тексерудің түрін таңдау туралы шешімді оқиғаның нақты мән-жайына қарай тергеуші қабылдайды.

Оқиға болған жерді қарап-тексерудің негізгі процестік құжаты, дәлел маңызы бар және қарап-тексеру барысында тергеушінің аты-

нан жасалатын хаттама болып саналады. Хаттама ҚР ҚПК 199, 220, 224 баптарының талаптарына сәйкес жасалады. Хаттамада барлық әрекеттер және қарап-тексеру барысында табылғандар қарап-тексерудің жүргізілген реттілігімен сипатталады. Хаттамада қарап-тексеру қай уақытта, ауа райының қандай болғаны және қандай жарық түсіп тұрғаны, қандай техникалық құралдар қолданылғаны және қандай нәтиже алынғаны, қандай нәрселер алынып, мөрленгені, қандай мөр қойылғаны, іс үшін маңызы бар мәйіт пен нәрселер қайда жіберілгендігі көрсетіледі.

Хаттамаға енген деректер қажет болған жағдайда оқиға болған жерге қайта құруды жүзеге асыру мүмкіндігін жасайтындай мазмұндалуы тиіс. Хаттама жасалып болған соң дауыстап оқылады және қарап-тексеруге барлық қатысушылар қол қояды.

Тергеуші мәйіт табылған жердегі сот медицинасы саласы маманының міндеттеріне мыналар жататынын білуі тиіс:

1. Қайтыс болу уақыты мен фактісін жорамалдауға мүмкіндік беретін белгілерді анықтау.

2. Мәйітті сырттай қарап-тексеру және кейіннен сот-медициналық сараптама жүргізу сұрақтары бойынша тергеушіге кеңес беру.

3. Қанға ұқсас іздер, шәует немесе адамның басқа да бөлінділерін, шаштарын, әртүрлі заттарды, нәрселерді, қаруларды және басқа да объектілерді тауып алуда тергеушіге көмек көрсету;

4. Мәйітті және басқа биологиялық тектегі объектілерді қарап-тексерудің нәтижелерін сипаттауға, оқиға болған жерді қарап-тексерудің хаттамасын жасауға көмектесу.

5. Тергеушіге (ауызша түрде) табылған зақымданулардың сипаты, жаракатты түсірген болжамды қару мен өлімнің себебі туралы алдын ала өзінің ойын айту.

6. Тергеушіге сот-медициналық сарапшылардың шешуін қажет ететін сұрақтарды қалыптастыруға көмектесу.

Заң және сот-медициналық әдебиеттерінің, жалпыға бірдей қабылданған тергеу және сот-медициналық тәжірибелерінің деректеріне сәйкес мәйітті оның табылған жерінде, алынған нәтижелерді көрсете отырып, келесі реттілікпен қарап-тексеруді жүргізуге кеңес беріледі:

1. **Мәйіттің орналасқан жері және қалпы.** Жердің дәл атауы және мәйіт орналасқан оның бөлігі көрсетіледі. Мәйіттің оны қоршаған

нәрселерге қатысты жатқан күйі анықталады, бұл ретте жақын арада өзінің орналасқан жерін өзгертпейтін бағдарлар таңдалады. Мәйіттің қалпын белгілегенде оның дене бөлшектерінен қозғалмайтын бағдарларға дейінгі ара қашықтығын міндетті түрде өлшеу керек. Мәйіттің қалпы деп оның дене бөлшектерінің бір біріне қарасты өзара орналасуын түсіну керек. Мәйіттің жатқан күйі және қалпын сипаттау аумақты және түйінді фототаспаға түсірумен толықтырылады.

2. Мәйіттің үстіндегі және тікелей оның жанындағы заттар. Мәйіттің үстінде жатқан немесе оған жанасқан заттар ғана зерттеледі және сипатталады. Бірінші кезекте жарақат түсірген қаруларға көңіл аударылады, оларды мәйіттен алып тастауға тыйым салынады. Сипаттаған кезде табылған заттың нақты атауын, мәйітке қатысты оның орналасуы, затта қандай да бір ластанудың бар болуы көрсетіледі. Биологиялық тектегі іздер (қан және басқалары) табылған жағдайда олардың мәйіттің бөлшектеріне қатысты орналасуы, түсі, пішіні, көлемі анықталады.

3. Мәйіттің киімі мен аяқ киімі жынысы бойынша (ер, әйел, бала), маусым бойынша (жазғы, қысқы, маусымдық), мақсатына сай (тұрмыстық, нысанды, спорттық, кешкі, арнайы) **жіктеледі**. Киім мен аяқ киімді сипаттау қарап-тексерудің статикалық сатысы барысында жүргізіледі, қарап-тексерудің динамикалық сатысы процесінде бұзылуы мүмкін ерекшеліктерге айрықша мән беріледі. Киімінің жыл мерзіміне немесе қоршаған ортаға сәйкес келу-келмеуі, мәйіттің үстіндегі киімінің жекелеген бөліктерінің орналасуы анықталады. Киімді сипаттағанда көрсетілетіндер: киімінің атауы, түрі, түсі және матасының суреті, тозу дәрежесі, киімнен шығатын иіс, ілмектерінің қалпы, ластануы және зақымдалуы, фабрикалық белгілері және түрлі таңбалары, аяқ киім табанындағы болжамды сүйрелген іздер. Мәйіттің киімін аса қажет болған жағдайда ғана шешеді.

4. Мәйіт туралы жалпы мәліметтер. Жынысы, шамамен жасы, денесінің ұзындығы, дене бітімі, толықтығы, терісінің түсі, көзге түсер белгілер және ерекше нышандар көрсетіледі.

5. Мәйіттік өзгерістердің бар болуы және айқындылығы. Қарап-тексеру хаттамасында мәйіттік өзгерістерді сипаттау міндетті түрде оларды белгілеу уақытын (сағаты және минуты) және қоршаған ортадағы ауа температурасын көрсетуден басталады. Хаттамада мәйіттің сууының,

мәйіт дақтары мен сіресуінің таралу және айқындық дәрежесі, мәйіттің кеуіп кету немесе шіру белгілері, мәйіттің энтомофаунаының (мәйітке жәндіктер түсіп, шіру) бар-жоқтығы көрсетіледі.

6. Тіндердің «тірі болу» белгілері (суправитальді реакция). Тіндердің «тірі болу» құбылысын мына реакциялар бойынша анықтайды:

- қаңқа бұлшық еттерінің механикалық (Чако нышаны, идио-мускулярылы ісікті болдыру) немесе электрлік тітіркендіруге реакциясы;
- бет бұлшық етінің электр тоғына реакциясы;
- көз қарашығының электр тоғына немесе көздің алдыңғы камерасына пилокарпин немесе атропин 1% ерітіндісінің 0,1 мл екендегі реакциясы.

Жоғарыда көрсетілген белгілерді сот медицинасы саласындағы мамандар қажетті жабдық бар болғанда ғана анықтауы мүмкін.

7. Мәйіттің дене бөліктерінің ерекшеліктері және олардың зақымдануы. Хаттамаға бет, мойын, кеуде, іш, арқа, сыртқы жыныс мүшелері және аяқ-қолдарының ерекшеліктерін сипаттайтын мәліметтер енгізіледі. Мәйіттің зақымдалған жерлері, жалпы қабылданған сызбаға сәйкес, сол дене бөліктерін қарап-тексерудің барысында сипатталады. Оларды қарап-тексеру барысында мәйітті сот-медициналық зерттеу кезінде қолданатын нақты бір реттілік сақталуы керек, атап айтқанда – төмендемелі тәртіпте, басынан бастап аяқтарынан аяқтайды. Бұл кезеңде тексеріп-қарау кезінде оны сүңгілеуге және басқа да зақымның алғашқы түрі немесе қасиеттерін өзгеріске ұшырататын әрекеттер жасауға, теріні немесе ондағы іздерді сумен жууға, одан бөтен заттарды, нәрселерді және қаруларды алып тастауға тыйым салынады. Зақымдану бөлігіндегі бос жатқан бөтен заттар ғана тергеушіге беру үшін алынады.

8. Мәйіттің төсегі. Мәйіт табылған төсектің үстінің ерекшеліктері анықталады, мәйіттің төсегінің маңайында мәйіт денесінің іздері, ластануы және мәйіттің астында қандай да бір заттардың (түктердің) бары, түрі сипатталады.

Табылған жерінде мәйітті қарап-тексеруден кейін тергеуші сараптама тағайындау туралы қаулы шығарады және оны ҚР ӘМ Сот медицинасы орталығының аумақтық бөлімшесінің (филиалының) мәйітханасына жібереді. Мәйітпен бірге мәйітханаға сот-медициналық

сараптама тағайындау туралы қаулы, және де оқиға болған жерде мәйітті қарап-тексеру хаттамасының көшірмесі жолданады.

Күрделі жағдайларды (өлтіруді) тергеп-тексеру барысында бастапқы сот-медициналық сараптаманы жүргізуді мәйіттің табылған жерінде қарап-тексеруге қатысқан сот-медициналық сарапшыға тапсырған орынды.

Мәйітті табылған жерінде қарап-тексеру процесінде тергеуші оқиғаның анықталған нұсқасын және оны тексеру тәсілдерін шығарады. Олардың бірі болып мәйітке сот-медициналық сараптама тағайындау болып табылады.

Мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізудің барлық жағдайларында келесі сұрақтарды шешу қажет (*бұдан әрі – негізгі сұрақтар*):

1. Өлімнің себебі қандай?
2. Өлімнің уақыты қашан болған?
3. Мәйітте қандай зақымдар бар, олардың сипаты, орналасуы, қалыптасу механизмі, денсаулыққа келтірілген зиян, алынған зақымдардың жәбірленушінің өлімімін қандай себепті байланысы бар?
4. Тірі кезінде қандай да бір аурулармен ауырған ба?
5. Өлім алдында спирттік ішімдіктер ішкен бе?
6. Жағдайларды анықтау барысында – есірткі заттарын қолданғандығы туралы сұрақ қойылуы мүмкін.

Нақты оқиғаның мән-жайына қарай сараптама барысында шешу үшін тергеу үшін маңызды басқа да сұрақтар қойылуы мүмкін (*бұдан әрі – арнайы сұрақтар*).

Оларға қойылатын негізгі талап олар сот-медициналық сарапшының арнаулы білімі шеңберінен (құзыреті шегінен) аспауы керек.

2 ТАРАУ

Мәйітті алғашқы тексеріп-қарағанда көзге көрінетін зақымдары болмаған жағдайда сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар

1) *Балалардың кенеттен болған өлімі*, әсіресе өмірінің алғашқы жылы, жасырын түрде қалыптан тыс түрде өтетін қатты респираторлық инфекциялар және олардың асқынуы салдарынан жиі болады. Туыстарынан сұрастыру жолымен өлгенге дейін балада білінген сырқатының түрлерін анықтауға мүмкіндік болады.

Басында, мойнында, кеудесінде, ішінде болмашы зақымдарды (қанталау, жаралар жән т.б.) табу ішкі органдарының (бас миы мен жұлынның, жүректің, бауырдың және басқаларының) болжамды жабық жаракатының болуымен немесе реанимациялық іс-шараларды жүргізумен салыстырылуға тиіс.

Мұндай жағдайларда сот-медициналық сараптаманы тағайындаушы тергеуші (анықтаушы) сараптамаға мәйітпен бірге балалар емханасының, балалар емдеу мекемелерінің балаға қатысты барлық медициналық құжаттарын, оқиға болған жерді және мәйітті қарап-тексеру хаттамасының көшірмесін ұсынуы керек. Сот-медициналық сараптаманы тағайындау туралы қаулыда **негізгі сұрақтар** тізімі қойылады, болған мән-жайдың фактілеріне қарай **арнайы сұрақтар** да қойылуы мүмкін.

2) *Ересек адамдардың мәйітін қарап-тексеру барысында* көзге көрінетін зақымдар (киімінде және денесінде) байқалмаған жағдайда, әрине, бірінші кезекте өлімнің кенеттен болғаны туралы пікір қалыптасады. Бұл кезекте, оның жатқан кейпіне көңіл бөлген жөн, өйткені бұл кейіп көп жағдайда кенеттен болған өлімнің кейбір түрлеріне тән болады. Қанның болуын (бұл жағдай көзге көрінетін зақымдар болмаған жағдайда да орын алуы мүмкін, мысалы, гипертониялық асқыну барысында мұрыннан қан ағу), оның мөлшерін, мәйіт жатқан жердің, және оның астында, жанында жатқан заттардың ерекшеліктерін анықтау керек.

Мұндай жағдайларда сот-медициналық сараптаманы тағайындаушы тергеуші (анықтаушы) сараптамаға мәйітпен бірге қайтыс болған адамның тірі кезінде емделген және қаралған емханаларынан, емдеу меке-

мелерінен берілген қайтыс болған адамға тиесілі барлық қолда бар медициналық құжаттарын, оқиға болған жерді және мәйітті қарап-тексеру хаттамасының көшірмесін ұсынуы керек.

Көзге көрінетін зорлықпен өлтіру белгілері болмаған жағдайда мәйітке сот-медициналық сараптама тағайындау туралы қаулыда көп жағдайларда дағдылы сұрақтар тізімі беріледі, ал нақты оқиға ерекшеліктеріне қарай **басқа да арнайы сұрақтар қойылуы мүмкін.**

Тергеушіге (анықтаушыға) арналған ақпарат: кенеттен болған өлімнің себебі болуы мүмкін түрлі ауру салдарынан медициналық мекемелерде диспансерлік есепте тұрған ересек адам (көп жағдайда жасы келген егде адамдар) қайтыс болған жағдайда, мәйіттің денесінде дене зақымдануы болмаған жағдайда, оның диспансерлік есепте болғанын растайтын медициналық құжаттары болған жағдайда, ҚР ДМ бұйрығына сәйкес мұндай науқасты емдеген дәрігерлерге дәрігердің қайтыс болу туралы куәлігін беруге рұқсат берілген. Бұл жағдайда, тергеушіге жоғарыда көрсетілген құжаттар берілген жағдайда, мәйітті сою жүргізілмеуі мүмкін, көрсетілген себептер бойынша сот-медициналық сараптаманы тағайындау туралы шығарылған қаулының күші жойылады.

3) Егер мәйітті және қоршаған жеріндегі заттарды қарап-тексеру кезінде өлімнің себебі **қарантиндік (аса қауіпті жұқпалардан)**- оба, шешек, тырысқақ және тағы да басқалары болғанына маман-дәрігердің күдігі пайда болса, ол бұл туралы тергеушіге дереу хабарлап, өзі қарап-тексеруді тоқтатуы тиіс. Тергеуші тез арада бұл туралы жақын маңдағы денсаулық сақтау органдарының және санэпидстанцияның басшыларына хабар беруге шаралар қабылдайды, олар оқиға болған жерге арнайы індетке қарсы бригаданы жібереді. Бригада келгенше қарап-тексеруге қатысушылардың барлығы оқиға орнында қалуы керек. Нақты жағдайға қарай арнайы індетке қарсы бригаданың басшысы тиісті нұсқаулар береді және мәйітті санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің арнаулы көлігінде мәйітханаға алып кетуін қамтамасыз етеді.

4) **Мәйіт денесінде аз зақымдардың болуы немесе олардың тіптен болмауы, зорлықпен өлтірілудің болу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Зорлықпен өлтіру түрлерінің бірі улану нәтижесінде өліп кетуі.**

Бұл жағдайда қайтыс болар алдында болған мән-жай туралы деректердің маңызы зор. Осыған байланысты, қайтыс болғанға дейінгі

марқұммен байланыста болған туыстарынан және басқа адамдардан, оның әсіресе өлімінің соңғы күндері мен сағаттарындағы денсаулығы туралы, оның кәсібі туралы (кәсібіне байланысты қандай да бір улы затты алу мүмкіндігі болса), ішкен тамағы мен сусындары туралы сұрастыру қажет. Мәйітті қарап-тексеруге қатысушы дәрігер-маманның көмегімен шағымдарын және клиникалық белгілерін, ауру күйінің ұзақтығын айқындау керек.

Бірқатар жағдайларда, ауыз арқылы қабылдаған кезде, улы зат өзгермеген күйінде (дәрі, ұнтақ) құсық арқылы шығуы мүмкін. Мұндай құсық қалдықтарын тапқан жағдайда, оны алып, қаптамаға салып, зертханалық зерттеуге жібереді. Көп жағдайда құсқан кезде пайдаланылған сүлгі, бет орамалдар және өзге де заттарды табу мүмкін.

Уды және оның іздерін тамақ, сусын және ыдыстағы қалдықтарынан, сондай-ақ дәрі шыныларында, ұнтақ пен дәрілердің қағаз орамдарында, шприцтарда да және т.б. табуға болады. Сондықтан, оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында химиялық заттардың қалдықтарына (ұнтақ, дәрі, сұйықтықтар және бос шынылар, ампулалар және т.б.), пайдаланылған шприц, ине, рецепт, жазбалардың және т.б. бар болуына көңіл аударылады.

Улану кезінде сезілуі мүмкін дәрілердің және басқа химиялық заттардың (сірке қышқылы, алкоголь, формалин, эфир, ацетон және басқа ұшпа заттар) иістері де күдік туғызады.

Мәйітті қарап-тексерудің бірқатар жағдайларында ауыз қуысында және еріндерде, иегінде ұнтақ тәрізді заттардың бөлшектері, сонымен қатар тері, мойын, кеуде және қолдың буынында күйдіргіш заттар қалдырған химиялық күйіктер де табылуы мүмкін.

Кашанда улануға күдікті төмендегі белгілер тудырады:

- теріде және шырышты қабықтарда егу іздерінің бар болуы (у, дәрілік және есірткі заттарын екендігін көрсетуі мүмкін);
- мәйіт дақтарының қалыптан тыс түсі;
- бұлшық еттерінің сіресуінің ерекше дамуы;
- терінің құсық қалдықтарымен ластануы;
- аузынан өзгеше иістің шығуы;
- қарашығы диаметрінің өзгеруі;
- уды өзге де табиғи саңылаулар (тік ішек, қынап) арқылы енгізген жағдайда олардың айналасында тиісілі өзгерістер және/немесе олардан бөлінген бөлінділер табылуы мүмкін.

Маман-дәрігер тергеушіге зертханалық зерттеулер үшін құсық заттарын, тамақ, дәрі қалдықтарын, дәрілердің құтыларын, болжаммен улау және өзге де заты болуы мүмкін бос шыныларды алуға көмектеседі.

Газ тәрізді заттармен уланғанына күмән келтірілген жағдайларда санитариялық-эпидемиялық станция маманын сынама үшін ауаны алуға шақырады. Мұндай жағдайда оқиға болған жерді қарап-тексеруді сынама үшін ауа алғаннан кейін бөлмені тиісті түрде желдеткеннен кейін жүргізген дұрыс.

Оқиға болған жерде немесе жәбірленушінің киімінде және денесінде қандай да бір улануға себеп болуы мүмкін заттар, сондай-ақ құсық, нәжіс қалдықтары және өзге де биологиялық құбылыстар табылған жағдайда, оларды тергеуші химиялық-токсикологиялық сараптамаға жіберуі тиіс.

Мұндай жағдайларда сот-медициналық сараптаманы тағайындаушы тергеуші сараптамаға мәйітпен бірге қайтыс болған адамның тірі кезінде емделген және қаралған емханаларынан, емдеу мекемелерінен берілген қайтыс болған адамға тиесілі барлық қолда бар медициналық құжаттарын, оқиға болған жерді және мәйітті қарап-тексеру хаттамасының көшірмесін ұсынуы керек.

Сот-медициналық сараптаманы тағайындау туралы қаулыда **негізгі сұрақтардан басқа, арнайы сұрақтар** да қойылуы мүмкін:

1. Мәйітте улайтын заттар табылды ма, нақты қандай заттар және қандай мөлшерде?

2. Бұл заттар ағзаға қандай жолмен түскен, олар денеге қайтыс болғаннан кейін түсуі мүмкін бе?

3. Өлімнің себебі қандай: улану нәтижесінде ме, жоқ әлде басқа себеп бар ма (бұл жағдайда қандай себеп)?

4. Жәбірленушінің улану салдарынан қайтыс болуына әсер еткен немесе оның ағымына ықпал еткен қандай да бір аурулары немесе жағдайы болды ма?

5. Мәйітті зерттеу кезінде табылған улы заттар мен жәбірленушінің өлімі арасында себеп-салдарлық байланыс бар ма?

6. Жәбірленуші улы зат ағзасына түскеннен кейін қандай да бір белсенді, мақсатқа сай әрекеттер жасауы мүмкін бе, ондай болған жағдайда қандай мерзім аралығында?

7. Ағзаға удың түскенінен кейін қанша уақыт аралығында жәбірленуші қайтыс болған?

5) Бала туатын жастағы әйел адамның мәйітін қарап-тексеру барысында өлімнің жүктіліктің уақытынан бұрын тоқтатылуының (қылмыстық, ауруханадан тыс жерде) салдарынан болу мүмкіндігін назарға алу керек. Бұл жағдайды мәйіттің маңайын қарап-тексеру барысында табылған түсік жасау үшін қолданылуы мүмкін заттар (шайғыш, саптыаяқтар, легендер, химиялық заттар, дәрі-дәрмектер, құралдар және т.б.), сондай-ақ қанға ұқсас күдікті іздердің бар болуы көрсетуі мүмкін.

Қылмыстық түсік жасау салдарынан әйел адам бірден тез, түсік жасаған жерде не болмаса біраз уақыт өткен соң, бірақ басқа жерде өліп кетуі мүмкін. Ауруханадан тыс жердегі қылмыстық түсік жасауды жүзеге асыру барысында әйел адам қайтыс болған жағдайда оқиға болған жер тиянақты жиналып, аурудан кенеттен өлгендей етіп көрсетілуі мүмкін. Бұл жағдайда:

- жүктілікке тән белгілердің барын немесе жоғын— сүт бездерінің қалпын, емізік пен айналасындағы жолақтарының дақтары, сүт бездерін басқан кезде бөліндінің болуын, іштің ақ сызығын, іштің көлемін анықтау қажет;

- механикалық зақымдануының, қанның, жыныс жолдарына енгізілген бөгде заттардың, жыныстық саңылауларының үңіреюін, қынаптан бөліндінің болуын (болған жағдайда – мөлшері, сипаты, түсі және иісі) бар-жоғын көрсете отырып сыртқы жыныстық органдарының жағдайын және бұтының арасын қарап-тексеру қажет;

- түсік жасау кезінде пайдаланылған құралдар мен заттарды, ұрық пен оның бөлшектерін және жолдасын тығуы немесе лақтырып тастауы мүмкін барлық жерлерді (жуынды және қоқыс төгетін жерлер, дәретханалар, шелектер, қоқыс қабылдағыштарды және т.б.) тиянақты қарап-тексеру қажет.

Жүктілікті мерзімінен бұрын тоқтату дәрілік заттарды уыттандыратын мөлшерде қабылдау салдарынан болуы да мүмкін.

Мәйітпен бірге, сараптама тағайындау туралы қаулыдан басқа оқиға болған жерді және мәйітті қарап-тексеру хаттамасының көшірмесін, сонымен бірге қарап-тексеру барысында табылған заттай айғақтарды береді.

Қылмыстық түсік жасалғанына сезіктенген кезде сот-медициналық сараптама арқылы негізгі сұрақтардан басқа, арнайы сұрақтарды да шешу мүмкін:

- Жәбірленуші жүкті болған ба, болған жағдайда жүктілік мерзімі қандай?

- Жүктілікті жасанды түсік жолымен тоқтату белгілері бар ма, болған жағдайда қандай?

- Жасалған түсік пен қайтыс болуының арасында себеп-салдарлы байланыс ма?

Нақты болған оқиғаның ерекшеліктеріне байланысты басқа да сұрақтар қойылуы мүмкін.

3 ТАРАУ

Нәрестенің мәйіті табылған жағдайда сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар

Жаңа туылған нәрестенің мәйітін тапқан жер, әдетте, оның анасының босанған жерімен сәйкес келмеуі мүмкін екенін тергеуші ескергені жөн. Бұл ретте нәрестенің зорлықпен өлтірілу мүмкіндігі де ескеріледі, тиісінше, баланың анасын анықтау және іздеу қажеттігі туындайды. Әдетте газеттерге, шүберектерге оралып пакет, сөмкелерге салынған нәрестелердің мәйіті қоқыс контейнерлерінен, жертөлелерден, салынып жатқан нысандардан, сайлардан, алаңқайлардан, канализациялық құдықтардан және т.б. жерлерден табылады.

Болжамды босану орнын қарап-тексерген кезде дәлел ретінде маңызы бар қан, меконий майлы жұқпаларының, ұрық қабының маңайындағы судың іздері табылуы мүмкін. Оларды киім бөліктерінен, төсек орын тысынан, еденнен және бөлме ішінен немесе әйел адамның босанған басқа жерінен іздеу керек.

Нәрестенің мәйіті оралған заттар, және мәйітпен бірге болған барлық қаптама материалдары заттай айғақ болып табылады, сондықтан олардың түрін, материалын, өлшемін, зақымдануын, белгілерін, таңбаларын, мәйіттің қандай затқа және қалай оралғанын атап көрсеткен маңызды.

Нәрестенің мәйітін қарап-тексеруді жалпы қабылданған ережелер бойынша жаңа туылғандығына тән морфологиялық белгілерін анықтап және сипаттап жүргізеді.

Нәрестенің өлі не тірі туылғаны белгісіз болғандықтан, өлім себебі туралы сұрақты шешу қиындау болады. Бұл мәселені мәйітке зерттеу жүргізіп болғаннан кейін ғана дұрыс анықтау мүмкін. Қайтыс болғаннан кейінгі өзгерістерінің талдауына негізделе отырып, шамамен өлімінің болған уақыты анықталады.

Мұндай жағдайларда сот-медициналық сараптаманы тағайындаушы тергеуші жаңа туылған нәрестенің мәйітімен бірге ұрық жолдасын да жібереді, сонымен қатар өлімнің қалай болғандығы және нәрестенің табылған жері (бұлар оқиға болған жерді және мәйіттің табылған жерін қарап-тексеру хаттамасында көрсетілуі тиіс) туралы деректерді де, сондай-ақ анасына және баланың өзіне қатысты қолдағы бар медициналық құжаттарды беруі керек.

Сараптаманы тағайындау туралы қаулыда ұрықтың және нәрестенің мәйітіне сот-медициналық сараптама кезінде шешуін қажет ететін сұрақтар (осы сараптама түрінің негізгі сұрақтары) көрсетілуі тиіс:

1. Нәресте жаңа туылған ба?
2. Оның құрсақтағы өмірінің ұзақтығы қандай?
3. Нәресте мерзіміне жетіп (жетіліп) туылған ба?
4. Тірі немесе өлі туылған ба?
5. Жаңа туылған нәресте өмірге бейім болған ба?
6. Туылғаннан кейінгі нәресте өмірінің ұзақтығы қандай?
7. Нәрестеге қажетті көмек пен тиісті күтім көрсетілген бе?
8. Нәресте өлімінің себебі неде?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

4 ТАРАУ

Мәйітті алғашқы тексеріп-қарағанда зорлап өлтірілгеніне күдіктенуге негіз болатын сыртқы зақымданудың белгілері болған жағдайда сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар

1) *Тұйық қатты нәрселердің жарақаттау әсерінің белгілері анықталған жағдайда*, тергеуші мұндай нәрселердің әртүрлі және көп болатындығын ескергені жөн. Олардың арасынан қаруды (кастет, алақанға киілетіндер және басқалары), құралды (балға, үтік, жөндеу құралы және т.б.) және заттарды (тас, таяқ және т.б.) атап өтуге болады. Сондай-ақ тұйық қатты нәрселер қатарына адам денесінің бөліктері (қол, аяқ, тіс және т.б.) де жатады.

Басқа зақымданулардың арасында тұйық қатты нәрседен жарақат алу көп жағдайда тұрмыстағы, өндірістегі, көліктегі және т.б. оқиғаларға тән.

Тұйық қатты нәрсемен жасалған зақымдану сипаттары құралдың, ол тиген жердің аумағы мен ерекшеліктеріне, жарақаттау күшінің бұрышына, жарақат алған дене бөлшегінің анатомиялық ерекшеліктері, киімнің болуына және т.б. байланысты. Тұйық қатты нәрселердің соққысы салдарынан киім бүтін қалпында қалу мүмкіндігін ескерген жөн, ал киімнің астында денеде түрлі зақымдар болуы мүмкін.

Кейбір жағдайларда киімде, оның пішіні мен ерекшеліктерін қайталайтын тұйық нәрселердің ізі табылуы мүмкін. Тұйық нәрселердің пішіні басқа материалдарға қарағанда тығыз мақта-мата материалдарында жақсы сақталып қалады. Киімде тұйық нәрсенің соққысынан қалған іздерден басқа өткір құралдармен тілген немесе кескен тәрізді зақымдар болуы мүмкін.

Зақым келтірген құралдың ерекшеліктері мен сипатын денеге тиген бөлігіндегі қанталау, сыдырылған жерлер көрсетуі мүмкін (мысалы белдікпен ұрғанда оның айылбасы түріндегі қанлатау).

Мәйітті бастапқы қарап-тексеру барысында тұйық нәрсемен бар күшімен ұрған кезде де жәбірленушінің денесінде, сонымен қатар оның киімінде (сүйектері мен ішкі органдарынан айырмасы) көзге көрінетін жарақаттардың болмау мүмкіндігін ескерген жөн. Бірінші кезекте бұл

бас миына қан құйылған кездегі бас сүйегінің сынуына, жұлынға зақым келіп омыртқаның мойын бөлігінен жарақат алуына қатысты. Мұндай зақымдануларды кейде мәйітті қарап-тексеру кезінде зақымданбаған тері арқылы ұстап көру барысында ғана байқауға болады. Дегенмен, олардың сипатын және өлімге қатысты себеп-салдарлы байланысын тек мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізгеннен кейін ғана анықтауға болады.

Жекелеген жағдайларда мәйітті сырттай қарап-тексеру деректері бойынша көп мөлшерде қансыраудан өлімнің болуы ішкі органдар мен іште қан кету салдарынан болуы мүмкін.

Оқиға болған жердің маңайындағы заттар қан іздерін, шаш, тоқыма бұйымдардың жіптерін және басқа да жұғындыларды анықтау үшін қарап-тексеріледі. Қан іздері табылған жағдайда қарап-тексеру хаттамасында олар егжей-тегжейлі (шашырауы, сіңуі, жағылуы, дақтар және т.б.) табылған жерін, орналасуын, түсін, жағдайын (сұйық, кеуік, құрғақ), объектіге сіңу дәрежесі көрсетіліп сипатталуы керек.

Қажет болған жағдайда оқиға болған жерде мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізу кезінде маман-дәрігер тергеушіге шешілуі тиіс сұрақтарды қалыптастыруға көмектеседі.

Мәйітті табылған жерінде тергеуші қарап-тексергеннен кейін мәйітханаға сот-медициналық сараптаманы тағайындау туралы қаулы, сонымен бірге оқиға болған жерде мәйітті қарап-тексеру хаттамасының көшірмесі жеткізіледі. Сараптама мекемесінің зертханалық бөлімшелеріне заттай айғақтарға сараптама тағайындау туралы қаулылармен бірге тергеуші алған заттай айғақтар жеткізіледі.

Тұйық қатты нәрсемен жасалған зақымдары бар мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізу барысында барлық жағдайларға арналған жалпы сұрақтардан басқа нақты болған оқиғаның мән-жайымен анықталатын арнайы сұрақтар қатары да шешілуі мүмкін:

- Зақым қандай нәрсемен жасалған?
- Барлық келтірілген зақымдар бір нәрсемен жасалған ба?
- Зақымдардың бетінде оларды келтірген нәрсенің пішіні, көлемі, салмағы және басқа жалпы және жеке нышандары туралы белгілері бар ма, егер бар болса, олар қандай белгілер?
- Зақымдар адам денесінің бөліктерімен жасалуы мүмкін бе?

- Келтірілген зақымдардың уақыты қандай?
- Зақымдар құлау нәтижесінде пайда болуы мүмкін бе?
- Жәбірленушінің денесінде күресуге және өзін-өзі қорғауға ұқсайтын зақымдар бар ма?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

2) Денені ауыр жарақаттауға байланысты **өмірімен сыйыспайтын зақымдар**, жол-көлік апатының салдарынан болған жарақаттануда, жоғарыдан құлауда, жарылыстан болған жарақаттануда және басқа жарақаттануларда кездеседі. Мұндай зақымдарға келесілер жатады: бастың денеден бөлінуі немесе мылжалануы, мойын, кеуде немесе іш тұсындағы ауыр жарақаттар, дененің бөлінуі. Егер мәйітті табылған жерінде бастапқы қарап-тексерген кезде мұндай зақымдар тірі кезінде болғаны байқалса, онда олардың қайтыс болуымен тікелей себеп-салдарлы байланыста екендігі туралы жорамалдау қалыпты жағдай болып табылады. Өкінішке орай, көптеген азаматтардың өмірі қиылатын техногендік апаттар қазіргі таңда көп кездеседі. Бұл ең алдымен авиациялық апаттар, тұрғын үйлердің жарылысы, темір жол оқиғалары және т.б. Мұндай жағдайларда қаза табушылардың көп болғандығынан, оқиға болған жерді қарап-тексеру бригадалық тәсілмен жүргізіледі, ал қарап-тексеруге бірнеше маман-дәрігерлер және ТЖМ бөлімшелері тартылады.

Бұл ретте ауыр міндеттердің бірі мейлінше ұқыпты қарап-тексеру, түрлі шығу тегі бар заттай айғақтарды сипаттау және белгілеу болып табылады. Бұл өз кезегінде қаза болғандардың жеке басын анықтаудағы кейінгі сараптамамен байланысты денелерді фрагменттеу кезінде өте маңызды.

Түрлі доңғалақты және шынжыр табанды көлік құралдарынан болған зақымданулардың айқын ерекшеліктері бар. Жол-көлік оқиғалары (ЖКО) тек елді мекендерде немесе жолдарда ғана емес, сонымен қатар жолсыз жерлерде де (егістікте, орманда және т.б.) болады. Кей кезде ЖКО белгісіздік жағдайында орын алады, көлік жүргізушісі оқиға болған жерден қашып кетеді.

ЖКО үш негізгі түрге бөледі: басып кету, соқтығысу және аударылу. Жекелеген ерекше топтардың да бар екені белгілі, мысалға жолаушының көлік құралынан түсіп қалуы және т.б.

Оқиға болған жерде жарақаттанудың себебін және механизмін анықтау үшін маңызы бар түрлі заттай айғақтар табылуы мүмкін: көліктің ізі (жұмсақ топырақты жерде олар ауқымды көрінуі мүмкін, ал қатты жерде – үстіртін жеңіл), қан іздері, органдар мен тіндердің бөліктері, лак-бояу сырының іздері, шыны сынығы және т.б. Олардың бәрі сипатталу керек, қажет болған жағдайда фотоға түсірілуі тиіс.

ЖКО жағдайларында мәйіттегі зақымдарды және түрлі тектегі іздерді зерттеу болған оқиғаны мейлінше жете сипаттауға жиі мүмкіндік береді. Маман-дәрігер, ең алдымен, мәйітте табылған зақымдардың көлік құралының әсерінен немесе басқа себептерден пайда болғандығын анықтауға тырысуы керек.

Мәйітті қарап-тексеру барысында ол мәйіттің жол үсті элементтеріне (жол жиегі, жыра, шектеу сызығы және басқалары) және көлік құралына (немесе оның іздеріне) қатысты күйін және қалпын сипаттауы тиіс. Киімін қарап-тексеру оның жағдайын атап өтуге мүмкіндік береді: ағытылған немесе жабық, зақымдардың бар болуы және олардың сипаты – жыртылуы, тілінгені, мыжылғаны, сүйреу іздері, көлік құралының бөліктері іздерінің болуы, шыны сынықтары, топырақ, лак-бояу сырлары, жанар-жағар май материалдары және т.б.

Протектор іздері тәріздес (жабысқан шаң, балшық немесе қарда оның ізінің болуы) зақымдар мен жағылған қалдықтардың болуына, радиатор қаптамасының ізі және басқа көлік құралының шығыңқы бөліктерінің ізі, аяқ киімінің табанында сырғанау іздерінің бар болуына аса көңіл бөлген жөн.

Мәйітті қарап-тексерген кезде ондағы бар зақымдарды сипаттау қажет, олардың орналасуын және әрқайсысының табанның өкше тұсынан бастап ара қашықтықтары, сүйектердің қалыпсыз түрде қозғалған орындарын, сықырлаудың болуын (крепитация), дененің жекелеген бөліктері пішінінің өзгеруі, аяқ-қолдарының қысқаруы және басқаларын атап өту керек.

Оқиғаның түріне қарай болуы тиіс, бірақ қарап-тексеру барысында табылмаған, іздер мен заттардың (мысалы, ашық ауқымды зақымдануларда мәйіттің жанында немесе астында қан іздерінің болмауы және т.б.) болмау себебін талдап шығу қажет.

Нақты көлік түрлерінен келтірілген зақымданулардың өздеріне тән ерекше сипаттары бар болғандықтан, қарап-тексеру нәтижесі бойын-

ша маман-дәрігер көлік құралының ерекшеліктерін ғана емес, сонымен бірге жарақат механизмі туралы да – соғып өту, басып кету және т.б., болжам жасауы мүмкін.

Оқиға болған жерде тез жойылып кететін іздерді, оларды фотоға түсіру, іздер табылған заттарды алып қою, және де көшірме бедерін (слепок) жасау жолымен сақталуының қамын ойлау қажет.

Табылған зақымданулар (майысқаны, таю іздері, лак-бояу сырларының кеткен тұстары және т.б.) мен биологиялық текті іздерді (қан, шаш, тіндер мен органдардың бөлшектері, киім бөліктері және басқалары) салыстырмалы түрде бағалау мақсатында күдікті көлік құралына кешенді сот көлік-техникалық және сот-медициналық сараптама жүргізу қажет.

Мәйітте ЖКО кезінде келтірілген зақымданулар болған жағдайда, сот-медициналық сараптама негізгі сұрақтардан басқа келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

- Мәйітте табылған зақымдар көлік құралының жарақаттауы әсерінің салдарынан болуы мүмкін бе, егер ол мүмкін болса, көлік құралының түрі қандай және жарақат шамамен оның қай бөлігімен келтірілуі мүмкін?

- Жәбірленушінің денесінде және оның киімінде қандай да бір көлік құралының жарақаттау әсеріне тән зақымданулар мен іздер бар ма?

- Табылған зақымдар автомобильдің соғу салдарынан пайда болуы мүмкін бе, егер мүмкін болса, соққы дененің қай бөлігіне, қандай биіктікте, қай бағытта және бастапқы соққы автомобильдің қандай бөлігімен жасалған?

- Табылған зақымдар доңғалақпен басып өту салдарынан пайда болуы мүмкін бе, егер мүмкін болса, дененің қай бөлігін, қандай қалпында басып өткен және автомобильдің доңғалағы қай бағытқа қарай айналған?

- Зақымдар автомобильдің ішінде отырып алған жарақаты кезінде пайда болуы мүмкін бе, егер мүмкін болса жәбірленушінің кабинада қай орында отырғанын анықтауға бола ма?

- Зақымдар жәбірленушінің көлік құралынан жол үстіне түсіп қалу кезінде пайда болуы мүмкін бе?

- Мәйітте және оның киімінде денені сүйрету нышаны бар ма, егер бар болса бұл жағдайдағы дененің бағыты және қалпы қандай болды?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

3) Рельстік, темір жол жарақаты деп жүріп бара жатқан рельстік көлік құралының бөліктерімен келтірілген немесе жүріп бара жатқан осындай көліктен түсіп қалу салдарынан пайда болған зақымдануларды біледі. Олар түрі мен көлеміне қарай әртүрлі болуы мүмкін – болмашыдан ауқымдыға дейінгі аяқ-қолдарының және дене фрагменттерінің жарылуы, бөлінуі. Денені рельстік көлік құралының дөңгелегімен (дөңгелектерімен) басып өту кезінде пайда болатын зақымданулар айрықша болып келеді.

Басып өту денені ондаған кейді тіпті жүздеген метрге дейін баратын қан мен денені сүйрету (тартып сүйрету) іздері қалатын темір жол төсемімен сүйретіп өтумен қоса жүруі мүмкін. Бұл ретте, киімнің жеке-леген фрагменттері мен ішкі органның бөліктері жолда шашылып, бір-бірінен алыс қашықтықта шашылып қалуы мүмкін. Дене мен киімнің жұғынды материалдармен ластануы өзіндік сипаты болып табылады.

Өз кезегінде, бұл жағдайда көлік құралында қан, шаш іздері, тіндер мен адам денесінің органдарының бөліктері, киім фрагменттері, киімнің матасының суретінің іздері және басқалары табылуы мүмкін.

Рельстік жарақатқа ұқсатып, қылмыс іздерін жою мақсатында адам мәйітін рельстің астына тастайтын жағдайлар да болады.

Дәрігер-маман кей жағдайларда оқиға болған жерде (мәйіт табылған жерде) мәйіттегі барлық зақымданулардың рельстік көлік құралының әрекетіне жататынын және олардың кейбірінің өзге жағдайларда пайда болуын анықтауы мүмкін. Бұл ретте зақымданулардың тірі кезіндегі шығу тегін бағалау ерекше маңызға ие болады.

Рельстік көліктен болған зақымдануларға сот-медициналық сараптама кезінде негізгі сұрақтардан басқа, келесі арнайы сұрақтар да шешімін табуы мүмкін:

- Мәйітте табылған зақымданулар рельстік көлік құралының жарақаттау салдарынан болуы мүмкін бе, егер мүмкін болса оның қандай бөлігімен жарақатталуы мүмкін?

- Зақымданған жерлерінде киыршық тастар, темір жол майы және басқа бөтен заттар бар ма?

- Зақымданулар рельстік (теміржол) жарақатқа тән бе?

- Зақымдардың барлығы рельестік көлік бөліктерінің ықпалынан пайда болған ба, егер олай болмаса мәйітте қандай зақымдар бар, олардың саны, орналасуы, пайда болу механизмі, қайтыс болуымен байланысты себеп-салдары қандай?

- Рельстік көліктің басып өтуі салдарынан пайда болған зақымданулар бар ма, бар болса дененің қай бөлігінен басқан және дөңгелектер қай бағытқа қарай айналған?

- Мәйітте және оның киімінде денені сүйрету нышаны байқала ма, олай болса сүйрету бағыты қандай және сүйрету кезіндегі дененің қалпы қандай?

- Зерттеу үшін мәйіттің барлық бөліктері жеткізілді ме, олар бір немесе бірнеше адамға тиесілі ме?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

4) *Өткір нәрселермен жарақаттау әсері анықталған жағдайда,* тергеуші өткір заттардың әрекет ету механизміне қарай кескіш, тескіш, тесіп-кескіш, шапқыш болып бөлінетінін, олардың салдарынан пайда болған жаралар (зақымдар), тиісінше, – кесілген, тесілген, тесіліп-кесілген, шабылған болатынын білуі тиіс. Оқиға болған жерде дәрігер-маманға олардың пайда болу механизмін анықтауға мүмкіндік беретін өткір нәрселердің салдарынан болған зақымдардың өзіндік ерекшеліктері болады.

Кесілген жаралар адамның өз қолымен (суицид) жасалуы да мүмкін. Мұндай жағдайда, әдетте, ол жаралар білектің алдыңғы жағында, шынтак шұқырында, мойынның алдыңғы жақтауларында орналасады. Өз қолымен жасалған зақымдардың ерекшелігі олардың көп болуы, қатар-қатар орналасуы, түрлі тереңдігі, бір жерде кескіш нәрсенің бірнеше рет қозғалдығын көрсететін терідегі жараның шетінде бірнеше сызаттың (тіліктің) болуы. Сызаттардың морфологиялық ерекшеліктері қайталама кесу әрекетінің бағытын анықтауға мүмкіндік береді.

Жәбірленуші өзін қорғамақ болып, өзін-өзі қорғау үшін күресу процесінде өткір нәрсенің жүзін ұстап алған уақытта саусақтары мен қол буынының алақан жағында кесілген жаралар пайда болуы мүмкін.

Тесілген жаралар жіңішке ұзын нәрселермен (біз, тоқыма бізі және т.б.) жасалуы мүмкін. Мұндай жағдайларда олар кішкене, тіпті аса үңіліп қарамаса білінбейтін көлемде болады. Дегенмен, қолқа

тамырының, жүректің, бауырдың зақымдалуы салдарынан іште көп қан кету салдарынан адам қайтыс болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда тесілген жаралардың орны оқ тиген жараға ұқсас болады.

Тесіліп-кесілген жаралар бөтен адам жарақаттаған кезде көбіне кеуде тұсында, арқасында немесе ішінде болады. Жәбірленушінің өзіне зақым келтірген кезде, ондай зақымданулар өзінің қолы жететін шектеулі дене бөлігінде бірнеше рет жасалып, қатар-қатар орналасып шоғырланады.

Шабылған жаралар әдетте баста орналасады және көп жағдайда сүйектердің зақымдануымен қоса жүреді.

Өткір нәрсемен жасалған зақымдар (мойынның кесілген жаралары, бастың шабылған жаралары және басқалары) әдетте көп мөлшерде сыртқы қан кетумен қоса жүреді. Мұндай зақымдар болған жағдайда мәйіт табылған жердегі қан іздерінің мардымсыз болуы оқиғаның ол жерде болмағанына негіз бола алады, яғни ол жерге тек мәйіттің орны ауыстырылған. Сондай-ақ, қан іздері жәбірленушінің емес, қылмескердің де іздері болуы мүмкін екенін ескерген жөн.

Өткір және тұйық нәрселермен зақымдау негізінен тұрмыстық жағдайларда кездеседі. Оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында зақым келтіру үшін қолданылуы мүмкін нәрселерді табуға болады, кейде оларды мәйітте қалдырады.

Өткір нәрселерден болған зақымдану кезінде, мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізумен қоса берілген заттай айғақтарға медициналық-криминалистік сараптама жүргізу негізгі сұрақтардан басқа келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

- егер зақымдар тесіп-кесетін сипаты бар нәрсемен жасалған болса, оның жүзінің ерекшеліктері қандай, оның бір немесе бірнеше жүзі бар ма, оның ұзындығы мен енінің көлемі қандай?

- Егер зақымдар тесу сипаты бар нәрсемен жасалған болса, оның ерекшеліктері қандай, оның ұзындығы мен көлденең қимасының көлемі қандай?

- Мәйіттегі зақымдардың жасалынған уақыты қандай?

- Егер бірнеше зақымдану болса, олар бір нәрсемен жасалған ба, әлде бірнеше нәрселермен бе?

- Зақымдарда зақым келтірген нәрсені анықтауға болатындай іздер бар ма?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

5) Адамның құлағанынан күдіктенген жағдайда үйдің кіреберісінде, сатылық марштарда немесе саты алаңында мәйіт табылған жағдайда бұл жерлердің оқиға болған орынға әрқашан сәйкес келе бермейтінін **тергеуші есте сақтауы керек.** Бұл жағдайда зақымданулардың адамның құлауы нәтижесінде пайда болу фактісін анықтау шешуші маңыз болып табылады. Мұндай жағдайда адам зорлықпен өлтірілмеген болу керек, тек дененің құлауынан болуы мүмкін. Сатылық марштан құлау жәбірленушіні бөгде адамның итеріп жіберуінің – соққысының салдарынан немесе жәбірленушінің дене тепе-теңдігін жоғалту нәтижесінде болуы мүмкін.

Кіреберісте мәйіт табылған жағдайда қағида тұрғысында келесі сұрақтарды шешу маңызды болып табылады: зақымдардың пайда болу уақыты, жері және механизмдері, денені басқа жерден әкеліп тастау мүмкіндігі, құлағанымен қоса сатыға соғылу салдарынан зақымдардың пайда болу мүмкіндігі.

Сатылық марш немесе саты алаңына құлау фактісін терідегі өзіндік зақымданулар мен киімдегі былғанып ластанған іздер анықталған кезде сезіктенуге болады. Бұл үшін сатылық марштың сатыларына қарасты дененің жекелеген бөліктерінің ара қашықтығы мен қалпына, киімдегі жағылған заттарға, қан іздеріне және басқаларына көңіл аудару керек.

Әдетте, жоғарыдан құлаған кезде пайда болатын зақымданулардың қандай да бір арнайы нышандары болмайды, дегенмен, олардың жиынтығы жеткілікті түрде сипатты болып келеді және де олардың пайда болу механизмін анықтау үшін пайдалануға болады.

Жоғарыдан құлау мен жазық жерде құлауды (тұрып тұрған жерінен) ажырата білу керек. Құлау биіктігі, соғылған жерлері және соғылған сәттегі дененің қалпы пайда болған зақымдардың ерекшеліктерін анықтайды. Бұл ретте, жарақаттың ауырлығы негізінен құлау биіктігіне байланысты, ал зақымдардың сипаты мен орындары соғылған мезеттегі дененің қалпына байланысты.

Кей уақытта мәйітті қарап-тексеру барысында биіктіктен (сатыдан, төбеден, бағанадан) құлауына себеп болуы мүмкін электр тоғынан болған зақымдарды (электр белгілері) табуға болады.

Оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында (адамның биіктіктен құлауы) мәйіттің орналасқан жеріне, оның кейпіне, жәбірленушінің құлауы мүмкін жердің бетіне және заттарға көңіл аудару керек. Осы және басқа маңайындағы заттарда киім, шаш, қан және басқаларының іздері болуы мүмкін, оларды жинап бағалау барысында құлау траекториясы туралы пікір айтуға мүмкіндік туады.

Болжамды құлау траекториясын ескере отырып, денемен соғылған кезде қалған іздердің (ұшқан сырдың ізі, киімнің фрагменттері, желініп қалуы, шаш, қан іздері, тері бөліктері және басқалары) бар-жоғын білу үшін шығыңқы нәрселерді (антенналар, ауабаптағыштар және басқалары) қарап-тексеру қажет. Болжамды құлаудың басталған жерін қарап-тексеру барысында шынылардың бүтінділігіне, терезе жақтауларының еніне, терезе алды тақтайларының биіктігіне, аяқ, қан, сүйрелеу іздерінің бар-жоғына және басқаларына көңіл аудару керек.

Адамның өз бойының биіктігінен құлауын жазықтықта құлау деп атайды. Мұндай жағдайларда негізінен жиі бас зақымданады. Күш көрсетілген жерлерде, әдетте дақ жаралар, қанталау, зақымдалған жаралар, бас сүйігінің бет және ми бөлімдерінің сынығы пайда болады. Ми қабығына және затына қан құйылу түріндегі бассүйек ішінің жарақаты, сонымен қатар мидың шайқалуы және соғылған және соққыға қарсы жерлерінің жаралануы да жиі кездеседі. Жазық жерде құлауын шынтақтарында (шалқасынан құлау) немесе тізелері мен алақандарында (етпетінен құлау) зақымдардың болуы куәландырады.

Жәбірленушінің биіктіктен құлауы немесе тұрған қалпында жазықтықта құлауы кезінде, мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізумен қоса берілген заттай айғақтарға медициналық-криминалистік сараптама жүргізу негізгі сұрақтардан басқа келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

- Табылған барлық зақымданулар биіктіктен құлауы салдарынан пайда болған ба?

- Дененің қай бөлігімен құлаған?

- Мәйіттің денесінде қайтыс болғаннан кейін пайда болған зақымданулар бар ма, олар биіктіктен құлау барысында пайда болуы мүмкін бе?

- Табылған зақымданулар тұрған қалпында жазық жерде құлау барысында пайда болуы мүмкін бе?

- Бастапқы жылдамдығын күшейту салдарынан тұрған қалпында жазық жерде құлауына әкеп соқтырған зақымданулар бар ма?

- Табылған зақымданулар биіктіктен құлауы салдарынан пайда болуы мүмкін бе?

- Егер мүмкін болса болжамды биіктігі қандай және қалай құлаған (тура, бір ізбен, еркін, еркін емес)?

- Биіктіктен қандай із қалдыратын жердің бетіне құлаған?

- Дененің қай бөлігі жерге бірінші тиген?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

б) Оқ тиген зақымдар келтірілген кезде оқиға болған жерде гильзаларды, оқ тығынын, ал тосқауылдарда – оларға кірген атыс снарядтарын (оқ, бытыра) табуға болады.

Бұл жағдайларда табылған оқтар мен гильзалардың мәйіт денесіне қатысты орналасуын, сондай-ақ жекелеген тосқауылдардағы, маңайындағы заттардағы оқ тиген жерлердің (пішіні мен көлемін көрсетіп) орналасуын, оларда ату компоненттерінің бар болуын нақты белгілеу қажет.

Автоматты оқ ату қаруын қолданған кезде бөлме ішінде гильзалар жан жаққа ұшады және бөлменің кез келген жерінде табылуы мүмкін. Ашық жерде гильзалар мен оқтарды іздеген кезде металл іздегішті пайдалану орынды болады. Бытыралы қарудан оқ атулар болған жағдайда тосқауылдардағы бытыраның шашыраған аумағын, бытыраның санын және олардың ара қашықтығын өлшеу керек.

Киімдегі зақымдарды қарап-тексеру кезінде киімнің қыртыстары мен бұйымдарының арасында оқтар, бытыралар, тығындар болуы мүмкіндігін ескеру қажет, оларды алып, зертханалық зерттеуге жіберу керек.

Мәйітті қарап-тексеру барысында ату қашықтығы туралы пікір жасауға мүмкіндік беретін белгілерге – ату факторының бар болуы және айқындығына назар аудару керек.

- Зақымдар саны, олардың орналасуы (табанның өкше тұсынан бастап ара қашықтығы), пішіні, көлемі, ұштары, оқ дәрінің иісі және жанбай қалған оқ дәрі түйірлерінің бар болуы және олардың алып жатқан аумағы;

- қару ұңғысы ұшының іздерінің бар болуы және оқ тиген жердің жара маңындағы тіндердің жыртылуының бар болуы;

- жаралау сипатын (тесіп өткен, жабық, жанап өткен) және оның ерекшеліктерін;

- айналасындағы заттардағы, мәйіттің денесіндегі, киімдеріндегі қанға ұқсас іздер, олардың орналасуы және ерекшеліктері көрсетілуі қажет.

Осының бәрі қосылып атушы мен жәбірленушінің бір-біріне қатысты өзара орналасуы және ату қашықтығы туралы сұрақтарды шешуге көмектесуі мүмкін.

Жаралардың сипатына қарай дәрігер-маман мәйіттің табылған жерінде кірген және шыққан оқ тиген жаралардың бар жоғын анықтап және болжамды түрде ату қашықтығы және зақым келтірудің реттілігі туралы айтуы тиіс.

Өзін-өзі өлтіру кезінде марқұмның қолының буынында күйе, қан тамшылары және де болмашы зақымдарды табуға болады. Жәбірленушінің өзін-өзі өлтіруі немесе оқ ататын қаруы болған шабуылшыға көрсеткен қарсылығы туралы нұсқаларды тексеру үшін мәйіттің саусақтары мен қолдарының буынын сумен шаю орынды болады.

Егер оқиға болған жерде қару табылған болса, оның жекелеген нәрселерге және мәйітке қатысты орналасуын белгілеу қажет.

Оқ тиген жарақатта, мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізумен қоса берілген заттай айғақтарға медициналық-криминалистік сараптама жүргізу негізгі сұрақтардан басқа келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

- Мәйіттің денесінде табылған барлық зақымданулар оқ тию салдарынан болған ба?

- Мәйітте қанша жарақат бар, олардың кірген және шыққан жаралары қай жерлерінде орналасқан?

- Денедегі жара каналының бағыты қандай?

- Оқ тиген жарақаттарының сипаты қандай (тесіп өткен, жабық, жанап өткен)?

- жаралар жалғыз оқ ату немесе автоматтық қарудан дүркін оқ ату салдарынан болған ба?

- Жаралар оқ тигеннен немесе бытыра тигеннен пайда болған ба?

- Ату қашықтығы қандай?

- Жарақат бос патронмен жасалуы мүмкін бе?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

6-1) Мәйіттің мойнында странгуляциялық жолақ болған жағдайда әрқашан оның шығу тегінің негізі туралы сұрақ туындайды: асып өлтіру, қылғындыру немесе өзін-өзі өлтіргенге ұқсату?

Жіппен қылғындырған кезде странгуляциялық жолақ әдетте тұйық оңашаланған болады, көлденең бағытта, ұзына бойы айқындылығының дәрежесі бірдей болады, мойынның орта немесе төменгі бөлігінде орналасады.

Странгуляциялық жолақ айқын көрінетін болмаса, тұйық емес болса (алшақ ажыратылған) қан шығып тұрса, жоғарғы буылтығы үңгіп кірген, ал төменгісі қисайған болса, бұл жағдайда *асып өлтірілгендігін* болжау әбден мүмкін.

Мәйітті жіппен қылғындырып, кейін асып өлтірген жағдайда оның мойнында әрқашан ең аз дегенде екі странгуляциялық жолақты табуға болады. Бұл өз кезегінде дәрігер-маманға олардың пайда болу реттілігі туралы пікір айтуына мүмкіндік береді.

Странгуляциялық жолақтың сипаты қылғындыру түрі (асып өлтіру, қылғындыру) туралы ғана сұрақты шешуге мүмкіндік береді, бірақ белгілі дәрежеде зорлап өлтірілгендігінің (өлтіру немесе өзін-өзі өлтіру) түрі туралы шешімді анықтамайды.

Кейбір жағдайларда мәйітті қоршаған орта оның қалай асып өлгендігін анықтауға мүмкіндік береді, ал басқа жағдайларда мәйіттің табылған қалпында асылып өлу мүмкін еместігін көрсетеді. Тіреу ретінде қолданылуы мүмкін заттарды, оларда аяқ киімнің немесе аяқтың іздері бар-жоғын қарап-тексеруге мақсатты әрекет ету керек.

Мәйітке жақын орналасқан маңайдағы заттарда қан іздері және шаштар болуы мүмкін. Олар адамның жан арпалысы кезіндегі бұлшық еттерінің қалшылдап тартылуы кезінде сол заттарға соғылу нәтижесінде қандай да бір жарақаттар (тырналу, жарақат, қанталау) пайда болған кезде сол жерлерден табылады.

Дене еркін асылып тұрғанда аяқ ұшынан еденге (жерге) дейінгі және тұғырға еденнен ілмектің бос ұшының бекітілген жеріне дейінгі ара қашықтықты өлшеу керек.

Дене толық асылмаған кезде – дененің қай бөлігі тіреуіш нүктесі болғандығына, еденнен ілмектің еркін ұшына дейінгі және ілмектің бекіткіш ұштарына дейінгі ара қашықтығын белгілеу керек.

Егер ілмектің ұшы қолын созғандығы адамның бойынан аспайтын биіктікте болса, онда ілмектің шеті бекітілуі мүмкін көтеріңкі жер немесе тіреуішке көңіл аудару керек. Мұндай жердің немесе тіреуіштің болмауы, не болмаса онда іздер болмаған жағдайда оқиға жердің жағдайы өзгертілгенін немесе мәйітті асып қою арқылы өзін-өзі асып өлтіргенге ұқсатуын көрсетуі мүмкін. Мәйітті қарап тексергенде:

- киімнің жағдайын (киімнің жыртылғандығы, түймелерінің болмауы және басқаларын) атап өту керек;

- өлімнің ауыр жағдайда болғанын және оның белгілерін атап өту керек;

- мәйіттік дақтардың орналасуын және олардың орнығуының мәйіттің кейпіне сәйкес келетіндігін (мәйіттің кейпін өзгертуі сәйкес еместігін көрсетеді) атап өту керек;

- қол буыны терісінің жағдайын (өзін-өзі өлтірушілердің алақандарынан, жабысқақ лента немесе парафин арқылы алуға болатын ілмек материалының талшықтарын табуға болады) қарап-тексеру керек;

- ілмектің түрін және ерекшелігін (құрылымы, орам саны, материалы, із қалдырған жерінің ені, жалпы ұзындығы және бос бөлігінің ұзындығы, тіреуішке бекіту тәсілі және ерекшелігі, тіреуіште және жіпте сырғанау іздерінің болуы, түйіннің байланған түрі және т.б.), оның мойында қалай орналасқанын және странгуляциялық жолақтың сәйкестігін сипаттау керек;

- странгуляциялық жолақтың түрін және ерекшелігін (орнығуы, түсі және тереңдігінің тығыздығы, жиек ұштарының ерекшелігін, бөгде заттардың болуы – талшықтар, ластанулар және т.б.) сипаттап көрсету керек.

Көп жағдайларда терінің баздануы (әсіресе балаларда), терінің табиғи жолақтары (толық адамдарда және балаларда), тығыз қысып тұрған киім бұйымдарынан түскен сызықтар (күртенің жағасы және т.б.) странгуляциялық жолаққа ұқсауы мүмкін.

Өзін-өзі асып өлтіргендей етіп жасалғандығын төмендегілер көрсетеді:

- тіреуіштің болмауы, онсыз ілмектің бос ұшын бекіту мүмкін емес;

- мэйіт кейпіне сай келмейтін мэйіт дақтарының, қан іздерінің және өзге бөлінділердің орнығуы;
- ілмек материалы бедерінің мойындағы странгуляциялық жолақ тереңдігінің бедеріне сәйкес келмеуі;
- ілмектің материалы лас болса да жәбірленуші алақанының таза болуы;
- табанындағы ластанулар асылып тұрған дене маңайындағы жердің сипатына сәйкес келмейді.

Мойынның алдыңғы жақ бетінде жарты ай тәрізді тырнаулар (тырнақтың аймағынан бастап) мен түрлі пішіндегі қанталаулардың болуы мойынды қолмен қылғындырғандығын (мойынды жұқа заттың үстінен буындырғанда мойында зақымданулар болмауы да мүмкін) көрсетеді. Қолмен буындыру әрқашан қылмыс болып табылады.

Мұндай жағдайларда тергеу және сот органдарымен күресу және өзін өзі қорғауы деп бағалануы мүмкін басқа зақымданулардың морфологиялық белгілерінің бар болуы аса маңызды.

Мойынды саусақтармен буындырғанда зақымдардан басқа, мэйітке сот-медициналық сараптама жүргізу кезінде анықталатын, тез өліп кетуінің морфологиялық белгілері мойында пайда болуы осы жағдай үшін қалыпты.

Ұқсас морфологиялық белгілер мұрын мен ауыз саңылауларын жұмсақ затпен жапқан кезде де байқалады. Бұл ретте бетте көзге көрінетін жарақаттар болмауы мүмкін. Тек еріннің ішкі жағын айналдырып қараған кезде шырышты қабықтың жыртылғанын, қан құйылғанын, қызыл иектің зақымданғанын, кейде тіпті тістердің зақымданғанын байғауға болады. Жаңа туған нәрестелердің мэйітінде еріндері қанық қызыл түске оранып, құрғап, жиырылып және тығыздалып қалуы мүмкін, бұл өз кезегінде тырналды деп қате бағалануы мүмкін екенін ескеру керек.

Тыныс алу жолдарын жұмсақ нәрсемен жабу кезінде маңайындағы тері сұр түске оранып, мұрын мен еріннің жайпақталу ерекшелігі байқалады, ауыз бен мұрын қуыстарының шырышты қабығында ұлпа, жастықтың жүні және басқалары болуы мүмкін. Ол заттың (ауызға салған тығын) сілекеймен, құсық қалдықтарымен, шырышпен, қанмен ластанғанын байқау мүмкін.

Ауызға барынша терең тығылған тығын жұмсақ таңдайды басып тұрады және мұрынның дем алысын бұзады. Оқиға болған жерде мәйітті қарап тексеру процесінде тығынды және басқа бөгде заттарды ауыздан алып тастауға болмайды. Жәбірленушінің басында полиэтилен пакет болған жағдайда оны шешпейді, ал қарап-тексеру хаттамасында оның қалай байлану тәсілін, басқа және мойынға жабысуының тығыздығы және т.б. көрсетіледі.

Ұсақ сусымалы заттарды ішке тартқанда кеңірдек пен үлкен бронхалар бітеліп қалу нәтижесінде ауа жетпей қалады, ал олардың бөліктері (құм, дән және т.б.) көп мөлшерде мұрын мен ауыз қуыстарының аузында табылады.

Құсық қалдықтарын аспирациялау (жұтылған ауа ағынының сорылуы нәтижесінде бөтен денелердің тыныс жолдарына енуі) нәтижесінде тұншығудан өлгендігін қиналып өлгендігінің морфологиялық нышандарымен бірге, аузынан алкогольдің иісі шығуымен қатар бетте, киімде, маңайында құсық қалдықтары іздерінің болуы көрсетеді.

Балалардың тыныс алу жолдарын жабу ұсақ заттарды (түймелер, мұз кампиттер және басқалары) аспирациялау кезінде болуы мүмкін, олар тек мәйітті сою процесінде ғана табылады. Бұл жағдайларда қандай да бір зақымданулар табылмайды. Беттің ісінгендігі және тез қайтыс болғанының белгілері көрсетіледі.

Бөгде заттарды аспирациялау салдарынан тыныс жолдарының тесігін жабу есейген жастағы адамдардың, әсіресе егде жастағы адамдардың (тіс протездері, дұрыс шайналмаған тамақтардың түйірлері және т.б.) өлімінің себебі болып табылады.

Мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізумен қоса берілген заттай айғақтарға медициналық-криминалистік сараптама жүргізу негізгі сұрақтардан басқа келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

- Мойынды ілмекпен буындыру салдарынан болған зақымданулар болған жағдайда:

- Мәйіттің мойнында странгуляциялық жолақ бар ма, егер бар болса ол қалай орныққан, ол тірі кезінде пайда болған ба, әлде қайтыс болғаннан соң ба?

- Ілмектің сипаты мен ерекшеліктері қандай?

- Странгуляциялық жолақтың морфологиялық белгілері мэйіттің мойнында болған ілмектің ерекшеліктерімен сәйкес келе ме?
- Мойынды буындырған сәтте ілмек қай бағытқа керілген?
- Жәбірленушінің өзі ілмекті мойнына тартуы мүмкін бе?
- Мойынды буындыру бір рет болған ба, әлде бірнеше рет пе?
- Ілмек мойынын буындырған кезде жәбірленуші қандай қалыпта болған?
- Мэйіт асылған қалпында қаншалықты ұзақ уақыт тұрған?
- **Мойнында қолмен буындыру салдарынан болған зақымданулар, аузын және (немесе) мұрнын жабу белгілері болған жағдайда:**
- Мойнын қолмен буындырғанын қандай нышандар көрсетеді?
- Мойынды бір қолмен немесе екі қолмен буындырған ба, оның нышандары қандай?
- Мойынды буындыру бір рет болған ба, әлде бірнеше рет пе?
- Мойын дененің қай бөлігімен буындырылған (қолдың буыны, білек, иық)?
- Жәбірленушінің тыныс алу жолдарына бөгде адаммен бөтен заттардың енгізілгенін көрсететін белгілер бар ма?
- Беттегі зақымданулар оның аузы мен мұрнын жапқандығына нұсқай ма?
- Аузы мен мұрнының саңылаулары қандай нәрсемен жабылғанын анықтау мүмкін бе?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

6-2) Судан алып шығарылған мэйітті қарап-тексеру кезінде тергеуші табылған жері мен мэйітті қарап-тексерудің, мэйіттің – суда немесе судан шығарылғанына – орналасқан жеріне байланысты өзіндік ерекшеліктерге ие екенін ескергені жөн. Мэйіт жедел топ келгенше куәлармен судан шығарылуы, судың көтерілуі мен қайтуы кезінде, дауыл кезінде толқынмен теңіз жағасына шығарылып тастауы, сонымен қатар кіші су қоймаларында суының тартылып қалуы салдарынан құрғақ жерге шығып қалуы мүмкін. Кіші су қоймаларында және ыдыстарда батып кеткен жағдайда мэйіт әдетте қайтыс болған жерінде қалады. Ірі су қоймаларында мэйіт батқан жерінен үлкен қашықтыққа су ағынымен, ағаш ағызу барысында салмен, сондай-ақ жоғары және төмен су ағыны бойынша кемелермен ауыстырылуы мүмкін.

Мәйіт ірі су қоймаларында табылған жағдайда, көл, өзеннің атауы, жағалаудың атауы (оң, сол), дененің дүниенің төрт бұрыштарына (солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс) және маңайындағы қоршаған нәрселерге қатысты орналасуы, кейпі, дененің қай бөліктері суда және судың бетінде немесе дененің толық суға батқандығы және қандай тереңдікте екені көрсетіледі, еркін жүзуде ме, әлде бірденемен ұсталып тұр ма, су және ауа температурасы өлшенеді, кей жағдайларда су құрамын (тұщы, ащы) да көрсету керек.

Жылы күндері мәйітті судан тек құрғақ жерде оны қарап-тексеру және оны мәйітханаға апару бойынша барлық дайындық шараларын толық жүргізгеннен кейін ғана алып шығу керек. Бұл судан шығарылған мәйіттердің тез бұзылатындығына байланысты. Тергеуші хаттамада мәйітті суда мақсатқа сай іздеу үшін қандай құралдар қолданылғанын, мәйіт қандай тәсілмен судан шығарылғанын және бұл жағдайда киімі мен денесіне қандай зақымданулар келтірілгенін көрсетуі қажет.

Мәйітті кіші су қоймаларында, сұйықтықпен толтырылған ыдыстарда тауып алған жағдайда, су қоймасының сипатын, ыдыстың көлемін (мысалы: ваннаның ұзындығы, ені және биіктігі), қандай сұйықтықпен толтырылғанын, көрсетеді, сұйықтық қабатын, судың және ауаның температурасын өлшейді. Мәйіттің кейпін сипаттайды: денесінің қай бөліктері батырылған, қандай бөліктері сұйықтықтың бетінде, немесе дене толық және қандай тереңдікке батқанын көрсетеді. Егер су ваннадан ағызып жіберілсе, немесе мәйіт ыдыстан шығарылған болса, онда жоғарыда аталған деректерді тергеу жолымен алу қажет. Мәйіттің денесінің қай бөліктері заттарға тиіп тұрғанын көрсету қажет.

Арық, шұңқырларды қарап-тексерген кезде олардың тереңдігін, су қабатының қалыңдығын өлшеу керек, суда қоспалардың бар-жоғын, тұнықтығын, түбіндегі шөгінділер құрамын (лай, құм, ағаштардың жапырақтары және басқалары) атап көрсетілу керек.

Судан шығарылған мәйітті қарап-тексеру барысында киімінің маусымға сәйкестігіне көңіл бөлінеді, ылғалдылық дәрежесін, матаның түсін (суда ұзақ уақыт болу салдарынан түсін өзгертуі мүмкін), киімде құм, лай, ұлу қабыршағының жұғындылары, оған жабысқан су қоймасының жәндіктерінің бар-жоғы, киім мен терінің мазутпен және басқа техникалық сұйықтықпен бүлінгендігін сипаттайды.

Егер мәйітте түйінделіп байланған ілмектер (аяқ-қолын байлаған,

мәйітке салмақ қосып байланған және т.б.) болса, оларды мәйіттен алмай және түйіндерді шешпей фотоға түсіреді және сипаттайды. Мәйітке қосып байланған ауыр салмақ болса, оның салмағын болжап анықтау үшін материалын және көлемін көрсету қажет.

Айқын түрдегі шіріген өзгерістері жоқ мәйіттің мәйіттік дақтары ашық-көк, қанық-күлгін немесе қызғылт не болмаса алқызыл реңкті қызыл-күлгін болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда ағынмен мәйіттің қалпы өзгертілген кезде мәйіттік дақтар денесінің түрлі бөліктерінде орналасады. Егер мәйіттің бір бөлігі судың бетінде болса, суға батқан сызық бойынша қызылдау жолақтар пайда болады, уақыт өте олар мәйіттік дақтардың түсіне өзгереді.

Мәйітті қарап-тексеру кезінде суда болу белгілеріне аса көңіл бөлінеді: мәйіттік дақтарының түсі, терісінің бозарыңқылығы, «құс» терісінің болуы, емізік және ұма маңайындағы терісінің жиырылуы, баздануы. Терінің баздануын сипаттаған кезде оның орналасуын және айқындылығын атап көрсетеді: эпидермистің шалғырттануы және босауы, қатпарлылығы (ұсақ немесе ірі), інжудей ақ түсі, көпіршіктер, тері қыртысының, тырнақтарының сылынуы немесе болмауы. Эпидермистің оңай қатпарланатындығын, бастың әр жерінен шаштарын тарту жолымен шаштарының беріктігінің дәрежесін тексереді. Шаштың таз болып түсуінің суда түсуінен айрықша белгісі теріде түсіп қалған шаш буылтығының орнында шұқыр түріндегі нүктедей тереңдіктердің бар болуы.

Балдырлар болған жағдайда олардың дененің тұла бойына жайылуы, түрі, ұзындығы, жуандығы, түсі, консистенциясы, терімен байланысының беріктілігі көрсетіледі.

Мәйітті қарап-тексеру кезінде суға кетіп қалудың белгілерінен алғашқы 2-3 тәулікте тек ауыз бен мұрын саңылаулары маңайындағы ұсақ көпіршікті көбікті анықтауға болады. Көбік кепкен кезде жұқа ұсақ қуысты үлпек пайда болады. Көбік болмаған жағдайда көкірек қуысын басу керек, содан кейін көбік пайда болуы мүмкін. Мәйіттегі зақымданулар қалыпты тәртіппен сипатталады.

Заттай айғақтарды алу

Киім мен теріден су қоймасының мекендеушілерін, балдырларды, және мәйітті тапқан жерге сай келмейтін жұғындыларды алып тастаған орынды. Мәйіт суда емес, басқа сұйықтықта табылған жағдайда, таза

ыдысқа бұл сұйықтықтың үлгісін алады. Кейбір жағдайларда салыстырып зерттеу үшін арықтар мен шұңқырлардан сумен бірге түбіндегі тұнба қалдықтарының үлгісін де алады, өйткені кейде олар мәйіттің ауа тарату жолдарында және асқазанында болуы мүмкін.

Тоспа суы бар су қоймаларынан планктонды анықтау үшін су үлгісін алады. 1 литрден кем емес суды алу батометрмен немесе салмақ байланған шөлмекпен алынады. Шөлмекті алдын-ала осы су қоймасының суымен бірнеше рет шаяды. Су үстіңгі және түбіндегі қабаттардан алынады. Мәйіттің суға кеткен кезінен қарап-тексеру жүргізгенге дейін айлар өткен болса немесе мәйіт ұзақ ара қашықтыққа ауыстырылса және суға батқан жері белгілі болмаса, онда су үлгісін алу мақсатқа сай емес. Мұндай жағдайларда планктонды бақылап зерттеу үшін мәйітханада мәйітті сойған кезде оның өкпесін алады.

Қарап-тексеру аяқталған соң мәйіт заттай айғақтармен, оқиға болған жерді және мәйітті қарап-тексеру хаттамасының көшірмесімен, мәйітке сот-медициналық сараптама тағайындау туралы қаулымен және заттай айғақтарға сот-медициналық сараптамасын тағайындау туралы қаулымен бірге мәйітханаға жіберіледі.

Судан шығарылған мәйітті зерттеу кезінде сот-медициналық сараптама негізгі сұрақтардан басқа, келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

- Өлімнің себебі неде? Суға батып кетуі салдарынан қайтыс болған ба немесе өзге себебі бар ма?

- Мәйітте зақымданулар бар ма? Егер болса, олардың түрі, орнығуы және пайда болу механизмі қандай, олар тірі кезінде немесе қайтыс болғаннан кейін пайда болған ба? Егер тірі кезінде болса, қайтыс болғанға дейін қанша уақытта?

- Мәйіт суда қанша уақыт болған?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

5 ТАРАУ

Физикалық факторлармен зақымданған жағдайда сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар

1) Жоғары температура адамға жалпы әсерімен (ыстық шалу) және жергілікті әсерімен (күйю) кері әсерін тигізуі мүмкін.

Қоршаған ортадағы жағдай (жоғары температура және ауаның ылғалдылығы, жылдың ыстық мерзімінде жылдамдатылған маршрут кезінде, ыстық цехтарда жұмыс істеген кезде, кеншілердің терең шахталарда жұмысы кезінде бұлшық етке аса салмақ түсу және т.б.) ағзаның ыстық шалуына ықпал етеді. Мұндай жағдайларда қайтыс болуының ықтимал себебі ретінде ыстық өту немесе күн тию тәрізді ағзаның ыстық шалуын ескеру керек. Ыстық өткенде ағза түгелдей ыстыққа шалынады, ал күн тигенде – басым жағдайда бас қана ыстыққа шалынады. Мәйітті сырттай қарап-тексеру кезінде айрықша морфологиялық өзгерістер байқалмайды.

Бұл жағдайларда мәйітті табылған жерінде қарап-тексеру аяқталған соң, мәйіт қарап-тексеру хаттамасының көшірмесімен және мәйітке сот-медициналық сараптама тағайындау туралы **негізгі сұрақтар** қойылған қаулымен бірге мәйітханаға жіберіледі.

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

2) Өрт ошағында мәйіт табылған жағдайда өртенген мәйіттерді қарап-тексеру өрт болған жерде өртке қарсы қызмет мамандарымен бірге өрт сөндірілгеннен кейін немесе өрттен денені алып шыққан соң жүргізіледі.

Мұндай жағдайларда тіндер мен органдарының өзгеруі температураға және әсер ету уақытына байланысты. Теріге жоғары температураның ықпал етуі сұйықтықтың едәуір булануына және ақуыздардың ұюына әкеп соғады, оның салдарынан тіндер қатаяды және жиырылады, кейбір жағдайларда олар жарылады. Бұл ретте, кесілген жараға ұқсас, тері астындағы майлы тіндер мен бұлшық еттерге жетегін біршама терең жарықшықтар пайда болады.

Жарықшықтардың қайтыс болғаннан кейін пайда болғанына олардың буындардың аса қатты бүгілген жерлерінде (жиырылған өртенген терінің қатты тартылуы есебінен) орналасуы және біркелкі

тереңдігіне қарай көз жеткізуге болады. Оттың ұзақ уақыт әсер етуі салдарынан жұмсақ тіндер және сүйектер күлге айналып кетуіне дейін едәуір күйіп кетеді.

Мәйітке жоғары температура әсер еткен кезде ол «боксшы кейпіне» енеді – басы мен иығы артқа беріледі, қолдары бүгіліп денеге басылады, аяқтары жамбас және тізе буындарынан бүгіледі (бұл кейіп мәйіттің қайтыс болғандағы кейпі болып табылады).

Өрт орнында мәйітті қарап-тексеру барысында киімінің бүтін қалған заттарының қалпы, мәйіттен шығатын жанар-жағар заттарының (бензин, керосин және басқалары) иісінің бар-жоғы, қанға ұқсас іздер, оттың әсерінен болған зақымданулар атап көрсетіледі.

Өрт орнын қарап-тексеру барысында қарап-тексеруге қатысушылар өздерінің сақтық шаралары туралы естерінде сақтауы керек.

Осындай жағдайларда мәйітті қарап-тексеру кезінде қарап-тексеру хаттамасында мәйіттің маңайындағы заттарға қатысты орналасуы көрсетіледі. Бұл заттардың күлге айналуы, жағылған күйенің бар-жоғы, сырланған жерлердің ісінгені және шытынауы міндетті түрде тіркеледі. Егер мәйіт жабдықтардың бұйымдарымен басылып қалса, оны алуды қосымша зақымданулар келтірудің алдын алу үшін абайлап жүзеге асырады.

Киімдерін сипаттау кезінде оның мүлде жоқтығы немесе ішінара сақталғаны (тиісінше дененің қай бөліктерінде), қандай түрде сақталғандығы көрсетіледі. Киімнен шығатын өзіндік иістердің (бензин, керосин, басқа заттардың) бары, қан дақтары, оттың әсерінен болмаған зақымданулардың бар-жоғы белгіленеді. Тері астындағы май жасұнығының балқыған едәуір айқындылығы кезінде киімге май сіңіп кетеді, бұл жағдай кейде жанғыш зат сіңген деп қате қабылданады. Кейбір жағдайларда киімнің білте түрінде жануы кездеседі. Бұл ретте, киімге сіңе отырып тері астындағы жасұнық майының ақырындап «балкуы» бұл процестің үдемелі тарауымен одан әрі жануын жалғастырады, бұған қоса тіндердің зақымдалу тереңдігі жанып кеткен мата материалдарының жылу шығару қабілетінен асып түседі.

Жанып кеткен мәйітті қарап-тексеру барысында мәйіттік өзгерістерді белгілеу мүмкін болмайды. Сақталып қалған тері бөліктерінде мәйіттік дақтардың қызғылт-қызыл түсі анықталады, бұл әдетте өрт ошағында тірі кезінде болғанын және оның көміртек тотығымен қатты улану

салдарынан қайтыс болғанын білдіреді. Жану мәйіттің өзіндік консервациясына ықпал етеді. Бұл ретте шіру байқалмайды, шіру дамыған жағдайда да қалыпты жағдайларға қарағанда баяу өтеді.

Бетті қарап-тексеру кезінде оның ысталғандығына және оттың тірі кезіндегі әрекеті екендігін білдіретін көз айналасындағы, мұрын-ерін қатпарларындағы жазылған қатпарларда күйенің жоқтығына көңіл бөлінеді. Мұрын және ауыз саңылауларында, шырышты қабықта, тілінде, тісінде күйенің болуы. Тістің жылтыр қабығының түсін және оның жарықшақтанғандығын сипаттау керек. Егер мәйіттің басында шашатары сақталған болса, олардың ерекшеліктері, отпен шарпылғандығы, түсі сипатталады. Шамамен 200° С температурада шаштар жирен тартады. Өрт ошағында болған мәйіттердің бетінде байқалатын экхимотиялық бет пердесі, оған қоса көз қарығындағы қанталаулар, жоғарғы қуыс вена жүйесінде қысым көтерілуімен қатар дененің жанып кетуі салдарынан болып, қайтыс болғаннан кейін пайда болуы мүмкін. Бет және мойын терілерінің жылудан жиырылуы кейде тілдің ауыздан шығып кетуін шарттайды.

Анықталған күйіктерді мұқият сипаттау қажет. Терінің қызаруы, күлдіреулерінің айырмашылығы және бар болуы, өліеттену аймақтары және т.б. атап көрсетіледі, орналасуы белгіленеді, күйген жерлерінің жалпы аумағы бағаланады. Аумағын «ондық ережесі» (ересек адамның басы мен мойыны, қолдары, саны, сирағы және табаны – дене бетінің 9 % бойынша; дененің алдыңғы және артқы беті – 18 % немесе «екі ондық» бойынша; бұт арасы – 1 %) бойынша болжап анықтауға болады. Кішкене күйген жердің аумағын зерттеушінің алақанының көмегімен анықтауға болады (саусақтардың бүгілген қалпындағы алақан бетінің ашық алақаны ересек адам дененің шамамен 1,1 % беті), киімі мен шаштары сақталып қалған жағдайдағы тері бойына таратылған күйген жерлерінің болуы жанатын газ бен будың әрекетін көрсетеді. Отпен күйген кезде теріде күйенің іздері болады, шаштары шарпылады. Күйе мен күйген жерлердің орналасуына қарай оқиға барысындағы дененің қалпын сипаттауға болады.

Мәйітте табылған зақымдануларды сипаттаған кезде олардың түрлі жағдайларда пайда болу мүмкіндігін ескерген жөн. Олар мәйіт күйген кезде қайтыс болғанда (терінің, жұмсақ тіндер мен сүйектердің жарылуы), жанып жатқан қабырғалардың, жабындардың құлауы сал-

дарынан, өрт сөндірушілердің өрт ошағын аршу кезінде пайда болуы мүмкін. Мәйіт сүйектері ашылып қалғанға, буындары мен ірі қуыстары (бас сүйек, кеуде, іш) ашылғанға дейін барынша қатты күйіп кетуі мүмкін, қайтыс болғанда қол буындары және табан кесіліп түсіп қалуы мүмкін. Мәйітке жоғары температураның түрлі аумағы мен ұзақтығының әсері сүйектердің өртенуінің түрлі деңгейіне әкеп соғады (қара, сұр, қуырылған ақ). Бұл құбылыс сүйек тіндеріндегі органикалық заттардың үдемелі түрде азаюымен (ақ болып қуырылып жоғалғанша дейін) байланысты.

Тергеуші әрқашан өлтіруді жасыру үшін қылмыстық өртеу әрекетінің болуы туралы да ойлауы керек және оттың әрекетімен байланыспайтын, тірі кезінде алған зақымдарын табуға тырысуы керек. Тергеу және сот-медициналық практикасында өртеніп кеткен мәйіттерде странгуляциялық жолақтың, шабылған, тесіліп-кесілген, оқ тиген жаралардың табылған кездері де белгілі. Мойнына ілмек салу салдарынан қайтыс болған жағдайда странгуляциялық жолақ маңайындағы тері жақсы сақталып қалуы мүмкін, өйткені ілмек белгілі дәрежеге дейін мойынды оттан қорғап тұрады.

Өлтіріп кейін өртеген кезде бастапқы қарап-тексеру барысында-ақ күйген жерлерінің арасынан өліп кетуіне себеп болған зақымдарды табу мүмкін. Мұндай жағдайларда, жерге тиіп жатқан мәйіттің денесінде күйген жерлер болмайды, күйе жолақтары дене бойына көлденең түрде таралады.

Мәйіт көмірленген жағдайда, қашанда қайтыс болған адамның жеке басын анықтау туралы сұрақ туындайды, бұл ретте өрт ошағында бірнеше адамның қайтыс болуы аса қиындық тудырады. Оттың әсері кезінде тіндердің сусыздануы салдарынан омыртқааралық шеміршектері отырады, омыртқалардың көлемі кішірейеді, бұл өз кезегінде дененің едәуір кішірейуіне әкеп соғады. Ересек адамның басы көмірленген кезде өлшемі бойынша баланың басына ұқсап қалады. Мұндай жағдай басқа дене мүшелеріне де қатысты. Киім қалдықтарының өлікті тану кезінде елеулі маңызы бар.

Өрт ошағындағы өлімнің тікелей салдары күрделі өлім механизміне ие және сот-медициналық сараптама жүргізу барысында анықталуы мүмкін.

3) Мәйітті қылмыстық өртеу. Мәйітті өртеу қылмыс іздерін жасыру үшін жасалады. Бұл ретте тергеуші және сот дәрігері жылытқыш ошағын (орыс пеші, ошақ, қазан оттығы, алау орны) мұқият қарап-тексереді.

Температураны, оттық көлемін, пештің астын, желтартқышын өлшейді; пештің ішіндегі шойын темірінің және оның астындағы шұңқырының қалпы мен өлшемі, ошақтың қабырғаларындағы күйенің (майлы күйе) түсі көрсетіледі. Тергеуші тарту тиімділігін, қолданылған отынның сипатын, пайда болған күлдің болжамды мөлшерін және оның ошақтағы орнын, сипатын (ағаш, тезек, тас көмір) және түрін (ұсақ, көмір кесектерімен, сүйек фрагменттерімен, және басқа қосындылар) анықтайды. Жылытқыш ошағын соңғы рет қашан және қандай мақсатпен пайдаланғандығы анықталады.

Пештің ішіндегі шойын темірін пештен алған орынды, өйткені оның торларының арасында көмірленген сүйек кесектері және басқа сараптамалық зерттеу объектілері болуы мүмкін.

Оқиға болған жердегі күлдің арасында көмірленген тістерден түсіп қалған фосфатцемент және күміс амальгамасынан жасалған пломба-лар (өзіне тән түр мен көлемдегі берік ақ-сұр фрагменттер түрінде) табылуы мүмкін. Басқа материалдардан жасалған пломбалар отқа тез балқып кетеді және бұзылады. Тіс қаптамасының алтыны балқып, күл арасынан ұсақ сұрлау түйіршіктер түрінде табылады.

4) Ыстық сұйықтықтар мен булардың әрекеті. Бұл реттегі мәйіттің табылған жерлері әдетте бу шығаратын құрылғылары (автоклавты, қазандық, жылу орталығының құдықтары) бар өндірістік орындар болып келеді. Ыстық сұйықтықтың әрекеті (пісіп қалу) тұрмыста да кезігуі мүмкін (мысалы, ваннада жуынып жатқанда). Киімді сипаттаған кезде оның ылғалдылық дәрежесіне, бүтіндігіне, сұйықтық және оның қоспаларының іздерінің болуына көңіл аударылады, бұл әрекет еткен агенттің өзіндік айырмашылығын білуге мүмкіндік береді. Мәйітті қарап-тексеру барысында 1-2 дәрежедегі, сирегірек тіл тәрізді шеттері бар аққан із түрлеріндегі 3-дәрежедегі күйік анықталады. Ыстық сұйықтықтың төмен қарай ағу салдарынан, морфологиялық өзгерістер сұйықтықтың алғаш тиген жерінен төменірек орын алады. Кейде күйік көпіршіктерінің бірігіп кетуі және дененің едәуір бөлігінде тері қыртысы қатпарланып бөлінуі байқалады.

Ыстық сұйықтықтан (будан) күйген аймақтарда күйе болмайды, шаш және тырнақтар зақымдалмайды, ешқашан 4-дәрежедегі күйік болмайды.

Улы заттардың (қышқыл, сілті) әрекеті салдарынан денеде термиялық күйікке ұқсас өзгерістер болады. Әдетте олар аумағы бойынша үлкен емес, киіммен жабылмаған дене бөліктерінде (бет, қол буынында) орналасады, күлдіреулер болмайды. Терінің жанып кеткен жерлерінде аққан із түріндегі өзіне тән айырмашылығы және өзіндік түсі болады, мысалы, күкірт қышқылымен зақымданғанда ақ немесе сұр, азот қышқылымен зақымданғанда – сары-жасыл түс.

Заттай айғақтарды алу

Әдетте тергеуші өрт болған жерден жанғыш сұйықтықтардың ізі бар заттарды, электрден қорғау құралдарын (балқыған сақтандырғыш), сымдардың үлгілерін, құжаттарды, жарақат келтірген болжамды құралдарды және т.б. алады.

Мәйітті қылмыстық түрде өртеді деп күдіктенгенде ошақтан міндетті түрде күл алынады. Сот-медициналық сарапшы тергеушіге пештің түрлі жерлерінен және желтартқышынан үлгілер алуға, алау орнынан кем дегенде жекелеген төрт түрлі күлдің шамамен 50г. салмақта үлгісін алуға көмектеседі, ал осы үлгілерді қарап-тексеру және басқа да табылған заттарды (сүйек бөліктері, метал бөлшектері және т.б.) іріктеу аяқталғаннан кейін, қалған барлық күлді зерттеу үшін алуға көмектеседі. Күлдің ішінде көмірленген киімнің маталары, қағаздардың фрагменттері табылған жағдайда, оларды алады да шыны заттардың арасына абайлап салып, байлайды.

Пеш ішіндегі шойын темірдің шұңқырынан күлді қабаттары бойынша алады, қаптамаға үлгіні қандай тереңдікте алғанын көрсетіп салады.

Жылытқыш ошағында тек шаң ғана болса, бірінші төрт жерден үлгі алады, сосын қалған шаңның бәрін жинап алады.

Егер ошақта отын жанып тұрған болса, оны ақырын алады да сөнгенше қалдырады, кейін үлгілер алуды жүргізеді.

Барлық үлгілерді жеке қалың пакеттерге, олардың қай жерден алынғанын, мысалы: «пештің алдыңғы оң жақ бұрышы», көрсетіп салады. Негізгі қаптама материалдары мақта-мата кездемесі, калька, қораптар бола алады. Бұл заттар бұрын метал бөлшектерін сақтау үшін пайдаланылса, олар қаптама үшін пайдалануға жарамсыз болады.

Үлгілерді ағаш немесе пластик күректермен (қалақшалармен) алады. Үлгілерді жеткізу кезінде қосымша зақымдамау үшін олардың арасына мақта, жұмсақ мата, қағаздар салады.

Көмірленген сүйектердің тез үгітілетін ұсақ кесектері шыны түтікшелердің ішіне мақтамен (дәкемен) қосып салынады. Егер алау орнына құм себілген болса, онда күлден басқа топырақтың 2-3 үлгісі (әрқайсысы шамамен 100 г.) алынады. Сондай-ақ, тергеуші мәйітті өртеу кезінде пайдаланылуы мүмкін отынның үлгісін (100 г. кем емес) де алып, оны зерттеуге жібереді.

Оқиға болған жерді және мәйітті қарап-тексеру аяқталғаннан кейін, мәйіт оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасының көшірмесімен мәйітханаға жіберіледі; табылған заттай айғақтар, оларға сот-медициналық сараптама тағайындау туралы қаулымен бірге криминалистік зертханаға жолданады.

Жоғары температура әрекетінің белгілері болған кезде мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізу, жүргізілген зертханалық зерттеулермен қоса, негізгі сұрақтардан басқа, келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

- Термиялық күйіктер өлімнің себебі болып табыла ма немесе өлім басқа себептен болған ба?

- Күйік неден болған (оттан, қатты қызған газдан, ыстық сұйықтықтан)?

- Қайтыс болған адам тірі кезінде өрт ошағында болған ба, немесе дене қайтыс болғаннан кейін өртенген бе?

- Мәйіттің денесінде ыстық температураның әрекетімен байланыспайтын зақымдар табылды ма?

- өртеніп кеткен сүйек фрагменттері адамға немесе жануарға тиесілі ме?

- Күл қалдықтары бойынша өртенген адамдар саны қанша?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

5) Мәйіт қоршаған ортадағы төмен температурадағы жағдайларда болғанда, және өлімге себеп болатындай қандай да бір зақымдардың болмауы, *адам өліміне себеп жалты суық тию болуы мүмкін деген пікір тудырады.* Одан өзге, адамның үстіндегі киімі төмен температураға сай келмесе немесе ішінара болмаған жағдайда (оның бар-жоғы, ауа райы-

на сай болуы, қалпы, ылғалдылығы және басқа мәйітті қарап-тексеру хаттамасында көрсетілуі тиіс сипаттар мен ерекшеліктер).

Аяғы өлімге соқтыратын суық тию жылы температурада да болуы мүмкін екенін естен шығармау керек. Өте сирек болса да, қылмысты жасыру үшін суық тиіп өлді деген пікір тудыратын жағдай жасау әрекеттері де кездеседі. Қыс мезгілінде, мәйіт ашық кеңістікте табылған жағдайда, оның астындағы қардан еріп, кейін мұз қабықшасына айналатын адам денесінің жылуы әсерін білдіретін белгілерді табуға болады. Жалпы суық тиюден қайтыс болу жағдайларының мынадай өзіндік айырмашылықтары бар:

- «ұрық кейіні» (жылуды сақтап қалу мақсатында, адам аяқ қолдарын денесіне жабыстырады, оларды «бұйығып қалғандай» бүгеді);

- мұрны мен ауыз саңылауларында сүңгінің, ал кірпіктерінде – қыраудың болуы;

- мәйіттік дақтардың алқызыл түсі;

- «қаз терісінің» және түрлі дәрежедегі үсіген жерлерінің болуы.

Мұз басып кеткен мәйіттің қалпын қарап-тексеру барысында суыққа ұшқан дененің нәзік бөліктерін (саусақтары, құлақ қалқанын, және т.б.) зақымдап алмау мақсатында аса сақтық танытқан жөн. Мұз басқан қалпында мәйіт шексіз ұзақ сақталуы мүмкін, бұл өлімнің болған уақытын анықтауда қиындық туғызады.

Көп жағдайларда оқиға болған жердің жалпы ахуалы төмен температураның әсер ету жағдайын көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар зор ықтималдықпен өлімнің себебін көрсетуі де мүмкін.

Заттай айғақтарды алу

Суық тиюден қайтыс болған жағдайда заттай айғақтарды алудың маңызды ерекшеліктері жоқ.

Қоршаған маңайын қарап-тексеру барысында мәйіттің үстінде болмаған киімдерін (бас киім, шарф, қолғабы және т.б.) тауып анықтайды және алады. Арагідік тергеуші мәйіттің қасынан табылған спирт ішімдіктерінің шөлмектерін, дәрі препараттарының қаптамасын, өлер алдында жазған жазбаларын алады.

Қардағы қан іздері қардың мейлінше аз мөлшерімен алынады, 5-6 қабат төселген дәкесі бар тәрелкеге салынады. Қар ерігеннен кейін дәке бөлме температурасында кептіріледі. Бақылау зерттеу үшін тура сондай мөлшердегі қар алынып, тура сондай дәке төселген тәрелкеге салынады.

Төмен температура әрекетінің белгілері болған кезде мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізу, негізгі сұрақтардан басқа, келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

- Өлімнің себебіне төмен температураның (үсіп қалу) әсері болған ба?

- Үсіп қалуына не ықпал етуі мүмкін (мас болу, ауру, жарақат)?

- Үсіп қалу нәтижінде қаншалықты тез қайтыс болған? Жәбірленуші өлімінің болған уақытының ұзақтылығы қандай?

- Мәйіттің денесіндегі зақымданулар суықтың әсері салдарынан болған ба немесе басқа себептер бар ма? Олар мәйіттің қатып қалу салдарынан болмаған ба?

- Жәбірленуші қайтыс болғанға дейін спирт ішімдіктерін ішкен бе, егер ішкен болса, оның алкогольмен улану дәрежесі қандай?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

б) Атмосфералық электр тоғымен зақымдану кезінде өлімге әкеп соғатын жазатайым оқиғаларға әрқашан алдыңғы болған нақты ауа райы (найзағай) себеп болады. Найзағай түсіп зақым алған жағдайлардың морфологиялық келбетінің өзіндік айырмашылықтары бар. Механикалық күші және жылу энергиясы бар найзағай ойран келтіреді, құрылыстарды өртейді, металдарды балқытады және күйдіреді. Жай түсу салдарынан өлімге әкеп соғатын жағдайлардан басқа, жәбірленуші есінен айырылып жалған өлім деп аталатын күйде болатын жағдайлар да кездеседі.

Найзағай соққысы бір немесе бірден бірнеше жерге түсуі (тарамдалып түскен жағдайларда) мүмкін. Сирек жағдайларда бір тарамдалған найзағай соққысынан бірнеше адам жаппай зардап шегетін кездер де болады, және де мұндай соққылар жабық үй-жайларда болуы да мүмкін, олардың төбесінде найзағай әсерінің іздері (саңылаулар, бөренелердің жарылуы және жануы) табылуы мүмкін.

Найзағай түскенде, әдетте, киімдер едәуір айтарлықтай жыртылуы мүмкін. Көп жағдайларда, жыртық жерлердің шеттері тегіс болып келгендіктен, осыған байланысты кесетін қарумен келтірілген зақым деп қабылдануы мүмкін.

Атмосфералық электр тоғының адам денесіне әсерінің ерекше типтік белгілері қызыл және алқызыл түстегі кеңейтілген дене бетін-

дегі қантамырларының ағаш тәрізді тарамдалған желісі сияқты болып көрінетін найзағай пішіні болып табылады. Мәйітті қарап-тексерген кезде шаштың шарпылуы және түрлі аумақтағы және тереңдіктегі күйіктер, жыртылған және соғылған жаралар, сонымен қатар күйген шеттері бар кішкене саңылаулар түріндегі терінің айрықша зақымдануы да табылуы мүмкін. Өте сирек жағдайларда оқиға болған жерде зардап шегушінің киімінде өзіндік іздердің болғанына қарамастан, денесінде зақымдар болмауы мүмкін.

7) Оқиға болған жердің маңайындағы ахуал техникалық электр тоғымен зақым алғандығына күдік тудыруы мүмкін (кернеудегі электрлік тұрмыстық және басқа бұйымдардың, тоқ жүретін ашық сымдардың және т.б. болуы).

Тоққа түскен кезде адам барлық тіршілік қызметтерінің айқын қысылғандығы салдарынан біршама уақыт жалған өлім қалпында болуы мүмкін. Бұл жағдайда зардап шегушіге реанимациялық көмек көрсету керек.

Техникалық электр тоғының әсерінен қайтыс болған адамның мәйітін қарап-тексеру барысында, ең алдымен зардап шегушіге көмек көрсетілгендігін анықтау керек, егер көрсетілген болса қандай көмек көрсетілді және оның сипаты? Егер дененің орны ауыстырылған болса, бастапқы оқиға болған жердің ахуалын анықтау қажет.

Электр тоғымен өлтіру және өзін-өзі өлтіру оқиғалары сирек кездеседі, негізінен бұл – техника қауіпсіздігінің ережесін бұзу, электр жабдықтарының, бұйымдардың және электр аппаратураларының техникалық бұзылуы, электрден оқшаулау зақымдары салдарынан болған жазатайым оқиғалар.

Электр тоғымен зақымдану тоқ тарататын объектімен тура байланыста болу салдарынан жиі кездеседі. Электр жарақаты сымдармен тікелей байланыссыз да вольт доғасы (мысалы, зардап шегушінің вагон төбесінде электр беру жүйесінің астында тұрған кезінде) пайда болған кезде немесе «қадамдық кернеу» (жоғары вольтті жүйенің құлаған сымының аумағынан бірнеше қадам қашықтықта әрекет етеді) пайда болғанда зақымдану салдарынан болуы мүмкін.

Мұндай жағдайларда мәйітті қарап-тексеруді бастар алдында электр желісін және қолда бар жабдықтарды тоқтан айыру арқылы қарап-тексерудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек. Осыған байла-

нысты оқиға болған жерді қарап-тексеруді электр техникасы жөніндегі маманның қатысуымен жүргізген орынды.

Қоршаған маңайдағы заттарды қарап-тексеру кезінде сол жердегі барлық электр бұйымдарды, станоктарды, кез келген басқа да тоқ өткізгіш заттарды мақсатты түрде қарап-тексеру керек. Қай сәт тоқтардың өткізгіштігін күшейтті және тоқпен зақым келтіруге (ауаның жоғары ылғалдылығы, ылғалды үй-жай, резеңке қолғаптардың және кілемшелердің болмауы және т.б.) ықпал еткенін анықтау қажет. Дененің тоқ көздері және тоқ өткізгіштерімен болжамды байланысын белгілеу керек, зардап шегуші тоғы бар қауіпті аумақта болды ма, оның дене бөліктері тікелей жоғары кернеулі тоқ жүретін сымдарға немесе метал құрылымдарына тиді ме, осыларды анықтау керек. Киімді қарап-тексеру кезінде оның тоқ өткізу ерекшеліктеріне (ылғалдылығы, аяқ киімінің табанында шегелердің болуы), және тоқтың жылу және механикалық әсерінен зақымданудың (жыртылу, шарпылу, күйу, шегелердің балқуы және т.б.) болуына көңіл аудару керек.

Мәйітті қарап-тексеру барысында ең алдымен тоқтың әсерінен болған зақымдарды (электрлік белгі), тоқтың кірген және шыққан жерін анықтау керек. Электрлік белгілер, басым жағдайда қол буыны және табан аймақтарында орын алады және ақшылдау немесе сұрлау құрғақ терімен қоршалған, кейде беткі қабаттарының қатпарлануымен сызылған жер немесе жара түрінде болуы мүмкін.

Кей жағдайларда олар күлдіреп кеуіп қалғанға ұқсауы мүмкін, сүйел, қанталау, кесілген жара және басқалары түрінде болуы мүмкін. Табылған өзгерістердің электрлік белгі болуы мүмкіндігі туралы сұрақ сот-медициналық сараптама жүргізілгеннен кейін шешілуі мүмкін.

Мәйітті қарап-тексеру барысында метал заттарға (сағат білезігі және басқалары) жанасқан тері бөліктерінің электрлік металдануы немесе ауқымды күйіктер (вольт доғасымен зақымданған кезде) анықталуы мүмкін.

Заттай айғақтарды алу

Оқиға болған жерден, электр жарақатын алған жағдайларда, тергеуші криминалистік зертханаға зерттеуге жіберу үшін зардап шегуші байланысқа түскен тоқ өткізгіш сымдарды, электр бұйымдарын және аппаратураны, балқыған және жанған киім бөліктерін, аяқ киімін және басқа заттарды алады. Биологиялық текті жұққан іздерді – қан,

шаш, тері бөліктері және басқаларын, объектінің қандай заттан (жерден) алынғанын көрсетіп, қағаз пакеттерге салып сот-медициналық зертханаға жібереді. Биологиялық сипаты бар жұққан іздері бар заттарды сот-медициналық зертханаға зерттеу үшін жіберуі де мүмкін. Бұл ретте, жеткізу кезінде жоғалтып алмас үшін жұққан іздер тиісті түрде бекітілуі керек (мысалы: түссіз жабысқақ лентамен). Кейіннен зардап шегушінің денесіндегі зақымдармен салыстыру үшін тоқ көздері болуы мүмкін деп болжанған тоқ өткізілген жерлерден іздер алынуы мүмкін.

Сараптамаға энергия көзінің сипаты және оның адам денесімен болжамды байланыста болғандығы, электр тоғының әрекет ету уақыты, ауа және топырақ ылғалдылығының дәрежесі, киімдерінің және аяқ киімінің ерекшеліктері (зақымдардың бар болуы) туралы деректер берілуі тиіс.

Электр әрекеті кезінде мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізу, ұсынылған заттай айғақтарға криминалистік, сот-медициналық сараптамалардың деректерімен қоса, негізгі сұрақтардан басқа, келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

- Өлім техникалық және атмосфералық электр тоғымен зақымдану салдарынан болды ма?

- Зардап шегуші денесінің қай бөлігі электр тоғы көзімен жанасқан?

- Зардап шегушінің денесінде электр әсері үшін сипатты зақымданулар бар ма?

- Тоқ өткізгіштің ерекшеліктері және физикалық сипаты қандай?

- Тоқтың ағзадағы жүріп өткен болжамды жолы қандай (тоқ ілмегі)?

- Табылған зақымдардың пайда болу механизмі қандай?

- Зақымдар тоқ көздеріне жанаспай (қадамдық кернеу, электр зарядының бітуі, электр доғасы) пайда болуы мүмкін бе?

- Электр жарақатынан өлімнің болуына қандай жағдайлар ықпал еткен?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

8) Радиациямен зақымдану иондаушы сәулелену әрекеті кезінде болуы мүмкін.

Иондаушы сәулеленуге радиоактивті көздерден (нейтрондар, альфа-, бета-бөлшектері, рентген (гамма-) сәулелері) сәулеленуді жатқызады. Радиоактивті көздің зардап шегушіге қатысты орналасуына

байланысты сәулелену сыртқы (жалпы және жергілікті) немесе ішкі (ағзаға ішек-қарын жолы немесе өкпе арқылы түскенде) болуы мүмкін.

Радиациялық зақымданудың сәулеленудің игерілген мөлшерінің шамасына қарай келесі түрлерін айырады: 1) бас сүйек-ми (игерілген мөлшері —10 Гр дейін); 2) ішек (10—20 Гр); 3) токсемиялық (20-80 Гр); 4) церебральді (80 Гр аса); 5) игерілген мөлшері 150Гр асқанда бас миінің өмірлік маңызды орталықтарының сал болуы себебінен «сәуле астындағы өлімге» ұшырайды.

Сәулелеу нәтижесінде сәуле ауруы деп аталатын жіті және созылмалы нысандағы түрлерінде ауру үдейді.

Жіті сәуле ауруы бір рет көлемді түрде сәулелену немесе радиоактивті заттың көп мөлшерде ағза ішіне бір мезетте түскен кезінде пайда болады. Сәуле ауруының симптомдары өте көп және сәулелену мөлшерінің шамасына, және де радиация түріне байланысты. Оның ағымын 4 кезеңге (фаза) бөледі: бастапқы реакция кезеңі, жасырын кезең, айқын құбылыстар кезеңі, нәтиже кезеңі. Жіті сәуле ауруларының өзіндік айрықша ерекшеліктері қан құрамында және сүйек миының жасушалы элементтерінде, лимфа жүйесінде және көкбауырда өзгерістердің пайда болуы, тіндерге және ішкі органдарға қан кету, қаназдық, органдар мен тіндердің шірігі және дистрофиялық өзгерісі, ірінді-септикалық асқыну.

Сәуле ауруының созылмалы түрі аз мөлшерде бірнеше рет сыртқы сәулелеу немесе ішкі ағзаға радиоактивті заттардың мардымсыз мөлшері әлсін-әлсін түсіп тұруы салдарынан дамуы мүмкін. Әдетте, ол қантүзілімін басумен, геморрагиялық синдроммен және жұқпалы асқынулармен жүретін толқын тәрізді ағынмен ерекшеленеді.

Иондаушы сәулеленудің *жергілікті әрекеті* сәулеге күйеу кезінде болады, оларға жасырын кезең, гиперемия және ісіктің басталу кезеңі, геморрагия, тіндердің күлдіреуі және өлі еттенуі тән болып келеді. Сәулеге күйеу жараға айналуға, індет жұқтыруға және қатерлі азғындауға бейім.

Радиациялық зақыммен байланысты қайтыс болғанына күдік болғанда, сараптамаға киімнің, сыртқы жамылғылардың, органдардың және мәйіттің тіндерінің радиоактивті заттармен зақымдану дәрежесін анықтау үшін дозиметрлік бақылау жүргізген деректері берілуі тиіс.

Одан өзге, оқиға болған жерді және мәйітті қарап-тексеру хаттамасы, сонымен қатар алынған заттай айғақтар ұсынылуы керек.

Иондаушы сәулеленудің әсері кезінде мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізу (радиациялық медицина саласындағы маманның қатысуымен), негізгі сұрақтардан басқа, келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

- Иондаушы сәулеленудің ағзаға әсер ету белгілері бар ма (сәулеге күй, жіті және созылмалы сәуле аурулары)?

- Иондаушы сәулеленудің қай түрі орын алған?

- Әрекет еткен иондаушы сәулеленудің қуаты және радиацияның болжамды игерілген мөлшері қандай?

- Сәулелену сыртқы немесе ішкі ме, уақытша немесе ұзаққа созылған ба?

- Өлім нақты сәулелену жағдайында болуы мүмкін бе және сәулелену сәтінен өлімге дейін болжамды түрде қанша уақыт өткен?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

6 ТАРАУ

Өзгерген мәйіт табылған жағдайда сот-медициналық сараптама-ларды тағайындау бойынша ұсынымдар

1) Мәйітті қылмыстық бөлшектеу (фрагменттеу) кезінде.

Мәйітті фрагменттеу (туралау, шабу, арамен кесу) қылмысты (өлтіруді) жасыру немесе марқұмның жеке басын анықтауға кедергі келтіру әрекеттері кезінде кездестіріледі, дегенмен көп жағдайда жарылыс кезіндегі жарақаттар кезінде, сондай-ақ көлік (авиациялық, темір жол, сирегірек автомобиль) апаттары кезінде болады. Мәйіттің жекелеген мүшелері медициналық институттардың анатомиялық мұражайларынан ұрлаған жағдайларда да табылуы мүмкін.

Мәйітті қылмыстық бөлшектеу кезінде көп жағдайда олардың мүшелері түрлі жерлерге апарып тасталынады. Бұл ретте жануарлар денесінің жекелеген бөліктері (ұзын жілік сүйектері, қабырғалары, омыртқалары) немесе олардың фрагменттері адамдардың сүйектеріне ұқсас келетінін ескерген жөн.

Фрагменттелген (бөлшектелген) мәйіттің мүшелері табылған кезде дене мүшелері (бұған қоса мәйіттің түрлі дене мүшелері әртүрлі материалдарға оралуы мүмкін) оралған заттарды сипаттау керек. Бөлшектелген дененің қаптамасының (орамасының) белгілерін (олардың түйіндерін) мұқият сипаттау қажет, тіпті міндетті түрде, өйткені олар маңызды заттай айғақтар болып табылады.

Қарап-тексеру хаттамасында бөлшектелген дененің жекелеген мүшелері қандай күйде табылғанын атап өту керек. Мәйіттің жекелеген мүшелерінің қайтыс болғаннан кейінгі өзгеруінің айқындылығының түрлі (тіпті қатты айырмашылықпен) дәрежесі олардың бірнеше адамға тиесілі екендігіне дәлел емес, өйткені дененің жекелеген мүшелері бірдей емес жағдайларда болуы мүмкін. Оқиға болған жерден барынша көп мөлшерде жәндіктерді жете алу керек, олар тиісті зерттеу жүргізгеннен кейін дене мүшелерінің сол жерде пайда болуының ұзақтығы туралы сұрақты шешуге көмектесуі мүмкін.

Болжамды бөлшектеу орны аса ыждаһаттылықпен зерттелу керек, өйткені денені мүшелеу іздері мұқият жойылып отырады. Дегенмен, биологиялық тіндер мен сұйықтықтардың жекелеген бөліктерін (еденнің, ернеуліктің, жиһаздардың саңылауларынан қан іздерін, жұм-

сақ тіндердің ұсақ кеуіп қалған бөлшектерін және басқаларын) көп жағдайда табу мүмкіндігі бар.

Оқиға болған жерде фрагменттелген мәйіттің мүшелері (мәйітті қылмыстық бөлшектелгеніне күдіктенгенде) табылған жағдайда, олар оқиға болған жерді және мәйіттің мүшелерін қарап-тексеру хаттамасының көшірмесімен мәйітханаға жіберіледі.

Фрагменттелген мәйіттің мүшелерін зерттеу кезінде мәйіттің мүшелеріне сот-медициналық сараптама жүргізу, зертханалық зерттеу (сот-биологиялық, молекулярлы-генетикалық, медициналық-криминалистік, химиялық-токсикологиялық) деректерімен қоса, негізгі сұрақтардан басқа, келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

- Оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде табылған қалдықтар адамға тиесілі ме, әлде жануарға ма?

- Табылған дене мүшелері бір адамға тиесілі ме, әлде бірнеше адамға ма?

- Адам денесінің табылған мүшелерінде тірі кезінде пайда болған зақымдар бар ма, егер бар болса олар қалай орналасқан, саны қанша, пайда болу механизмі қандай және қайтыс болуына себепті-тергеу байланысы қандай?

- Денені фрагменттеу (бөлшектеу) қандай тәсілмен жасалған?

- Фрагменттеу (бөлшектеу) ұсынылған құралмен жасалған ба?

- Жәбірленуші тірі кезінде қандай ауруларға шалдыққан?

- Жәбірленушінің жынысы, жасы, бойы және қан тобы қандай?

- Мәйітте жәбірленушінің қандай нақты іспен айналысқандығын және дағдыларын білдіретін белгілер бар ма?

- Жәбірленуші тірі кезінде қандай да бір хирургиялық оталар жасатқан ба, егер жасатқан болса қандай және қашан?

- Табылған дене мүшелерінде мәйітті фрагменттеген (бөлшектеген) адамның анатомия және секциялық техника саласындағы белгілі бір білімі және кәсіптік дағдыларының бар екендігін көрсететін белгілер бар ма?

- Әйел адамның мәйіттеріне қатысты бұрын болған босанулары, қайтыс болған кезде жүктіліктің бар-жоғы туралы сұрақтар қоюға болады.

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

2) Мәйітті бөлшектеу (фрагменттеу) террорлық әрекеттер, өндірістік және тұрмыстық апаттар салдарынан болған жарылыс кезіндегі жарақат алу кезінде болуы мүмкін.

Жарылыс— арнайы жарылыс құрылғыларын, бомбаларды, оқ-дәрілерді пайдалану кезінде, тұрмыстық және өндірістік жағдайларда газдардың тұтануы кезінде және т.б. физикалық немесе химиялық заттардың түрленуі нәтижесінде көп мөлшердегі қуаттың импульстік босатылуы. Жарылыс салдарынан әртүрлі зақымдар болуы мүмкін – кішкене жаралардан бастап денені толықтай ойран ететін барожарақаттарға дейін.

Жарылыстың зақымдаушы факторлары:

- жарылыс газдарының әрекеті (талқандау, жарғыш, контузиондық);
- жарылғыш заттардың бөлшектерінің әрекеті (тырналған жаралар, сыртқы жаралар, термиялық және химиялық күйіктер);
- көп жағдайда барожарақатқа әкеп соғатын шексіз соққылайтын қатты зат сияқты әрекет ететін соққы толқыны;
- жарылыс құрылғысының бөлшектері мен жарықшықтарының әрекеті;
- қайталама снарядтың әрекеті;
- арнайы зақымдаушы құралдардың әрекеті (түйіршіктер, инелер, өзектер және т.б.).

Жарылыстың зақымдаушы факторлары механикалық, бароакустикалық, термиялық және химиялық әрекеттер етуі мүмкін.

Жарылыс жарақаттарына сараптама жүргізгенде келесі жарылыс қашықтықтары ажыратылады:

- *өте жақын* (детонация өнімдерінің, соққы толқыны және жарықшықтардың әрекет ету шегінде) – жарылыс құрылғысының денемен және киіммен тікелей жанасқан кезінде байқалады;
- *біршама жақын* – соққы толқыны және жарықшақтардың әрекет ету шегінде;
- *жақын емес* – жарылыс құрылғысының тек жарықшақтарымен ғана зақымдану кезінде.

Қайталама снарядтарының әрекетінен зақымдалу жарылыстың кез келген үш қашықтығы кезінде байқалады. Зардап шегушінің жарылыс орталығына қатысты орналасуы туралы сұрақ жарылыс газдарының мейлінше талқандау әрекетінің орнын, күйенің көбірек қарқынды жа-

бысқан аймақтарын, жарықшақ тиген жаралардың орналасуы және жа ра каналдарының бағытын ескере отырып шешіледі.

Жарылыстан жарақат алу кезінде фрагменттелген мәйіттің мүшелерін зерттеу кезінде мәйіттің мүшелеріне сот-медициналық сараптама жүргізу, зертханалық зерттеу (сот-биологиялық, молекулярлы-генетикалық, медициналық-криминалистік, химиялық-токсикологиялық) деректерімен қоса, негізгі сұрақтардан басқа, келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

- Зақымдар жарылыс салдарынан пайда болуы мүмкін бе?
- зақымдарды келтіру механизмі қандай (соққы толқыны, снарядтардың жарықшақтары, қайталама снарядтар)?
- Жарылыс кезіндегі зардап шегушінің денесі мен жарылыс құрылғысының өзара орналасуы қандай?
- Жарылыстың эпицентрге қатысты арақашықтығы қандай (қашықтық)?
- Зардап шегуші мен жарылыс құрылғысының арасында бөгеттер болды ма?
- Зақымдар қандай снаряд жарылысының немесе жарылғыш заттардың салдарынан болуы мүмкін?
- Табылған зақымдардың қайсысы жарылыс толқыны әрекетінің салдарынан пайда болған?
- Бұл зақымдар патрон, капсуль, детонатор тұтандырғышы, жарылыс құрылғысының жарылысының нәтижесінде келтірілген емес пе?
- Жарылыс болған кезде жарылыс құрылғысы мен қайтыс болған адам денесінің жекелеген мүшелері өзара қалай орналасқан?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

3) Авиациялық апат болған жағдайда оқиға болған жерде қарап-тексеруді бірнеше тергеушілер мен дәрігер-мамандарды құрайтын бригада жүргізеді. Денелердің жекелеген фрагменттерін алғашқы сәйкестендіруді сыртқы белгілері (киім бөліктерін, бөлінген жерлерін салыстыру және т.б.) бойынша жүргізеді. Барлық объектілерді белгілейді және жеке полиэтилен пакеттерге салады. Барлық табылған фрагменттелген мәйіттің мүшелерін сот-медициналық сараптама жүргізу үшін бір мекемеге (мәйітханаға) жинау өте дұрыс шешім болады.

Табылған объектіге берілген тиісті нөмір, оқиға болған жердің жоспарында да белгіленеді.

Авиациялық апаттан жарақат алу кезінде фрагменттелген мәйіттің мүшелерін зерттеу кезінде мәйіттің мүшелеріне сот-медициналық сараптама жүргізу, зертханалық зерттеу (сот-биологиялық, молекулярлы-генетикалық, медициналық-криминалистік, химиялық-токсикологиялық) деректерімен қоса, негізгі сұрақтардан басқа, келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

- Экипаж мүшелерінің мәйіттерінде қандай зақымдар табылды, олардың пайда болу механизмі, тірі кезінде пайда болуы, зақымдар кабинаның қандай бөлігінің әсерінен пайда болуы мүмкін?

- Ұшқыштар және экипаждың басқа мүшелері ұшақ жерге құлаған кезде қайда болған (жұмыс орнында ма, жоқ па)?

- Ұшқыштың, экипаждың басқа мүшелерінің, жолаушылардың мәйіттерінде авиациялық жарақат салдарынан пайда болуы мүмкін емес зақымдар бар ма (мысалы: оқ тию, тесіліп-кесілген жаралар және т.б.)?

- Ұшқыш, экипаж мүшелері, жолаушылар тірі кезінде өрт ошағында болды ма?

- Зардап шегушілерде динамикалық шамадан тыс жүк арту белгілері бар ма?

- Зардап шегушілерде барожарақаттардың белгісі бар ма?

- Ұшақ апаты болған сәтте зардап шегушілердің қауіпсіздік белдіктері тағылған ба?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

4) Қаңқаға айналған мәйіттің мүшелерін тапқан жағдайда.

Қаңқа немесе оның жекелеген сүйектері ашық жерлерде, жер астында, суда, өте сирек – үй-жайларда табылуы мүмкін. Қарап-тексеру хаттамасында қаңқа табылған жердің ерекшеліктерін және бар болған болса өсімдіктердің сипатын атап көрсету керек, қаңқамен бірге табылған киім және аяқ киім фрагменттерін, өзге заттарды өте мұқият сипаттау керек. Жерге көмілген қаңқаны тапқан жағдайда ең алдымен оны (әсіресе ұсақ сүйектерді) топырақтан тазалап алу керек, содан кейін ғана алып шығару керек.

Дәрігер-маман оқиға болған жерде-ақ сүйектердің адамға немесе жануарға тиесілігіне қатысты болжамын айтуы мүмкін, зақымданулардың бар-жоғын көрсете отырып анатомиялық тиістілігін анық-

тауы мүмкін. Олардың өзара орналасуын және қаңқадағы сүйектердің қалыпты жағдайына сәйкестігін айрықша атап өткен жөн. Табылған шаштар мен тырнақтарды алып, оларды жеке пакеттерге салады.

Сүйектерді сараптау мекемесіне тасымалдау кезінде олардың түрін өзгертпей сақталуын қамтамасыз ету қажет, яғни қайталама жаракат алу мүмкіндігін болдырмау керек.

Қаңқаға айналу мерзімі әртүрлі және көптеген жағдайларға байланысты. Киімдердің бұйымдарының өзгеруінің де нақты заңдылығы бар (зең басып кетуі, жыртылуы, бұзылуы мүмкін).

Сүйектерде табылған жәндіктерге этномологиялық зерттеу жүргізу мәйітті жерлеу мерзімінің ұзақтығын белгілеуге мүмкіндік береді. Сүйек қалдықтарына біте өскен тамырларға ботаникалық зерттеу жүргізу өсімдіктің жасын анықтауға мүмкіндік береді, тиісінше мәйіттің қашан көмілгені анықталады.

Қаңқаға айналған фрагменттелген мәйіттің мүшелерін зерттеу барысында мәйіттің мүшелеріне сот-медициналық сараптама жүргізу, зертханалық зерттеу (сот-биологиялық, молекулалық-генетикалық, медициналық-криминалистік, химиялық-токсикологиялық) деректерімен қоса, негізгі сұрақтардан басқа, келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

- Оқиға орнын қарап-тексеру барысында табылған қалдықтар адамға тиесілі ме, әлде жануарға ма?

- Табылған дене мүшелері бір адамға тиесілі ме, әлде бірнеше адамға ма?

- Жәбірленуші тірі кезінде қандай да бір сүйек ауруларымен ауырған ба?

- Жәбірленушінің жынысы, жасы, бойы және қан тобы қандай?

- Мәйітте бұрын алған зақымдарының іздері бар ма, егер бар болса, олар қандай зақымдар және қашан болған?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген түрлі оқиғалар мен қылмыстық істер кезінде мәйіттерге сот-медициналық сараптама тағайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар тек ұсыныс ретінде берілген және сот-медициналық сараптамалар тағайындау барысында нақты жағдайларға және тергеп-тексерілетін оқиғаның шығарылатын нұсқаларына сәйкес бастапқы айқындама ретінде қаралуы тиіс.

II БӨЛІМ

Түрлі тергеп-тексеру жағдайларында тірі адамдарға сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар

1 ТАРАУ

Тірі адамдарға сот-медициналық сараптамаларды тағайындаудың жалпы ережелері

Тірі адамдарға сот-медициналық сараптама – бұл себептері, тәсілдері, амалдары, тірі адамдарды зерттеудің тәсілдері туралы, сонымен қатар жүргізілген зерттеулердің қорытындысын бағалау қағидалары туралы жиынтықты білдіретін сот-медициналық сараптаманың бір түрі.

Сонымен қатар, тірі адамдарға сот-медициналық сараптамасы терминімен қоса бұл нақты қылмыстық істі тергеп-тексеру барысында туындайтын нақты сұрақтарды шешу мақсатында белгілі бір адамды тексеру үшін дәрігер жүргізетін заңмен реттелген жиі кездесетін ғылыми—тәжірибелік зерттеуді білдіреді.

1) Тірі адамдарға сот-медициналық сараптама жүргізудің себептері:

- жеке тұлғаның денсаулығына зиян келтірумен байланысты қылмыстар (қасақана немесе абайсызда денсаулыққа зиян келтіру, ұсақ бұзақылық, автокөлік оқиғасы, лауазымды тұлғаға қатысты зорлық-зомбылық, полиция қызметкерлеріне қарсылық білдіру және басқалары);

- жеке тұлғалардың жыныстық тиіспеушілігіне және жыныстық еркіндігіне (он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас, азғындық әрекеттер, сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттер, зорлау);

- әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар;

- басқа себептер (жазаны өтеуден қаскөйлікпен жалтару, алкогольдік масаң күйде қылмыстық әрекеттер жасау; алимент төлеуден жалтару; зейнетақы ресімдеуге байланысты жасын куәландыратын құжаттарды қасақана жоғалту; қылмыс жасауға қатысқанын жасыру мақсатында

жеке басын куәландыратын құжаттарды жоғалту; денсаулық жағдайы туралы жалған құжаттар ұсыну және басқалары).

2) Келтірілген себептердің әртүрлілігі тірі адамдарға сот-медициналық сараптама жасаудың келесі түрлерін анықтайды:

- денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлық дәрежесін анықтау;
- өзіне-өзі зақым келтіру сипатын анықтау;
- денсаулық жағдайын анықтау;
- жыныстық тиіспеушілікті бұзуды, жыныстық қатынасты, жүктілікті, босануды, түсікті, АИТВ-инфекциясын немесе венерологиялық ауруларын жұқтыруды анықтау;
- жасын анықтау;
- жеке басын анықтау;
- алкогольдік масаң күйінің фактісін және дәрежесін анықтау;
- жалпы еңбекке қабілеттілігін жоғалтуды анықтау.

Тірі адамдарға сот-медициналық сараптама анықтауды жүргізген тұлғаның, тергеушінің, прокурордың қаулысы негізінде немесе сот шешімі бойынша жүргізіледі. Тірі адамдарды медициналық тексеру, әдетте, ҚР ӘМ Сот медицинасы орталығының аумақтық бөлімшелерінің (филиалдарының) амбулаторияларында жүргізіледі, сонымен қатар емдеу-профилактикалық мекемелерде, сотта, ұстау орындарында жүргізілуі мүмкін. Егер куәландырылушы бір жыныстағы адам болса, тергеуші сараптамаға қатысуға құқылы. Кәмелетке толмаған адамдардың сараптамасы ата-анасының, не болмаса асырап алушыларының, оқытушыларының және т.б. (куәландырушыға қатысы бар адамдардың) қатысуымен жүргізілу керек.

Тірі адамдарға сараптама жасау үшін, жеке басын куәландыратын құжатымен куәландырушыдан басқа (медициналық көмек көрсетілген жағдайда) ауру адамның амбулаторлық немесе стационарлық медициналық карталарын, анықтамаларын, рентген кескінін, КТ-кескінін, зертханалық зерттеулер қорытындысын ұсыну керек.

Тірі адамға тек іс материалдары, медициналық құжаттар бойынша ғана, яғни куәландырушының жеке қатысуынсыз сараптама жүргізуге рұқсат етіледі. Мұндай жағдайларға егер жәбірленуші объективті жағдайларға байланысты болмаса, ал медициналық құжаттары түпнұсқада (не болмаса тергеушімен расталған көшірмелерде) болса

және зерттеу сұрақтарын шешу үшін қажетті мейлінше толық деректерді құраса рұқсат етіледі.

ҚР ҚПК сәйкес тірі адамдарға сараптама жүргізу жеке-дара және комиссиялық, бастапқы, қосымша; қайталама, кей жағдайларда кешенді болуы мүмкін.

2 ТАРАУ

Ең жиі кездесетін себептер бойынша тірі адамдарға сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар

1) Денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлығын анықтау. Жоғарыда келтірілген тірі адамдарға жасалатын сараптама түрлерінің ішінде тәжірибе жүзінде *денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлығын анықтаудың сот-медициналық сараптамасы қомақты орын алады.*

Жәбірленушіні (күдіктіні) сараптамаға жеке басын қуландыратын құжатымен бірге жібереді. Медициналық көмек көрсетілген жағдайда ауру адамның амбулаторлық немесе стационарлық медициналық карталарын, анықтамаларын, рентген кескіндерін және зертханалық зерттеулер қорытындысын ұсыну керек.

Бұл сараптаманың мәні жәбірленушілерді тексеру барысында денсаулыққа келтірілген зиянды анықтау.

Денсаулыққа зиян келтіру – бұл органдардың және тіндердің немесе олардың физиологиялық қызметтерінің анатомиялық тұтастығын бұзу, не болмаса қоршаған ортаның түрлі механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық, психикалық факторларының әсері нәтижесінде пайда болған аурулар немесе патологиялық жағдай.

ҚР Қылмыстық кодексінің баптарына сәйкес денсаулыққа зиян оның ауырлық дәрежесі бойынша үш категорияға бөлінеді: денсаулыққа ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 106 б.), денсаулыққа ауырлығы орташа зиян келтіру (ҚР ҚК 107 б.) және денсаулыққа жеңіл зиян келтіру (ҚР ҚК 108 б.).

Денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлық сипаты ҚР ӘМ Сот медицинасы орталығымен әзірленген, әдістемелік негізгі нұсқаулар бойынша «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы органдарының сот-медициналық сараптаманы жүргізу бойынша нұсқаулығына» сәйкес анықталады.

Денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлығынан басқа ҚР ҚК зақым келтірген кездегі түрлі пиғыл дәрежелерін қарастырады. Зақымдар қасақана, ауырлататын немесе онсыз мән-жайларда, қатты жан күйзелісі жағдайында, абайсызда келтірілуі мүмкін. Бұл сұрақтарды шешу қылмыстық процес жүргізуші органдардың айрықша құзыреті болып табылады және сот-медициналық сараптаманың құзыретіне жатпайды.

Тірі адамдарға сот-медициналық сараптама жүргізу кезінде қолданылатын терминдердің бірқатарына Сіздің көңіліңізді аударамыз, олар сот-медициналық сараптамаларды тағайындаушы тұлғалармен және сот-медициналық сарапшылармен бір мағынада түсінілуі керек.

Зақым келтіруші фактор – бұл зақым келтіруге жарамды дене (нәрсе), зат немесе құбылыс. Олар бірімәнді немесе аралас физикалық, химиялық, биологиялық немесе психикалық әсер етулері мүмкін.

Зардап шегуші – зақым келтірілген адам. Бұл жәбірленуші, күдікті, айыпталушы және іс бойынша өтетін басқа да адамдар болуы мүмкін.

Еңбекке қабілеттілік – туа біткен және жүре пайда болған адамның белгілі бір өнім, бұйым немесе қызмет түріндегі әлеуметтік маңызды нәтиже алуға бағытталған әрекетке қабілеттері.

Жалпы еңбекке қабілеттілігі – тек мамандықты қажет етпейтін жұмысты орындау мүмкіндігімен және өзіне-өзі қызмет етуді қамтамасыз етумен шектеледі.

Мамандықты қажет етпейтін еңбек – бұл орындау күрделілігімен ерекшеленбейтін, айрықша білім, дағды, тәжірибе және алдын-ала кәсіптік білім алуды талап етпейтін жұмыс.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дегеніміз тұрмыстық қажеттіліктерін өз бетінше қанағаттандыру: тамақ дайындау және ішу, жеке басының гигиенасы, киіну және т.б.

Кәсіби еңбекке қабілеттілігі – нақты кәсіп бойынша жұмыстың белгілі көлемін және сапасын орындау мүмкіншілігі: дәрігер, инженер, әртіс және т.б.

Арнайы еңбекке қабілеттілігі – нақты мамандық бойынша жұмыстың белгілі көлемін және сапасын орындау мүмкіншілігі: хирург, офтальмолог, гинеколог, скрипкашы, дирижер және т.б.

Еңбек қабілеттілігін тұрақты жоғалту – қандай да бір медициналық көмекке қарамастан адам өмірінің соңына дейін кері айнамайтын қалпына келмейтін қызметін жоғалту. Денсаулыққа ауыр зиян

келтірудің сот-медициналық сараптамасын жүргізген кезде еңбек қабілеттілігін тұрақты жоғалтуға 120 күннен аса сақталатын ағза қызметін де жатқызады.

Мұндай сараптама жүргізген кезде, сараптаманы тағайындаушы тұлға сарапшыларға келесі негізгі сұрақтарды қояды:

- Бұл адамның денесінде дене зақымдары бар ма, олардың сипаты, орналасуы?

- Зақымдардың пайда болу механизмі қандай?

- Зақымдар немен келтірілген (қару немесе құрал түрі)?

- Келтірілген зақымдардың ұзақтығы қандай?

- Зақымдар нақты жағдайлар кезінде келтірілуі мүмкін бе?

- Зақымдардың орналасуы оларды өз қолымен жасау үшін оңай қол жететін жерде ме?

- Денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлық дәрежесі қандай (белгілерін көрсету керек)?

- Егер зақым бетте орналасқан болса, бұл зақым қалпына келтіріле ме немесе жоқ па?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

2) Денсаулық жағдайын анықтау. Бұл сот-медициналық сараптаманы тағайындаудың *себептері*:

- тергеушінің немесе соттың шақыруы бойынша ауруы салдарынан адамның келмеуі;

- ауруына байланысты айғақтар беруден бас тартуы;

- ауруына байланысты тергеу әрекеттеріне қатысудан бас тартуы;

- дұрыстығы күдік тудыратын ауруы туралы медициналық құжаттар ұсынуы;

- сотталған адамның жұмыстан бас тартуы;

- үкімді орындауды кейінге қалдыруы;

- әскери қызметке шақырудан жалтару немесе әскери қызметкердің әскери міндеттерін орындаудан жалтаруы;

- венерологиялық ауруларын немесе АИТВ-инфекциясын жұқтырғанына күдіктену.

Атап өтілген жағдайларда денсаулығының жағдайын анықтаудың сот-медициналық сараптамасын тағайындайтын тұлға комиссиялық сот-медициналық сараптама тағайындау туралы қаулы шығаруы тиіс.

Оның мүшелерінің құрамына тергеп-тексеру жағдайының ерекшеліктері мен өзгешелігіне сәйкес дәрігерлер – бейінді мамандар қатысуы қажет. Қажет болған жағдайда тергеуші тиісті қаулы шығарып, куәландырушыны тексеруді стационарлы емдеу мекемелерінде жүргізуді қамтамасыз етуі керек.

Денсаулықты анықтау сараптамасын жүргізу барысында сараптама комиссиясының мүшелері келесі жағдайлардың барын немесе жоғын жоққа шығаруы не болмаса растауы керек.

Сылтаурату – адамның жоқ аурудың белгілерін (симптомдарын) көрсетуі. Сылтаурату пайдакүнемдік мақсатта ауру белгілерін көрсетіп қасақана жасалуы, және белгілі бір мақсатсыз және пиғылсыз, патологиялық (жүйке немесе психикасы ауыратындарда) түрде жасалуы мүмкін.

Диссимуляция – куәландырушының өзінің ауыратын ауру белгілерін (симптомдарын) жасыруы. Көп жағдайда диссимуляция пайдакүнемдік мақсатта (оқу орындарына түсу, жұмысқа орналасу және басқалары) жасалады.

Аггравация – куәландырушының ауру симптомдарының (белгілерін) сырқаттық нышандарын асыра көрсетуі (ауруға шағымдар, естің бұзылуы, ақсау және басқалары).

Дезаггравация – куәландырушының ауруының бар сырқаттық симптомдарын азайтып көрсетуі.

Жасанды аурулар — түрлі тәсілдермен және құралдармен, оған қоса дәрілік препараттармен қандай да бір аурулардың симптомдары мен нышандарын қасақана түрде көрсету. Сараптама тәжірибесінде терінің және тері шелінің жасанды аурулары көп кездеседі (дерматит, жаралар, ірінді ісіктер және флегмоналар (бітеу жара), жасанды ісіктер және ісік тәріздес процестер). Жасанды етіп көрсететін хирургиялық аурулардың белгілері аяқ-қолдарының қозғалысының шектелуі, анкилоздар, буындардың сіресуі, бұлшық еттердің семуі және басқалары болып келеді. Көру және есту органдарының жасанды аурулары (конъюнктивиттер, кератиттер (көздің мөлдір қабығының қабынуы), паноптальмит, сыртқы есту жолына бөтен заттарды енгізу, дабыл жарғағын тесу. Жасанды терапевтік аурулар әдетте дәрілік препараттар немесе өзге заттарды қабылдау салдарынан болады (сары ауру, қан қысымының артуы, тахикардия, жіті диарея, құсу және басқалары).

Дене мүшесін зақымдау – өзіне-өзі немесе басқа біреумен келісіп пайдакүнемдік мақсатта дене зақымдарын келтіру. Өзін-өзі зақымдау көп жағдайларда түрлі жарақат келтіру құралдарының (оқ ату қаруы, үшкір және тұйық заттар) әсерінен аяқ немесе колдарына, әсіресе қол буыны және табандарға келтіріледі. Бірқатар жағдайларда өзін-өзі зақымдаудың орындары әдеттегі қалыпқа сай келмейді.

Көрсетілген сараптаманы жүргізу үшін тергеуші сараптама тағайындау туралы қаулымен бірге бұрын нақты адамға медициналық көмек, оған қоса оталар немесе диагностикалық зерттеулер жасалған емдеу мекемелерінен барлық медициналық құжаттарын қоса беруі керек. Сараптама жүргізу процесінде тергеу эксперименті де жасалуы мүмкін; фотоға түсіріледі, бейне түсірілім жүргізіледі.

Денсаулық жағдайын анықтаудың сараптамасы кезінде негізгі сұрақтардан басқа, келесі арнайы сұрақтар да қойылуы мүмкін:

- Бұл адам қандай да бір аурулардан азап шеге ме?
- Ауру бар болған жағдайда айтылған шағымдары денсаулығының бұзылуының объективті белгілеріне сәйкес келе ме?
- Денсаулығының жағдайы нақты тергеу әрекеттеріне қатысуға мүмкіндік бере ме? Егер мүмкін болмаса, қанша уақыттан кейін қатысуына мүмкін болады?
- Бұл адам арнайы стационарда ем алуға мұқтаж ба?
- Сылтауратуды, диссимуляцияны, аггравацияны, дезаггравацияны немесе жалған ауруларды және дене мүшесін зақымдауды білдіретін нышандар бар ма? Бұл қандай белгілерге қатысты?
- Жасанды аурулардың және дене мүшесін зақымдаудың келтірілген уақыты және тәсілдері (құралдары) қандай?

3 ТАРАУ

Даулы жыныстық жағдайларда сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар

Жыныстық жағдайларды белгілеуге қатысты істердің сот-медициналық сараптамасы сот-медициналық сарапшылармен комиссиялық түрде – акушер-гинекологтармен, урологтармен, венерологтармен, педиатрлармен, эндокринологтармен және т.б. бірлесе отырып жүргізіледі. 16 жасқа толмаған тұлғаларды куәландыру ата-аналарының немесе қамқоршыларының қатысуымен жүргізіледі.

Осындай сараптама тағайындай отырып, қаулыдан басқа, тергеуші куәландырылушы-әйел адамға акушерлік-гинекологиялық сараптама жасалу мүмкіндігін, куәландырылушы-ер адамның жыныстық жағдайына сараптама жасау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс; сарапшының құзіретіне ер адамға қатысты медициналық құжаттарды; сондай-ақ жүктілікті анықтаған әйелдер кеңесінің немесе амбулаториясының медициналық құжаттарын, онымен қоса егер әйел адамға босанған соң медициналық көмек көрсетілген болса, науқастың стационарлық немесе амбулаторлық медициналық картасын қоса беруі қажет.

1) Жынысын анықтау жөніндегі сот-медициналық сараптама сирек тағайындалады және оның тағайындалуына себептер: бала туу кезінде жынысын дұрыс анықтамау, әскери қызметке шақырту, ажырасу істері, жыныстық қалыптан тыс әуесшілдік және жыныстық қылмыстар, алименттік талап арыз. Бұндай сараптамалар гермафродиттерге жүргізіледі.

Гермафродитизм бір адамның бойында ер адамның да, әйел адамның да белгілері болуымен сипатталады. Шынайы және алдамшы гермафродитизмді айырады. Шынайы гермафродитизм өте сирек кездеседі және субъектіде ерлер мен әйелдердің жыныстық бездері болуымен сипатталады. Шынайы гермафродиттердің сыртқы бейнесі мен жалпы даму барысы әйелдік немесе еркектік түрде болмаса аралас түрде айқындалуы мүмкін. Алдамшы (еркектік) гермафродитизм кезінде субъектіде әйелдердің жыныстық бездері жұмыс істейді, ал сыртқы

жыныс мүшесі еркектерге сай келеді. Алдамшы (әйелдік) гермафродитизм жағдайында ағзада ерлердің жыныстық бездері болады, ал сыртқы жыныс мүшесі жартылай әйелдікіндей дамыған. Жынысты анықтауда шешуші маңызға жыныстық бездердің жұмысын сараптай отырып, ағзаның түрлі тіндеріндегі жасуша элементтерінде оң еркектік (Y-хроматин) және әйелдік (X-хроматин) жыныс белгілерінің болуы негіз болады.

Жынысын анықтау жөніндегі сараптама кезінде, негізіден басқа, төмендегі арнайы сұрақтар да қойылуы мүмкін:

- Зерттелуші адамның жынысы қандай?

- Шынайы және алдамшы гермафродитизмнің белгілері бар ма?

2) Жыныстық жетілуді анықтаудың сот-медициналық сараптамасы, яғни, жыныстық өмір қалыпты жағдай болып, денсаулықта еш ақау болмауы, ағзаның әрі қарай дамуына кедергі келтірмеуімен ағзаның даму кезеңіне жалпы алғанда тағайындалмайды, өйткені ҚР ҚК сәйкес жыныстық жетілу жасына жетпеген тұлғамен жыныстық қатынаста болғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту жоқ, бірақ он алты жасқа жетпеген тұлғамен жыныстық қатынасқа түсу және өзге де сексуалдық әрекеттер жасауды қылмыстық жазаға тарту туралы нұсқау бар (ҚР ҚК 122-б.)

3) Ұрықтандыруға қабілеттілікті анықтауға сот-медициналық сараптама ерлер үшін жыныстық қатынасқа түсуге және ұрықтандыруға қабілеттілігін және әйелдер үшін жыныстық қатынасқа түсуге және жүкті болу, бала көтеру және бала туу қабілеттілігін анықтауды қамтиды. Көп жағдайда бұл сараптама жыныстық қылмыстарды, алиментті өтеп алу туралы талаптарды және басқа жағдайларды тергеп-тексеру кезінде жүргізіледі.

Ұрықтандыру қабілеттілігін анықтау үшін сот-медициналық сараптаманы тағайындау кезінде негізгі сұрақтардан басқа, келесі арнайы сұрақтар да қойылуы мүмкін:

- ерлерде жыныстық қатынасқа және ұрықтандыруға қабілеттілігін, әйел адамдарда – жыныстық қатынасқа түсуге, жүкті болуға және бала көтеріп тууға қабілеттілігін куәландыратын белгілер бар ма?

4) Қыздық белгісін (жыныстық тиіспеушілігін) анықтау бойынша сот-медициналық сараптама. Бұл сараптаманы жүргізу үшін жыныстық қылмыстар, сонымен қатар әйел адамды ғайбаттау

және жәбірлеу себеп болады. Қыздық белгісінің негізгі көрсеткіші бұзылмаған қыздық пердесі болып табылады, оның бүтіндігін бұзу дефлорация терминімен аталады, яғни қыздық пердесінде жырттылулар мен тесілулер болуы. Қыздық перденің құрылысының әртүрлі анатомиялық түрлері болады. Қыздық перденің кейбір түрлері оның бүтіндігін бұзбай-ақ жыныстық қатынас жасауға жол береді. Дефлорацияның ұзақтығын (мерзімін) перденің зақымдалғанынан кейінгі алғашқы апта ішінде ғана анықтау мүмкін. Бұл мерзім өткеннен кейін зақымдардың шеті қабыршықтанады, және дефлорация уақытынан 2-3 апта өткеннен кейін қыздық перденің зақымдалу уақытын анықтау мүмкін болмайды.

Жыныстық тиіспеушілікті анықтау үшін сот-медициналық сараптаманы тағайындау кезінде негізгі сұрақтардан басқа, келесі арнайы сұрақтар да қойылуы мүмкін:

- Қыздық перденің құрылысының анатомиялық ерекшеліктері қандай?

- Қыздық перденің бүтіндігі бұзылған ба?

- Дефлорацияның уақыты және механизмі қандай?

- Қыздық перденің құрылысы бүтіндігін бұзбай жыныстық қатынасқа түсуге мүмкіндік бере ме?

5) Жүктілікті анықтау бойынша сот-медициналық сараптама зорлау және азғындық әрекеттер туралы істерді тергеп-тексеру кезінде, бала өлтіру және бала ұрлау күдігі туындағанда, сонымен қатар жүктімін деп алдаған және жүктілігін білмеген жағдайларда жүргізіледі. Куәландыру кезінде жыныстық органдарының жағдайы, олардан шыққан бөлінділер, сүт бездері сөлінің морфологиялық құрамы, диагноз қоюдың зертханалық әдістерінің қорытындылары (гормонды, биологиялық, ультрадыбысты зерттеулер, және жеке алғанда несепінен хориалды гонадотропин табу) бойынша акушерлік-гинекологиялық зерттеу кезінде диагноз қойылатын бірқатар нақты белгілері және жүктілік мерзімі анықталуы керек.

6) Бұрын болған босануын анықтау бойынша сот-медициналық сараптама. Сараптама тағайындау үшін бала өлтіру, жаңа туған нәрестені тастап кету және ұрлау, бұрын болған жүктілігін және босануын жасыру себеп болады. Бұрын болған босануларының дәлелі ретінде куәландырушының сүт бездерінде, сыртқы және ішкі жыныстық органдарында және дене терілеріндегі өзгерістер бола алады.

7) Бұрынғы түсігін анықтау бойынша сот-медициналық сараптама (жүктілігін тоқтату). Түсіктің өздігінен болған және жасанды (емханада және емханадан тыс жерде жасалған) түрлері болады. Өздігінен болған түсіктің себептері анасының немесе іштегі нәрестенің аурулары болып табылады. Жасанды түсік әйел адамның қалауы бойынша жүктіліктің 12 аптасына дейін, әлеуметтік көрсеткіштер бойынша – 22 аптаға дейін, медициналық көрсеткіштер бойынша – жүктіліктің мерзіміне қарамай жасалады. «Жүктілікті заңсыз түрде тоқтату» (қылмыстық түсік) түсінігі бар, бұл түсінік бойынша: 1) тиісті бейіндегі медициналық білімі жоқ адамның жүктілікті тоқтатуы; 2) түсікті емдеу мекемесінен тыс жерде жүргізу; 3) жүктілікті заңмен белгіленбеген мерзімде тоқтату; 4) түсікті ҚР Денсаулықты сақтау министрлігімен қарастырылмаған тәсілдермен және құралдармен жасау.

Жүктілікті тоқтатудың келесі тәсілдері бар: а) механикалық – жатыр қуысына түрлі заттарды, бөтен денелерді енгізу жолымен, оның ішінде жатыр қуысын қырып тазарту, сондай-ақ вакуум-аспирация жолымен; б) химиялық – жатыр қуысына тікелей қоздырғыш құралдар (сабын, спирт, сілті, аммиак, йод, тұз ерітінділері және басқалары) енгізу; в) физикалық – жеке алғанда термиялық, жүкті әйелдің жатырына ыстық сұйықтық енгізу жолымен, дененің төменгі бөлігімен аяғына дейін батырып ыстық ванна қабылдау жолымен; г) биологиялық (фармакологиялық) – түрлі дәрі-дәрмек құралдарын пайдалану (хинин, адреналин, пахикарпин және басқалары), сондай-ақ гормонды препараттар қабылдау. Заңсыз жүктілікті тоқтату жүргізуге қолданылған жоғарыда көрсетілген барлық әдістер, кейде өлімге дейін әкеп соғатын түрлі шиеленістер тудыруы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген сараптамалар сараптамалық комиссия құрамына акушерлік және гинекология саласындағы мамандардың қатысуымен комиссиялық түрде жүргізіледі. Аталған сараптамаларды тағайындау кезінде қаулыдан басқа, куәландырушыға акушерлік-гинекологиялық тексеру жүргізуді қамтамасыз ету және оған қатысты медициналық құжаттаманы ұсыну қажет.

Жүктілікті, бұрынғы босануын, түсікті анықтау үшін сот-медициналық сараптаманы тағайындау кезінде негізгі сұрақтардан басқа, келесі арнайы сұрақтар да қойылуы мүмкін:

- Жүктіліктің объективті нышандары бар ма және олар жүктіліктің қандай мерзіміне сай келеді?
- Бұрынғы босануларының өткінші және тұрақты белгілері бар ма?
- Бұрынғы болған босануларының ұзақтығы қандай?
- Жүктілікті өздігінен немесе жасанды (түсік) тоқтату нышандары бар ма?
- Жүктілік қандай тәсілмен және қандай мерзімде тоқтатылған?
- Жүктілікті жасанды тоқтатудың шиеленісу нышандары бар ма?

4 ТАРАУ

Жыныстық қылмыстар кезінде сот-медициналық сараптамалар тағайындау бойынша ұсынымдар

Адамның жыныстық қатынаспен айналысу түрі және көрінісі өте көптүрлі. Жыныстық құмарын қанағаттандырудың кәдімгі (жыныстық қатынас) түрінің, сондай-ақ өзге нышанының (жыныстық азғындық) кейбір түрлері қылмыстық заңның әрекетіне түседі.

Жыныстық қылмысқа зорлау (ҚР ҚК 120 бабы), сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері (ҚР ҚК 121 бабы), он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау (ҚР ҚК 122 бабы), жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету (ҚР ҚК 123 бабы), жас балаларды азғындық жолға түсіру (ҚР ҚК 124 бабы).

1) Зорлау – бұл әйел адамның еркіне қарсы күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп, не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жүзеге асырылатын ер адамның әйел адаммен жыныстық қатынасы. Зорлық-зомбылықты жыныстық қатынастың нышандары мыналар болып саналады: қыздық пердесін және сыртқы жыныс мүшесін зақымдау, әйел адамның жыныс жолдарында ұрықтың болуы, қынап қабырғаларында, қасаға маңайында, санның ішкі бетінде, сондай-ақ дененің басқа бөліктерінде – білекте, қолдың қарында, мойнында, бетінде және басқа жерлерінде қанталау, жара түріндегі дене зақымдарын табу. Жиі жағдайларда зорлаушының (күдіктінің, айыпталушының) денесінде де зақымдар табылуы мүмкін.

2) *Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері* жәбірленушінің еркіне қарсы күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп, не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасауды, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр етуді қамтиды. Жыныс мүшесін тік ішекке енгізгенде жарақаттар немесе аурулар түріндегі денсаулыққа тікелей зиян келтіруі мүмкін.

3) *Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау*, он алты жасқа толмаған адаммен бопсалау, мүлігін жою, зақымдау және алып қоюмен қорқыту немесе жәбірленушінің материалдық және басқа тәуелділігін пайдалану жолымен еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету деп қаралады.

4) *Жас балаларды азғындық жолға түсіру* – жас бала екенін біле тұра зорлықсыз оған қатысты азғындық әрекеттер жасау. Азғындық әрекеттер жыныс органдарына қолдарын тигізу, қыз баланың жыныс органына жыныс мүшесін тигізу, сандарының арасында жыныс мүшесін үйкелеу түріндегі әртүрлі сипатта болуы мүмкін. Бұл әрекеттер, моральдық тұрғыдан балаға азғындық әсер етуінен басқа сыртқы жыныс органдарының зақымдалуына, сондай-ақ психикалық жарақатқа және венерологиялық ауруларын жұқтыруына әкеп соғуы мүмкін. Бұл ретте баланың денесінде немесе киімінде шәуетті табу маңызды дәлел болып табылады.

Аталған сараптама түрін жүргізу үшін, тергеуші қаулыдан басқа, жәбірленушінің, күдікті адамның (адамдардың) акушерлік-гинекологиялық сараптама жүргізу үшін, еркек адамның жыныстық жағдайын тексеру үшін баруын қамтамасыз етуі керек, сонымен қатар егер болған оқиғадан кейін жәбірленушіге, күдікті адамға (адамдарға) медициналық көмек көрсетілген жағдайда медициналық құжаттарын ұсынуы керек.

Зорлаудың болғанына күдіктенгенде сот-медициналық сараптама тағайындау кезінде негізгі сұрақтардан басқа, келесі арнайы сұрақтар да қойылуы мүмкін:

- Қыздық пердесінің бүтіндігі бұзылған ба және бұзылған уақытының ұзақтылығы қандай?

- Қыздық пердесінің құрылысының түрі және ерекшеліктері оның бүтіндігін бұзбай жыныстық қатынас жасауға мүмкіндік бере ме?

- Жыныстық қатынас болғанын білдіретін белгілер бар ма? Егер бар болса, жыныстық қатынас қай уақытта болған?

- Жәбірленушінің киіміндегі зақымдардың, бөгде жұғындылардың және ластанулардың нышаны мен ерекшеліктері қандай (шәует, қан іздерінің бар болуы және басқалары)?

- Дене зақымдары бар ма? Олардың нышаны және орналасуы, пайда болу механизмі және уақыты, ауырлық дәрежесі?

- Дене зақымдары белгілі бір жағдайларда пайда болуы мүмкін бе?

- Жәбірленушінің жыныстық қатынас барысында дәрменсіз күйде болғандығының дәлелдері бар ма? Бар болған болса, қандай себептерден туындаған?

- Жыныс мүшесін ауыз қуысына немесе тік ішекке енгізілгендігінің дәлелдері бар ма?

- Куәландырушыда венерологиялық аурулардың немесе АИТВ-инфекциясының нышандары бар ма?

- Жыныстық қатынас жәбірленушінің денсаулығы үшін қандай зиянды салдар келтірген?

- Күдікті жыныстық қатынас жасауға қабілетті ме? Оның жыныстық қатынас жасауға кедергі келтіретін анатомиялық немесе функционалдық күйінің бұзылулары бар ма?

- Күдіктінің киімінде және денесінде оқиға болған жердегі іздер (енгізілген жұғындылардың бөлшектері, жәбірленушінің киімінің талшықтары, қан іздері, шәует және басқалары) бар ма?

- Күдіктінің жыныс мүшесінде қынаптық, ұрттық немесе тік ішектік эпителийлердің жасушалары, сонымен қатар жәбірленушіден бөлінген нәрселердің іздері бар ма?

- Күдіктіде (айыпталушыда) венерологиялық ауруларының немесе АИТВ-инфекциясының нышандары бар ма?

- Венерологиялық аурулармен ауыратын екеуінің қайсысы (жәбірленуші немесе күдікті) бірінші ауруға шалдыққан және ол екіншісіне жұқтыруы мүмкін бе?

- Күдіктінің денесінде зақымдар бар ма, олардың нышаны және орналасуы, пайда болу механизмі және уақыты, ауырлық дәрежесі?

Азғындық әрекеттер жасалғандығына күдік туған жағдайда сот-медициналық сараптаманы тағайындау кезінде негізгі сұрақтардан басқа, келесі арнайы сұрақтар да қойылуы мүмкін:

- Куәландырушының киімінде немесе денесінде азғындық әрекеттер жасалғандығының белгілері бар ма (шәует, қан іздері және басқалары)?

- Жыныстық органдарында дене зақымдары бар ма? Олардың сипаты, пайда болуы механизмі және уақыты, ауырлық дәрежесі?

- Қыздық пердесі зақымдалған ба, зақымдалған болса, оның зақымдалу механизмі және уақыты?

- Венерологиялық ауруларды немесе АИТВ-инфекциясын жұқтыру нышандары бар ма?

Еркек пен еркектің жыныстық қатынасы жасалғандығына күдіктенген жағдайда сот-медициналық сараптаманы тағайындау кезінде негізгі сұрақтардан басқа, келесі арнайы сұрақтар да қойылуы мүмкін:

- Еркек пен еркектің жыныстық қатынасында нақты белгілі адамның белсенді немесе пассивті серіктес ретінде қатысуын білдіретін белгілер бар ма?

- Тік ішекте және оның айналасында немесе дененің басқа бөліктерінде шәует бар ма?

- Жыныстық мүшесінде нәжістің, қанның, тік ішектің шырышты қабық жасушаларының іздері бар ма?

- Дене зақымдары бар ма? Олардың орналасуы және сипаты, пайда болу механизмі және уақыты, ауырлық дәрежесі?

- Венерологиялық ауруларды немесе АИТВ-инфекциясын жұқтыру нышандары бар ма?

III БӨЛІМ

Тергеу ісі материалдары бойынша сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар

1 ТАРАУ

Тергеу ісі материалдары бойынша сот-медициналық сараптамалар

Сот-медициналық сараптама бірқатар жағдайларда тергеу (сот) ісі құрайтын материалдары зерттеу негізінде ғана жүргізіледі. Мұндай сараптамалар әдетте бастапқы сараптаманың жекелеген жағдайларын (іске қосылған жаңа деректерді ескере отырып) нақтылау үшін жүргізіледі. Кейде іс материалдары бойынша сараптама тергеп-тексерілетін істердің және сараптамалық сұрақтарды шешудің аса күрделілігіне байланысты бастапқы сараптаманың тікелей жалғасы болып табылады. Мысалы, ота кезінде қайтыс болған адамның мәйітін сойған сарапшы өлімнің себебі туралы және бірқатар сұрақтарды ғана шешеді, бірақ жасалған емнің дұрыстығына баға бере алмайды. Бұл мақсатта құрамына клиницист-дәрігер қосып іс материалдары бойынша комиссиялық сот-медициналық сараптама тағайындалады. Сараптамалық комиссия мүшелерінің құрамына тергеушімен, не болмаса сараптамалық комиссияның сұрау салуымен тартылатын үміткер дәрігер-мамандар ҚР ҚПК 277 б. сәйкес тергеушімен түпкілікті бекітілуі және қаулыға енгізілуі керек.

Іс материалдары бойынша сот-медициналық сараптама тергеу (сот) материалдарында сарапшыға (оның құзыреті шегінде) қойылған сұрақтарға жауап беруі үшін қажетті медициналық деректер болған жағдайда ғана жүргізілуі мүмкін. Шешілетін сұрақтардың сипатына қарай олар сырқатнамада (ауруының тарихы), амбулаторлық картада, патологоанатомиялық немесе сот-медициналық мәйітті сою актілерінде, шипажай кітапшаларында, «жедел жәрдемді» шақыру қағаздарында, оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамаларында және басқа құжаттарда болады.

Тергеуші сарапшыларға сараптама жүргізу үшін қажетті барлық құжаттардың түпнұсқасын беруі тиіс. Егер қандай да бір материалдар

көшірме түрінде берілетін болса, олар сапалы түрде орындалып, тергеушімен тиісті түрде расталуы керек. Іс материалдары бойынша сот-медициналық сараптаманы тағайындау және жүргізу жалпы процестік ережелерді сақтай отыра жүзеге асырылады.

Қылмыстық немесе азаматтық істердің ахуалын жан-жақты және толық зерттеу мақсатында түрлі ілім салаларындағы арнаулы білімдері бар мамандарды тарту талап етілген жағдайларда бірлесіп жалпылау және практикадағы олардың жүргізген зерттеулерінің нәтижелерін бағалау негізінде жалпы қорытындыны (қорытындыларды) қалыптастыру үшін жалпы процестік ережелер бойынша тағайындалатын кешенді сараптамалар қолданылады. Сарапшының (сарапшылардың) қорытындысын бағалау жалпы ережелер бойынша жүзеге асырылады.

Іс материалдары бойынша сараптамалар бастапқы, қосымша, қайталама болуы мүмкін және жиі жағдайларда маманның (мамандардың қатысуымен комиссиялық түрде жүргізіледі. Жоғарыда аталған сараптамалар сарапшыларының қорытындысы осындай істерді тергеп-тексеру кезінде негізгі дәлелдердің бірі болып табылады.

2 ТАРАУ

Медицина жұмыскерлерінің кәсіптік міндеттерін бұзу себептері бойынша қылмыстық істі тергеу кезінде сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар

Мұндай істер бойынша сот-медициналық сараптамалар (ҚР ҚК 317 бабы) әрқашан қажетті бейіндегі неғұрлым білікті мамандардың қатысуымен сарапшылар комиссиясымен жүргізіледі. Іс нәтижесіне қандай да бір дәрежеде қызығушылық танытатын мамандар, тексеріліп отырған жағдай орын алған емдеу мекемелерінің басшылары және кеңесшілері және басқалары сараптамалық комиссияның құрамына кіре алмайды.

Тергеуші тағайындалатын сараптаманың сараптамалық комиссиясын қалыптастыруға, оның құрамына (сараптамалық комиссияның өтініш хаты бойынша), не болмаса тараптардың (жәбірленуші, күдікті) өтініш хаты бойынша бейінді мамандар тарту жағына жедел түрде кірісуі керек.

Өтініш хаттар қанағатандырылған кезде, тергеуші ҚР ҚПК 277 бабына сәйкес процестік түрде тартылған мамандарды бекітуі керек, және мамандардың кандидатураларын сараптама тағайындау туралы қаулыға енгізуі керек. Бұл ретте, тергеуші (процестік түрде қалыптастырылған сараптамалық комиссиясы болған кезде, сараптамалық комиссияның барлық қажетті материалдарды, объектілерді, үлгілерді алғаннан кейін ғана басталатын) сараптама жүргізу үшін заңнама бойынша бір ай берілетінін есте ұстауы керек.

Тергеушімен белгіленген мерзімде оның құрамына сараптама мекемесінің жұмыскерлері болып табылмайтын мамандар тартылмауы жағынан (осы бөлік бойынша сараптама комиссиясының сұрау салуын орындаудан бас тарту) сараптамалық комиссия қалыптастырылмаған жағдайда, ҚР ҚПК 284 бабының ережелеріне сәйкес іс материалдарын орындаусыз күйінде қайтарып беруге себеп болады.

Мұндай жағдайларда процестік шешім қабылдау үшін (ҚР ҚК 317 бабы) тергеуші жүргізілген сот-медициналық сараптаманың қорытындысына сәйкес медициналық көмек көрсетудің белгіленген кемшілігі мен жасалған емнің нәтижесінде болған жағымсыз салдарының арасындағы тікелей себеп-тергеу байланыстарын анықтаған фактілердің объективті растауын алуы керек.

Сот-медициналық тәжірибеде медициналық көмектің дұрыс және уақтылы көрсетілмегені медициналық ғылым және емдеу тәжірибесінде кездесетін қолдағы бар қағидаларға, ережелерге, нұсқаулықтарға негізделе отырып анықталады.

Осыған орай, жәбірленушінің емделуіне қатысты медициналық түпнұсқа құжаттарын іске қоса тіркеу және сараптама комиссиясына беру аса маңызды болып саналады.

Сараптама комиссиясының өтініш хаты бойынша олардың қарауына куәлардан жауап алу хаттамалары, клиникалық-анатомиялық конференциялардың хаттамалары, мамандардың кеңестері және басқалары түріндегі іс материалдары берілуі мүмкін.

Одан өзге, сараптама комиссиясының құрамына қажетті жоғары білікті мамандарды – сараптама бейіні бойынша дәрігерлерді тарту зор маңызға ие. Олардың қорытындысынсыз берілген материалдарды зертеу негізінде қаулыда қойылған сұрақтарға толық және объективті жауап беру мүмкін емес.

Медициналық көмек көрсетудегі кемшіліктерге сараптама жүргізген кезде шешілуі тиіс сұрақтар:

- Диагностикалық шаралар дер кезінде және дұрыс жүргізілді ме?
- Клиникалық диагноз дұрыс белгіленген бе?
- Емдеу тәсілі дұрыс таңдалған ба?
- Білікті (арнайы) медициналық көмек дер кезінде және толық көлемде көрсетілді ме?
- Нақты белгілі жағдайда жүргізілген медициналық араласу әдісі сипатты ма (медициналық араласу қажет болды ма)?
- Медициналық араласудың таңдаған әдісі сырқаттың жағдайына қандай нақты әсер етті?
- Осы медициналық араласудың сәтсіз аяқталуына әкеп соққан ықпал болып есептелуі мүмкін бе?
- Медициналық араласу техникалық дұрыс орындалған ба?
- Диагностикалық және емдік қимылдардың шиеленісуінің орын алуы мүмкін бе?
- Жүргізілген дәрігерлік қимылдар мен емдеудің сәтсіз аяқталуы арасында медициналық тұрғыдан тікелей себепті байланыс бар ма?
- Медициналық көмек көрсетуде нақты қандай бұзушылық және кемшіліктер жіберілген?
- Медициналық көмекті дер кезінде және дұрыс көрсеткенде сәтсіз аяқталудың алдын алу мүмкін бе еді?
- Медициналық жұмыскерлермен қолданыстағы нұсқаулы-әдістемелік ұсынымдарды, бұйрықтарды және жалпы қабылданған ережелерді бұзу орын алуы мүмкін бе?
- Сырқатта болған зақымдар мен аурулар диагностикасының уақыттылығы және дұрыстығы туралы;
- Қолданылған емдеу шараларының уақыттылығы, толықтығы, дұрыстығы және тиімділігі туралы;
- Ота дер кезінде жасалған ба немесе техникалық тұрғыдан дұрыс орындалған ба (егер сырқатқа ота жасалған болса)?;
- Сырқатты тексеруде, диагностикасын жүргізгенде және емдегенде кемшіліктер болған ба?;
- Дұрыс ем жасамау салдары бар ма;
- Өлім себебі;
- Медициналық құжаттар дұрыс жүргізілген бе;

- Аталған емдеу мекемесінде емдеу процесін ұйымдастыру бұзылған ба.

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

Медициналық жұмыскерлердің пиғылы немесе епсіздігі, кінәсі немесе кінәсіздігі, олардың кәсіби міндеттерін тиісті немесе лайықсыз орындауы туралы сұрақтар сот-медициналық сараптаманың құзырына кірмейді, олар қылмыстық процесті жүргізуші органдардың айрықша құзыреті болып табылады.

IV БӨЛІМ

Заттай айғақтарға сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар

1 ТАРАУ

Жалпы ережелер

Заттай айғақтарға сот-медициналық сараптама барлық қажетті объектілер мен үлгілерді, іс материалдарын және басқа нақты осы сараптаманы орындау үшін қажетті құжаттарды ұсыну арқылы, істің мән-жайы, шешілуі тиіс сұрақтар (жағдайдың ерекшелігі мен мән-жайына байланысты) мазмұндалған тергеушінің қаулысы негізінде ҚР ӘМ Сот медицинасы орталығы филиалдарының зертханалық бөлімшелерінде жүргізіледі.

Заттай айғақтарға сот-медициналық сараптама жүргізу ҚР ӘМ Сот медицинасы орталығымен әзірленген, әдістемелік негізгі нұсқаулар бойынша «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы органдарының сот-медициналық сараптаманы жүргізу бойынша нұсқаулығына» сәйкес жүзеге асырылады.

2 ТАРАУ

Заттай айғақтарға сот-биологиялық, молекулярлы-генетикалық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар

А) Оқиға болған жерде іздерді табу (биологиялық материалды) табу және алу.

Оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде қанға ұқсас іздері бар заттар немесе адам ағзасының түрлі бөлінділеріне ұқсайтын – шәует, сілекей, тер, несеп және басқаларына ұқсас іздердің барлығы алынады. Қажетті жағдайларда сүйектер, ішкі органдар немесе олардың бөліктері, шаштар, осыларға ұқсас барлық объектілер алынуға тиіс.

Қан немесе бөлінділердің іздері бар объектілерге, сыртқы ықпалдың әсеріне, пайда болу уақытына байланысты іздердің кей бөлігі байқалмай қалуы мүмкіндігін естен шығармау керек. Сондықтан іздер болуы мүмкін деген заттарды да алған мақсатса сай боолады. Егер заттай айғақтың көлемі мүмкіндік берсе, заттар толық күйінде алынады және биологиялық материалдардың іздерін өзгертіп не жоғалтып алмайтындай етіп қапталады.

Сараптамалық зерттеуге дейін үлгілердің сақтылығын қамтамасыз ету үшін бөлме температурасында биологиялық субстратты жағылған ылғалды заттарды алдын ала кептіріп алу міндетті шарт болып табылады.

Жағылған затты алу мүмкін болмаған жағдайда (көлемінің үлкен болуына байланысты немесе өзге себептер бойынша) биологиялық зерттеу үшін үлгілерді алу келесі түрде жүзеге асырылады:

- **қырындыларды дайындау, жағындыларды және дақтарды, дақсыз таза жерлерден бақылау үлгісін алумен қоса;**

- **із көрінген жерлерден объектілерден алынған шайындыларды дайындау,;**

- **топырақтағы дақтарды, сіңіп кеткен тереңдігіне дейін топырақпен қоса алған дұрыс. Алынған топырақ тәрелкеге жұқа қабатпен себіледі, кептіріледі, сосын қағаз пакеттерге салынады да зерттеуге жіберіледі. Бақылау үлгілері де дәл осылай алынады.**

- **қардан қан дақтарын алу, сұйық қан, шәует, несеп іздерімен қоса бірнеше қабат оралған таза дәкеге (бинтке) жиналады. Алынған**

үлгімен қоса дәкені қандай да бір ыдыстың түбіне салып кептіреді, қаптайды да зерттеуге жібереді. Міндетті түрде дәке тампонының бақылау үлгісі қоса беріледі (егер дақ қардың үстінен алынған болса, онда дәкеге бүлінбеген қардың үстінен бақылау үлгісі алынады және кептіріледі).

- **шаштар немесе оларға ұқсас объектілер**, қағаздан жасалған жеке пакеттерге қысқышпен алып жиналады, алынған жер көрсетіліп қапталады да зерттеуге жіберіледі.

Б) Мәйітті зерттеу кезінде биологиялық материалдарды алу.

1. Объектілерді алу міндетті түрде қолғаппен, ағызылған суда жуылған және зарарсыздандырғыш дәрі-дәрмектермен өңделген құралдармен жүргізіледі.

1.1. Мәйітті зерттеген кезде үлгі ретінде қан, шаш, сонымен қатар қажет болған жағдайда қынаптың, тік ішектің және ауыз қуысының ішіндегілер де алынады.

1.2. Қанды сот-биологиялық зерттеуге сұйық күйінде немесе медициналық дәкеге (бинтке) жағылған дақ ретінде жіберіледі.

1.2.1. Қан үлгісін алу мүмкін болмаған жағдайда немесе оның шіріп өзгерген кезінде 1,0x1,0x 1,0см-ден кем емес өлшемде, жалпы көлемі 5,0-10,0 см³ дейін, көзбен шолғанда шіріген өзгерістері жоқ терең қабаттарынан бұлшық ет тіндерінің бөлшектерін алады.

1.2.2. Бұлшық ет тіндерінің бөлшектері тығынмен жабылатын, белгіленетін және мөрленетін таза пластик ыдыстарға салынады. Зертханаға жолдағанға дейін бөлшектер мұздатқыш камерасында сақталады. **Формалинмен өңдеуге рұқсат етілмейді.**

1.3. Істің мән-жайына және зерттеу міндетіне байланысты шаш үлгілерін дененің түрлі жерлерінен алады.

1.3.1. Басында зақымдар болған жағдайда, маңдай, екі жақ самай, шеке және желке аймағынан, сондай-ақ зақым келген жерлерден шаш үлгілерін алады.

1.3.2. Жыныстық қылмыстарда немесе күдіктенген жағдайда қасағада бос жатқан шаштарды (егер бар болса) алады.

1.4. Жыныстық қылмыстарда немесе күдіктенген жағдайда қынаптың, тік ішектің және ауыз қуысының ішіндегілер алынады.

1.4.1. мәйіттің терісінде шәуетке (сілекейге) ұқсас күдікті іздер болғанда, олар дәкеге шайынды ретінде алынады.

2. Цитологиялық зерттеу үшін үлгілер алу.

Объектілерді алу міндетті түрде қолғаппен, ағызылған суда жуылған және зарарсыздандырғыш дәрі-дәрмектермен өңделген құралдармен жүргізіледі.

2.1. X- және Y-хроматині бойынша генетикалық жынысын анықтау үшін заттай айғақтардағы қан, сілекей дақтары, қынап қабыршығы болған жағдайда буылтық қалдықтарымен шаштар алынуы мүмкін, олар белгіленген тәртіпте зерттеуге жіберіледі.

2.2. Өлтіру және жыныстық қылмыстарда немесе олардың орын алғанына күдіктенгенде қынаптық, ұрттық немесе тік ішектік эпителийлердің жасушаларын анықтау үшін материалды алу келесі реттілікпен жүргізіледі:

2.2.1. Жыныс мүшесі шайылып, шайынды алынады. Зарарсыздандырылған, тазартылған немесе құбыр суымен аздап дымқылдатылған, көлемі шамамен 3,0x3,0см дәкенің бөлігімен, жыныс мүшесінің несеп жолы мен жүгеншігінен басқа жерінің бәрі мұқият сүртіледі. Дәкенің көрсетілген бөлігі бөлме температурасындағы ауада кептіріледі және қағазға оралады. Жеке пакетте дәкенің бақылау үлгісі болуы керек.

2.2.2. Жыныс мүшесінен жұғынды-іздер алынады. Әрбір шыны затының бір жақ шетіне белгі қойылады да, белгілеріне сай жыныс мүшесінің түрлі жерлеріне (басы, тәжді жұлге, денесі) басады. Жұғынды іздерді шыны заттың ортасына алған дұрыс (белгі мен жұғынды шынының бір жақ бетінде болуы керек). Жұғынды іздері бар шыны заттарды бөлме температурасындағы ауада кептіреді және қағазға орайды.

2.3. Эпителий жасушаларының аумақтық тегін анықтау үшін зерттеуге белгіленген тәртіпте киімдерінің бұйымдары, тырнақ астына жиналған нәрселерімен қоса тырнақ пластинасының кесіктері және басқа заттай айғақтар жіберілуі мүмкін.

3. Генетикалық зерттеу үшін объектілер алу. Объектілерді алу міндетті түрде қолғаппен, ағызылған суда жуылған және зарарсыздандырғыш дәрі-дәрмектермен өңделген құралдармен жүргізіледі.

3.1. Қайтыс болған адамның жеке басын анықтау үшін қан немесе бұлшық ет тіндерінің үлгілері алынып сот-биологиялық зертханаға

жіберіледі. Үлгілерді алу және қаптау сот-биологиялық зерттеу үшін қан және бұлшық ет тіндерін алу ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

3.1.1. Қан және бұлшық ет тіндерін алу мүмкін болмаған жағдайда келесі сүйек фрагменттері алынады:

- 15-20 см ұзындықта сан сүйегінің (орган жілігі) диафиз фрагменті;
- 5x10см көлемде жамбас сүйектің жалпақ басының фрагменті;
- омыртқалар (2-3 дана);
- тістер (зақымдану және емдеу белгілерінсіз) – 3-4 дана;
- жоғарыда көрсетілгендер болмаған жағдайда – басқа сүйек фрагменттері.

Жоғарыда көрсетілген фрагменттерді алу алдында сүйек тінін жұмсақ тіннің және бөгде ластанулардың (топырақ, жәндіктердің құрттарын) қалдықтарынан тазалайды, қажет болған жағдайда ағын сумен жуып, бөлме температурасында кептіреді. Фрагменттерді таза пластик құтыларға немесе полиэтилен пакеттерге салады, белгі қояды және мөрленеді. Жөнелтілгенге дейін фрагменттер мұздатқыш камерасында немесе сүйек тінінің күйіне қарай бөлме температурасында сақталады. Алынған материал генетикалық сараптаманы тағайындаған адамға беріледі, не болмаса оның нұсқауы бойынша зертханаға жіберіледі.

3.2. Өлтіру және жыныстық қылмыстарда немесе олардың болғанына күдік туындағанда мәйіттің қолының тырнақ астына жиналған нәрселері алынады. Тырнақ астындағыларды алдын ала сумен жуылған және зарарсыздандырғыш дәрі-дәрмекпен өңделген қайшымен қолдың әрбір саусағының тырнақ пластинасының шетін қиып алады. Оң және сол қолдарының тырнақ пластиналарының қиықтары екі пакетке тиісті жазбамен жеке-жеке орнықтырылып, жалпы пакеттің ішіне салынады, белгі қойылады, жабыстырылады және мөрленеді.

В) Заттай айғақтарды алу

Сот-биологиялық сараптаманы тағайындау үшін оқиға болған жерден заттай айғақтар алынады. Бұл үшін заттай айғақтарды алу екі кезеңмен жүргізіледі:

1. *Оқиға болған жерде заттай айғақтарды алуды* сот медицинасы саласында білімі бар *маман жүргізеді*. Сот медицинасы саласында білімі бар маманның көмегімен криминалист – сарапшымен жүргізіледі.

(Мәйітпен тікелей байланыстағы заттай айғақтарды (мәйіттің жатқан жеріндегі қан шайындысы, қабатарына қан сіңген мәйіттің

жатқан төсек жабдықтары: жайма, мамық, жастық тысы және т.б.) алудың қажеттілігі жоқ, өйткені олар мәйітке тиесілі екенінен басқа тергеу үшін пайдалы ешқандай ақпарат бермейді).

2. *Заттай айғақтарды сот-биологиялық бөлім (бөлімше) меңгерушісінің іріктеуі*, ол заттай айғақтарды қабылдау кезінде заттарда қан және басқа биологиялық объектілердің болуын болжамды әдістермен қарап-тексереді, егер олар болмаса, сол жерде тергеушіге заттай айғақтарды қайтарып беруге болады және қаулыға тиісті өзгерістер енгізіледі. Сонымен бірге меңгеруші істің мән-жайын ескере отырып, мәйіттің қабаттарына іздері сіңірілген киімдерінің (куртка, күрте, свитер, жейде, ішкөйлек) тек бір ғана нәрсесін (әдетте сыртқы киімі) алуы мүмкін. Мәйіттің барлық заттарын зерттеу мақсатқа сай емес.

Осылайша, сот-биологиялық сараптама тағайындау кезінде заттай айғақтарды іріктеу келесі мақсаттарды көздейді:

- сараптаманы жүргізу мерзімін қысқарту;
- жабдықтарды тиімді пайдалану және реагенттерді орынды жұмсау;
- зерттелетін биологиялық материалдардың аз мөлшерінен барынша мол ақпарат алу.

Г) Сот-биологиялық және молекулярлы-генетикалық сараптамаларды тағайындау кезіндегі құжаттар:

1. Сараптаманы тағайындау туралы қаулы.
2. Дақтарының сипатымен қоса заттай айғақтарды алу хаттамасы.
3. Іс бойынша өткен тірі адамдардан үлгілер алу хаттамасы.

Д) Биологиялық тектегі заттай айғақтарды зерттеу (сот-биологиялық сараптама) кезінде шешілетін сұрақтар тізімі:

- Қанға сот-медициналық сараптама жасаған кезде:

1. Зерттеу үшін берілген объектілерде қан ізі бар ма?
2. Ол қай түр қатарына жатады?
3. Оның тобы қай топ қатарына жатады?
4. Қан іс бойынша өткен адамдарға тиесілі болуы мүмкін бе?

Ескертпе: Іс бойынша өткен адамдардың қан үлгілерін беру қажет.

- Шәуетке сот-медициналық сараптама жасаған кезде:

1. Зерттеу үшін берілген заттарда шәует ізі бар ма?
2. Шәует қандай түр қатарына жатады?
3. Шәует күдіктіге (Т.А.Ә) тиесілі болуы мүмкін бе?

Ескертпе: Іс бойынша өткен адамдардың қан үлгілерін беру қажет (қажет болған жағдайда – күдіктілердің сілекей, шәует үлгілері).

- Сілекейге сот-медициналық сараптама жасаған кезде:

1. Зерттеу үшін берілген заттарда сілекей ізі бар ма? (темекі қалдықтарында сілекейдің болуы туралы сұрақ қойылмайды)
2. Сілекей қай топ қатарына жатады?
3. Сілекей іс бойынша өткен адамдарға тиесілі болуы мүмкін бе?

Ескертпе: Іс бойынша өткен адамдардың қан және сілекей үлгілерін беру қажет.

- Тер мен несепке сот-медициналық сараптама жасаған кезде:

1. Зерттеу үшін ұсынылған заттай айғақтарда тер (несеп) бар ма? (ұзақ киілген киімдерде: бас киім, аяқ киім, шұлық, ұзын шұлық және басқа киімдерде тердің болуы туралы сұрақ қойылмайды)
2. Тер (несеп) қай топ қатарына жатады?
3. Тер (несеп)(Т.А.Ә) тиесілі болуы мүмкін бе?

Ескертпе: Іс бойынша өткен адамдардың қан үлгілерін беру қажет (қажет болған жағдайда – күдіктілердің сілекей, шәует үлгілері).

- Эпителийге сот-медициналық сараптама жасаған кезде:

1. Азаматтырнақ астына жиналған нәрселерінің ішінде іс бойынша өтетін басқа адамға (адамдарға) тиесілі биологиялық материал (қан, жасушалар) бар ма?

-Шашқа сот-медициналық сараптама жасаған кезде:

1. зерттеу үшін ұсынылған объектілер шаш болып табыла ма?
2. Олар адамға тиесілі ме, әлде жануарға ма?
3. Шаштың аймақтық табиғаты қандай (дененің қай бөлігінен)?
4. Шаштар қай топ қатарына жатады?
5. Шаш түсіп қалған ба, әлде жұлып алынған ба?
6. Шаштар (айғақтар) (Т.А.Ә.) тиесілі болуы мүмкін бе?

Ескертпе: Іс бойынша өтетін адамдардың қан үлгілерін және басының 5 аумағынан (маңдай, шеке, желке және екі самай) шаш үлгілерін немесе қасаға шаштарының үлгісін беру қажет.

Е) Сот-цитологиялық сараптама тағайындау кезінде шешілетін сұрақтар:

1. Зерттеу үшін ұсынылған заттай айғақтарда қынаптық эпителий жасушалары бар ма (жыныс мүшесінен алынған жұғынды іздерде және

жыныс мүшесін сүрткен дәке тампондарында, киімдерінде және басқа заттарда)?

Ескертпе: нақты адамға тиесілі жасушалар туралы және биоматериалдың жыныстың тиістілігін анықтау туралы сұрақтар сот-генетикалық сараптама кезінде шешіледі.

Ж) Сот-генетикалық сараптама тағайындау кезінде шешілетін сұрақтар тізімі:

1. Зерттеу үшін ұсынылған заттай айғақтарда сот-генетикалық зерттеу үшін жарамды биологиялық материалдар (эпителий жасушалары) бар ма?

2. (табылған жер көрсетіледі) табылған қан(Т.А.Ә) тиесілі ме, әлде басқа адамға ма?

3. (табылған жер көрсетіледі) табылған шәует(Т.А.Ә) тиесілі ме, әлде басқа адамға ма?

4. (табылған жер көрсетіледі) табылған сүйек қалдықтары(Т.А.Ә) тиесілі ме, әлде басқа адамға ма?

5. (табылған жер көрсетіледі) табылған биологиялық материал(Т.А.Ә) тиесілі ме, әлде басқа адамға ма?

6.(Т.А.Ә. әйел, еркек)(Т.А.Ә.) баланың биологиялық әкесі (шешесі) болуы мүмкін бе?

7.(екеуінің де Т.А.Ә.) ерлі-зайыптылар(Т.А.Ә.) баланың биологиялық ата-аналары болуы мүмкін бе?

8. Парафин блогына салынған тіндер(Т.А.Ә.) тиесілі болуы мүмкін бе?

9. (табылған жер көрсетіледі) табылған шаш(Т.А.Ә) тиесілі ме, әлде басқа адамға ма?

10. Одан әрі сәйкестендіру мақсатында..... (табылған жер көрсетіледі) табылған адамның генетикалық бейінін анықтау керек (егер туыстарының салыстырмалы қан үлгілері болмаса).

Ескертпе: Зерттеу үшін қаулыда туыстық дәрежесін көрсете отырып, жәбірленушінің ата-анасының, балаларының, басқа туыстарының қан үлгілерін береді.

11. Ұсынылған киім бұйымдарында күдікті (жәбірленуші)....(Т.А.Ә.) тиесілі биологиялық материал бар ма?

Ескертпе: Зерттеу үшін адам денесімен ұзақ байланыста болған (түйіскен) киімдері берілуі мүмкін (бас киім, жатарда киетін іш көйлегі, іш киімі және басқалары).

Сот-генетикалық зерттеуге келесі заттарды жіберген орынды:

- тырнақ астына жиналған нәрселер
- сүйек қалдықтары
- мүшеқаптар, жұғынды іздер

Қалған жағдайларда, қажет болса сот-биологиялық сараптамадан кейін сот-генетикалық сараптама жүргізіледі.

Әдетте, заттай айғақтар бастапқы сот-биологиялық сараптамаға жіберіледі, сараптаманың көздейтін мақсаты:

- қандар немесе жұғындылардың іздерін іздеу, түрін, тобын анықтау және іс бойынша өтетін адамдардың үлгілерімен салыстыру
- қанға ұқсас микроіздерді белгілеу
- қылмыскері анықталмаған жыныстық қылмыстарда адамнан шыққан бөлінділерді табу, сарапшылар жұмысының одан арғы қимылын анықтайтын олардың мөлшерін анықтау:

1. микроіздер: ДНК-талдау – тобы

2. материал жеткілікті болса: тобы – ДНК-талдау

- іздің 50% аспайтын бөлігін жұмсап, темекі қалдықтарында сілекейдің бар болуын және тобын анықтау

- шаштарды морфологиялық зерттеу, қай топ қатарына жататынын анықтау, ұқсастық сараптамасын жүргізу және ДНК-талдау үшін жарамды буылтықтарды іздеу.

3 ТАРАУ

Заттай айғақтарға химиялық-токсикологиялық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар

А) Тірі адамдардан үлгілер алу мерзімі. Этил спирті мен басқа есірткі, психотропты және басқа уытты заттардың адам ағзасындағы кинетикасын ескере отырып (биологиялық сұйықтықтарға сіңуі, таралуы және бөліну жылдамдығы) биологиялық сұйықтықтардың үлгілерін **3 сағаттан аспайтын мерзімде алуға кеңес беріледі.**

Б) Алкогольді (этиль спиртін) қабылдау фактісін анықтау мақсатында химиялық-токсикологиялық сараптама тағайындау үшін қажетті үлгілер.

Жалпы талаптар.

1. Үлгі алу медициналық мекемелерде жүргізіледі.

2. Талдау үшін қан немесе плазма, несеп (міндетті түрде) әрбір үлгі үшін 5 мл-ден кем емес мөлшерде беріледі.

Тоңазытқышта 0-4°C температурасында сақтау керек. Зертханаға жеткізу барынша жылдам қамтамасыз етілуі керек.

Объектілер сотқа дейінгі тергеп-тергеуді жүргізушінің, үлгілерді алушының және тартылған болса куәгерлердің қолдарымен расталған, мөрленген түрінде қабылданады. Қойылған белгілерде келесі ақпарат болу керек: биологиялық материалдар алынған тірі немесе қайтыс болған адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса), объектілердің атауы, үлгілерді алған күні (уақыты).

Ескертпе: Күмәнді қорытынды алынғанда, сондай-ақ куәландырушының бастапқы зерттеу қорытындыларымен келіспеуі жағдайдарында қайталама зерттеу жүргізу үшін үлгілер жүргізілген медициналық куәландырудан кейін наркологиялық және басқа медициналық мекемелерден қайтарып алынуы мүмкін.

Медициналық көмек (оның ішінде жедел жәрдем көмегін) алған адамдардан үлгілер алған жағдайда медициналық құжаттамасының түпнұсқасын немесе бекітілген көшірмесі қажет.

В) Есірткі және басқа психотроптық заттарды қабылдау фактісін анықтау мақсатында химиялық-токсикологиялық сараптама тағайындау үшін қажетті үлгілер.

Жалпы талаптар.

1. Үлгі алу медициналық мекемелерде жүргізіледі.

2. Талдауға 10 мл кем емес мөлшерде қан немесе плазма, несеп (міндетті түрде) барынша мүмкін мол мөлшерде, қосымша қолынан, бетінен, ауыз қуысынан (шайып) алынған үлгілер, сілекей және шаштарының үлгілері беріледі.

Тоңазытқышта қатырылған күйінде сақтау керек. Зертханаға жеткізу барынша жылдам қамтамасыз етілуі керек.

Ескертпе: Медициналық көмек (оның ішінде жедел жәрдем көмегін) алған адамдардан үлгілер алған жағдайда медициналық құжаттамасының түпнұсқасын немесе бекітілген көшірмесі және екен дәрілік препараттардың үлгісі қажет.

Оқиға орнынан алынған биологиялық емес тектегі объектілер де ұсынылуы мүмкін.

Олардың қатарына мыналар жатады: оқиға болған жерде жедел-тергеу жұмыскерлерімен, жедел жәрдем дәрігерлерімен немесе жәбірленушінің туыстарымен табылған сұйықтықтың қалдығы бар шприцтер, есірткі және басқа психоактивті заттарды қолдан әзірлеп өндіруге арналған ыдыс (кәстрөлдер, қасықтар, буын шығаратын тостағандар және т.б.), ұнтақтар, дәрілер, ампуладағы ерітінділер, өсімдік шикізаты және басқа үлгілер.

Г) Улану нышандары бар тірі адамдардың қан үлгілерін анықтау мақсатында химиялық-токсикологиялық сараптаманы тағайындау үшін қажетті үлгілер (түрлі себептермен жаппай улану).

1. Үлгі алу медициналық мекемелерде жүргізіледі.

2. Талдауға 10 мл кем емес мөлшерде қан немесе плазма, несеп (міндетті түрде) барынша мүмкін мол мөлшерде, қосымша қолынан, бетінен, ауыз қуысынан (шайып) алынған үлгілер, сілекей және шаштарының үлгілері беріледі.

Тоңазытқышта қатырылған күйінде сақтау керек. Зертханаға жеткізу барынша жылдам қамтамасыз етілуі керек.

Ескертпе: Медициналық көмек (оның ішінде жедел жәрдем көмегін) алған адамдардан үлгілер алған жағдайда медициналық құжаттамасының көшірмесі және еккен дәрілік препараттардың үлгісі қажет.

Оқиға орнынан алынған биологиялық емес тектегі объектілер де ұсынылуы мүмкін.

Д) Химиялық-токсикологиялық сараптаманы тағайындау кезіндегі құжаттар.

1. Химиялық-токсикологиялық (қосымша немесе қайталама) сараптаманы тағайындау туралы қаулы.

2. Үлгілерді алу уақыты көрсетілген және куәгерлердің қолымен расталған үлгілерді алу хаттамасы. Тірі адамнан үлгілер алынған кезде куәландырушының (денсаулық жағдайына қарай) қолы.

3. Медициналық мекемелерден үлгілер алынған жағдайда куәгерлердің және куәландырушының (денсаулық жағдайына қарай) қолымен расталған үлгілерді алу хаттамасы.

4. Эксгумациялау және мәйіттен сойып алу жолымен алынған үлгілер қапталған, мөрленген түрінде және химиялық-токсикологиялық сараптама тағайындау туралы қаулы мен үлгілерді алу хаттамасы

болған жағдайда үлгілерді алған адамның қолымен расталған күйінде қабылданады (ҚР ҚПК 265 бабына сәйкес).

5. Медициналық көмек (оның ішінде жедел жәрдем көмегін) алған адамдардан үлгілер алған жағдайда медициналық құжаттамасының көшірмесі және екен дәрілік препараттардың үлгісі қажет.

